Именно компетенция практического психолога позволяет своевременно фиксировать качественные изменения в психическом развитии учащихся, знать их возрастные и индивидуальные особенности и помогать педагогическому коллективу школы максимально эффективно использовать средства и методы учебно-воспитательной работы. Однако значение психологической службы нельзя оценивать только с позиций применения психологических знаний в практике. Она имеет прямое отношение к дальнейшему прогрессу самой психологии: в практической деятельности психологов открываются широкие возможности проверки адекватности ее теории и методов на практике. Не случайно Л.С. Выготский писал, что «психология, которая призвана практикой подтвердить истинность своего мышления, которая стремится не столько объяснить психику, сколько понять ее и овладеть ею, ставит в принципиально иное отношение практические дисциплины во всем строе науки, чем прежняя психология. Там практика была колонией теории, во всем зависимой от метрополии; теория от практики не зависела нисколько, практика была выводом, приложением, вообще выходом за пределы науки... Теперь положение обратное; практика входит в глубочайшие основы научной операции и перестраивает ее с начала до конца; практика выдвигает постановку задач» [9].

Психологические кабинеты при районных, областных, городских (в зависимости от структуры органов управления образованием в конкретном регионе) сосредоточивают свою деятельность на ведении непосредственной работе с психологами образовательных учреждений, контроле и организации их деятельности, оказании методической и иной профессиональной помощи.

Центр психологической службы образования — головная организация, которая руководит деятельностью психологов, работающих в образовательных учреждениях, психологических кабинетах, и специалистов всех психологических служб определенного региона. Центр отвечает за научно-методическое и научно-организационное обеспечение этих служб, за профессиональный уровень психологов, работающих в данных службах. В такие организации обращаются родители, педагоги, другие работники народного образования. Работа психолога – педагогической службы направлена на выявление индивидуальных особенностей, определение причин



нарушения в воспитании и обучении и преодолении этих отклонений в развитии и поведении ребенка, профилактике нежелательных негативных тенденций умственного и личностного развития. Исходным принципом для достижения целей и задач коррекции, а также их способов достижения является принцип единства диагностики и коррекции развития.

Необходимо помнить, что психологическая коррекция осуществляется только в тех случаях, когда отклонения и нарушения не являются следствием органического отклонения и нарушения не являются следствием органического поражения центральной нервной системы или психического заболевания. Задачами психологической коррекции прежде всего являются: коррекция отклонений в развитии на основе создания оптимальных возможностей и условий для развития личностного и интеллектуального потенциала детей и профилактика нежелательных, не готовых тенденций личностного и интеллектуального развития.

Эльконин Д.Б. выделил две формы коррекции:

1. Симптоматическая – направленная на симптомы отклонений в развитии человека.

2. Коррекционная направленность на источники и причины отклонений в развитии человека [10].

Содержание психопрофилактической работы можно отразить в последующих утверждениях:

1. Разработка и реализация развивающих программ для детей разного возраста.

2. Выявление таких психологических особенностей, которые в дальнейшем могут привести к определенным сложностям.

3. Контроль за соблюдением в учебных заведениях условий обучения и воспитания, необходимых для развития и формирования личности ребёнка.

4. Подготовка детей к позиции школьника.

5. Создание конструктивного общения.

В психопрофилактике инициатива целиком и полностью исходит от самого психолога. Можем сказать, что здесь мы наблюдаем самозапрос в чистом виде. Психолог сам предусматривает на основе своих знаний то, о чем можно предупредить, что можно изменить, посоветовать, чтобы создать благоприятные условия для обучения и воспитания детей. Здесь он хозяин положения.

В заключении можно еще раз подчеркнуть, что при разработке учебно-воспитательных задач руководящие органы народного образования часто лишь декларируют развитие личности учащихся, но оценку деятельности школы и сейчас производят без учета психологических характеристик школьников, уровня их психического развития. Традиционные педагогические подходы, нивелирующие личность, противопоставляющие коллектив и ее интересы, общественное индивидуальное привели к разрыву между официальными институтами воспитания и неформальными структурами, ускорили движение общества к бездуховности, безнравственности. Это связано с тем, что длительное время система функционировала без ориентации на личность и индивидуальные особенности обучающегося и воспитывающегося. Этим обусловлены развитие психологической службы в стране, направленной на эффективное обеспечение интеллектуального и нравственного развития ребенка с учетом его возрастных, психофизиологических и гендерных особенностей.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Дубровина И.В., Борисова Е.М., Прихожан А.М. Модель развития школьной психологической службы в США//Детский практический психолог. 1994.-Январь.-с.5-13.

2. Дубровина И.В. Школьная психологическая служба: Вопросы теории и практики. М.: Педагогика, 1991. - 232с.
3. Зимняя И.А. Педагогическая психология. Ростов-на-Дону: Феникс, 1997. - 480с.
4. Дубровина И.В. Психологическое здоровье детей как цель и показатель эффективности практической психологии образования. // Сборник тезисов Всероссийской конференции «Практическая психология в школе (цели и средства)». СПб: ГП «Иматон», 1996 – 128с.
5. Леонтьев А. Н. Деятельность. Сознание. Личность. — М., 1977.
6. Рубинштейн С. Л. Принципы и пути развития психологии. — М., 1959.
7. Венгер Л. А. О путях изучения генезиса сенсорных способностей // Генезис сенсорных способностей. — М., 1976.
8. Дубровина И.В. Предмет и задачи школьной психологической службы // Вопросы психологии 1988. - №5. - с.47-54.
9. Выготский Л.С. Собрание сочинений: в 6 томах. Т.1. М., 1982
10. Эльконин Д.Б. К проблеме периодизации психического развития в детском возрасте // Вопросы психологии, 1971. - №4

### **ӘОЖ 317**

## **ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМУМАҒАН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Дүйсембінова Р.Қ. – п.ғ.д., профессор**

**Азанбекова Г.Т. - оқытушы**

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы*

*Мақала жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастырудың кейбір мәселелеріне арналған. Сөйлеу тілінде кемістігі бар балалардың коммуникативтік құзіреттілігін дамыту мүмкіндіктері қарастырылды.*

*Статья посвящена проблемам формирования коммуникативной компетентности детей дошкольников с общим недоразвитием речи. Рассматриваются возможности развития коммуникативной компетентности детей с нарушением речи.*

*The article devote for problems development communications competition children and child under school with general undeveloped speech. Consider possibilityies develop communications competition children with breach speech.*

*Түйін сөздер: Құзіреттілік, коммуникативтік құзіреттілік, коммуникативтік мәдениет, білім беру модернизациясы.*

Қазіргі қоғамдағы инновациялық үрдістердің, әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірдің белсенділігі мектепке дейінгі балаларды жеке тұлға етіп қалыптастыруда, олардың жан-жақты дамуы мен әлеуметтік бейімделуіне көмек көрсетудің жана жолдарын қарастыруды талап етуде. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Мектепке дейінгі оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқудың, жазудың, есептеудің тілдік қатынас тәжірибесінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады және бастауыш білім беруді менгеру үшін бірдей бастапқы жағдайларды көздейді» деліген[1]. Осыған орай қазіргі жаңашыл кезеңде білім беру модернизациясы мектепке дейінгі мекемелердің оқу-тәрбие үрдістерінің негізгі тиімді өлшемдерінің бірі, тұлғаның танымдық және коммуникативтік қабілетін дамыту, педагогикалық үрдісте коммуникативтік құзіреттілігі дамыған қатысушыларын тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі бала ортаға жеңіл бейімделетін, қарым-қатынасқа түсе алатын және білімді болуы үшін коммуникативтік іскерлікті ғана емес, коммуникативтік мәдениетті де меңгеруі қажет. Коммуникативтік іскерліктің жеткіліксіздігі, сөйлеу енjarлығы еркін қарым-қатынасқа түсуін тежеп, ол өз кезегінде тұлғаның танымдық және коммуникативтік қабілетінің дамуына, сөздік-ойлау қабілетінің дамуына, кедергі келтіріп, білім алуға және мектепке дейінгі тәртібіне қолайсыздық әкеледі.

Құзіреттілік бүгінгі күні білім берудегі инновациялық үрдістерді кейіптейді және көптеген дамыған елдердегі білім беру стандартының жалпы тұжырымымен сәйкес келеді, яғни білім беру мазмұнын құрастырумен, оның саласын қадағалау жүйесі – құзіреттілік жүйесімен тікелей байланысты[3]. Соңғы жылдары білім беру теориясы мен тәжірибесінде құзіреттілікке келудің енгізілуіне байланысты, құзіреттілік және оны қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр. Дамыған елдердің оқу жүйесінде кеңінен қолдана бастаған «құзіреттілік», «құзірет» терминдері жаңа білім стандарты ұстанған басты бағыт ретінде еліміздің білім беру жүйесіне ене бастады. Құзіреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» сияқты ұғымдарды қамтиды. Құзіреттілік – бұл алған білімдері мен біліктіліктерін іс-жүзінде, күнделікті өмірде практикалық және теориялық мәселелерді қолдана алу қабілеттілігі[3]. Жалпы құзіреттілік мәселесін қарастыруға Ресейлік зерттеушілер Л.П.Алексеев, В.К.Загвоздкин, И.А.Зимняя, Д.А.Иванов, А.К.Каспржак, Н.С.Кузьмина, А.К.Маркова, Л.М.Митина, Л.А.Петровская, Н.С.Шаблыгина, шет елдік зерттеушілер Дж.Берч, Ш.Дерн, Дж.Каллаган, Н.Хомский Х.-Г.Хофман, Bachman, Steinberg үлес қосты.

Коммуникативтік құзіреттілік мәселесінің мынадай аспектілері: коммуникативтік құзіреттілік құрылымы және мәні (О.А.Анисимова, Н.Н.Богомолова, И.В.Гришняяева, С.И.Дубов, Ю.Н.Емельянов, А.М.Еропкин, Т.А.Кривченко, Б.Д.Парыгин, Т.И.Шульгина), коммуникативтік құзіреттіліктің ерекшелігі (А.А.Бодалев, В.И.Загвязинский, М.С.Каган, В.И.Кашницкая, И.Д.Ладанов), мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру ерекшелігі (А.В.Воронова, Б.М.Гриншпун, О.В.Заширинская, Т.А.Нилова, О.С.Павлова, В.И.Селиверстов, М.Шипицына, Н.М.Юрьева) сияқты ерекше аспектілері мамандармен қарастырылды. Коммуникативтік іскерлік қалыптасуының басқада аспектілерін (Е.В.Коблянская, И.В.Лабутова, А.Максимова) психологиялық жағынан, (Л.А.Аухадеева, Е.Е.Боровкова, М.Е.Дашкин, Ю.Н.Емельянов, И.А.Алексеев, В.А.Сонин, В.Н.Снетков, Е.С.Яхонтова, Л.В.Куликова) коммуникативтік қабілеттің дамуы және қалыптасу мәселелерін қарастырды.

Коммуникативтік құзіреттілік үрдісінің дамуына сөйлеу тіліндегі кемістігі кері әсерін тигізбей қоймайды. Сөйлеу тілінің дұрыс дамымауы қарым-қатынасқа түсуді төмендетіп, психикалық ерекшеліктердің пайда болуына әкеліп, сөйлеу тілінде айрықша сипаттар туғызады. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы кезінде жеке психикалық функциялардың жетілмеуі, көңіл-күй тұрақсыздығы қарым-қатынастың тұрақты бұзылуына әкеліп, балалардың коммуникативтік құзіреттіліктің дамуына мүмкіндік бермейді және қиындатады. Сөйлеу тілі дамуында кемістігі бар балаларды (З.Е.Агранович, А.Г.Арушанова, Л.И.Белякова, О.Е.Грибова, Л.И.Айдарова, Ж.В.Антипова, И.Т.Власенко, Д.Б.Ельконин, Ю.Ф.Гаркуша, Р.И.Лалаева), осы балалармен жұмыстың адекватты тәсілдерін (Т.В.Ахутина, В.П.Глухов, Н.С.Жукова, Л.А.Петровская, П.В.Растенникова), жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың коммуникативтік құзіреттілігін (О.В.Дзюба, О.С.Павлова, Е.Г.Федосеева, Б.М.Гриншпун) қарастырған.

Зерттеулерге сүйенетін болсақ, жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік құзіреттілігі білім, білік және іскерліктердің жиынтығы деп қарастырып, коммуникативтік үрдістерін тиімді өтуін қамтамасыз ету (сөйлеу дағдысын меңгеру, коммуникативтік әрекеттерді интерпретациялау, қабылдау, бағалау,



қарым - қатынас жағдайын жоспарлау), мотивациялық сфераға әсер етіп, сөйлеу бұзылысының ерекшелігін есепке алып, (тұлғалық нұсқауын және құндылықты бағдарлауын өзгерту, коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру), сонымен қатар мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік тәртібін және түзету құралын реттеу ережесі[4].

Қазіргі күнде психолого-педагогикалық ғылымда коммуникативтік құзіреттілікті түсінудің бірізді жүйесі жоқ, соның ішінде жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік құзіреттілігі, өйткені: біріншіден, бар дүниелер, коммуникативтік құзіреттіліктің кейбір аспектілерін шешуге ғана қатысады; екіншіден, осы күнге дейін ғылымда да, тәжірибиеде де жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік құзіреттілігінің әр түрлерін меңгеру және қолдануына, көптеген жағдайларға келетін күнделікті қарым-қатынасқа жеткілікті көңіл бөлінген жоқ. Мектепке дейінгі кезде коммуникативтік құзіреттілік маңызды бола отырып, қалыптаспай қалған күні, баланың орта және құрдастарымен әлеуметтік белсенділігін қиындатады. Коммуникативтік құзіреттілік мектепке дейінгі жаста өзінің дамуын бастайтын күрделі, көп компонентті білім беру болып табылады. Осыған орай жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру көкейтесті болып отыр. Мектепке дейінгі жастағы баланың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру дегеніміз - ортамен қатынасқа түсетін қалауын анықтайтын, қатынасты ұйымдастыра алатын, әңгімелесушіні тындайтын, көңіл-күй жағдайын бөлісетін, эмпатия білдіре алатын, конфликт жағдайын шешетін, сөзді қолданатын, ортамен қарым-қатынасқа түсетін, және оларға ілесе алатын қажеттілігін қалыптастыру болып табылады. Мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік құзіреттілігін дамыту шарттары мыналар: баланың әлеуметтік әрекетінің дамуы; ересектермен және құрдастармен қарым-қатынасқа түсу қажеттілігінің қалыптасуы; бірлескен әрекеті (ойын әрекеті) және оқыту (ойын әрекеті негізінде); баланың жақын аймағын дамыту болып табылады[4].

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың мынадай ерекшеліктерін ажыратуға болады: фонетика, грамматика және лексиканың жеткіліксіз дамуы; жалпылау ұғымдарын қолдану және түсінуінің нақты еместігі; сөз қорының таяздығы, буын құрылымы күрделі сөз және сөйлемдерді айтуының қиындығы; дыбыстарды естіп ажыратуының ерекшеліктері; сөйлеу белсенділігінің қиындығы және өз кемістігіне критиканың жеткіліксіздігі; фонематикалық қабылдаудың бұзылуы; коммуникативтік функцияның бұзылуында қарым-қатынас қажеттілігінің төмендігі; коммуникация құралының қалыптаспауы (диалогиялық және монологиялық сөйлеудің), қарым-қатынасқа қызығушылықтың болмауы, қарым-қатынас жағдайын бағдарлай алмауы және негативизм[4,5].

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік құзіреттілігі күрделі, көпфакторлы құрылыс болғанымен, біртұтас құбылыс болып табылады. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік әрекетінің нәтижесі, оған енетін барлық компоненттердің әсер етуімен қамтамасыз етіледі.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік құзіреттілігі уақытта және кеңістікте дамиды және әлеуметтік жағдайларға, жас және жынысына, баланың ішкі ерекшелігіне, заттық-тәжірибелік әрекетін, оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылуын, қарым-қатынас кеңістік ерекшелігіне негізделеді. Оның тәрбиелік құндылығы мазмұндық жағына, адамгершілік бағыттылығына, қарым-қатынас өрісінің кеңдігіне, оның құрылымына, коммуникативтік іскерліктің жан-жақтылығымен иілгіштігіне байланысты [5].

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған үшінші деңгейіндегі балалардың сөйлеу дамуының жеткіліксіздігін (фонематикалық және сөздік) түзетуге және дамытуға болады. Бірақ

бұл басқа коммуникативтік қарым-қатынасқа түсу, белсенділік, мейірімділік қарым-қатынастың вербальды емес құралын қолдану сияқты дағдыларын дамытуға қарағанда өте баяу темпен дамиды. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік құзіреттілігін дамытуда аталған мәселелер өз бетімен жойылмайды. Оларды түзету үшін жан-жақты және жекелей келе отырып, оптималды даму ортасын құру және баланың ерекшеліктерімен бірлескен әрекетіне еніп, арнайы ұйымдастырылған жұмысты талап етеді.

Коммуникативтік жүйенің барлық компоненттерін сөйлеу құралының жүйесін түзету, көңіл-күй, ерік-жігер таным сферасына мүмкіндігінше түзете-дамыта әсер етуді қамтамасыз етіп, балалардың мүмкіндігін және ерекшелігін есепке ала отырып, оқыту бағдарламасын құрастыруды көздейді (жеке оқу бағдарламасын құру; әдістемелік тәсілдердің стандартты болмауы), әр балаға сай дидактикалық материалдарды іріктеу (мазмұнына, санына, меңгеру темпіне қарай), түзету сабақтарын жекелей ұйымдастыру.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік құзіреттілігін дамыту жүйесіне: іріктелген диагностикалық құралы (байланыстырып сөйлеуін дамыту, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, әңгімелесуге ынтамен кірісу, сөйлеу әрекетінің вербальды-логикалық компоненттерін дамыту, сенсомоторлы белсенділігін реттеу, баланың тілдік компонентін және сөйлеуін қалыптастыру); жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік құзіреттілігін дамытудың кешенді бағдарламасы (сөйлеу тілін дамыту, коммуникативтік дағдылардың әртүрлі құралдарымен таныстыру) коммуникативтің әртүрлі жағдайларында әрекет ету технологиясын өңдеу; коммуникативтік дағдыларды меңгеруде өзбетімен болу, коммуникацияға дайындықты дамыту, коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру. Сонымен қатар жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік құзіреттілігін дамытуда педагогтың ата-аналармен бағытталған жұмысы (мектепке дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың отбасын анықтау, мектепке дейінгі мекеменің дамушылық сабақтарына ата-аналарды белсенді қатысуға жұмылдыру, балалардың коммуникативтік құзіреттілігін дамытуда отбасы тәжірбиесін анықтау, мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік әрекетін ұйымдастыру жұмысымен ата-аналарды таныстыру) кіреді[5].

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру жұмыстарын жүргізу нәтижесінде барлық параметрлерінде өзгерістерді байқауға болатыны анықталған. Балалардың сөйлеу белсенділігі жоғарылайды; қарым-қатынастың тілдік емес құралдарын белсенді қолданады, балалардың қарым-қатынас сөйлеу құралдарын қолдануы түрленеді, қарым-қатынаста тілдік және вербальды емес құрамы жетілдіріледі; баланың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасының маңыздылығы артады, тұлғалық сапасы дамиды, коммуникативтік мәдениет деңгейі өседі; қарым-қатынастағы негативті көріністердің төмендеуі байқалады (жанжалдасу және агрессивтілігі), ересектермен және құрдастарымен әлеуметтік өзара әрекет ету кезінде жағымды жақтары қалыптасады[8].

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру үшін мынандай педагогикалық жағдайлар жиынтығы арқасында жүзеге асырылады:

- Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік құзіреттілігін дамыту педагогикалық мақсат сапасында ұсынылады;
- Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік құзіреттілігін дамыту педагогпен баланың сөйлеу кемістігінің деңгейін және оның көріну ерекшелігін есепке ала отырып, бірлескен әрекетін ұйымдастыру;
- Мектепке дейінгі мекеме педагогикалық үрдісте жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік құзіреттілігін дамыту жұмыс жүйесін,



сонымен қатар осы үрдісті түзету мақсатында дамуын бақылауды қамтамасыз ететін диагностикалық құрал құрастыру.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, - Астана 2007.
2. Зимняя И.А. Компетентный подход в образовании (методолого-теоретический аспект). / В сб: Проблемы качества образования. Материалы XIV Всероссийского совещания Книга 2 – М., - 12 б.
3. Асқарова М.А. Қазез Е. Болашақ математика мұғалімінің кәсіптік қабілетін қалыптастырудың кейбір мәселелері, - Педагогика және психология №2, 2013 2б.
4. Дзюба О.В. Развитие коммуникативной компетентности детей дошкольников с общим недоразвитием речи: Дис. канд.пед.наук. М., 2009
5. Федосеева Е.Г. Формирование коммуникативных умений у детей старшего дошкольного возраста с общим недоразвитием речи: Дис. канд. пед. наук. -М., 1999.
6. Гриншпун Б.М., Селиверстов В. И. Развитие коммуникативных умений у дошкольников в процессе логопедической работы над связной речью //Селиверстов В.И. Речевые игры с детьми. М., 1994. 11-16б
7. Жукова Н.С., Мастюкова Е.М., Филочева Т.Е. Логопедия. Преодоление общего недоразвития речи у дошкольников. М.,1990. -238б
8. Павлова О.С. Нарушение коммуникативного акта у детей с общим недоразвитием речи //Психолингвистика и современная логопедия. -М., 1997.-210-227б

**ӘОЖ 822.159.9**

#### СТРЕСС ҰҒЫМЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Ибадилаева А.Б.**, магистрант

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.д., профессор **Наубаева Х.Т.**

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы,*

[Aliya.ibadilaeva@mail.ru](mailto:Aliya.ibadilaeva@mail.ru)

*Бұл мақалада қазіргі уақытта жиі кездесетін жағдайдың бірі стресс туралы қарастырылған. Стрестен шығу жолдары туралы бағыт берілген. Сонымен қатар біздің өмірімізде жиі кездесетін жағымсыз күйлерге алдын – алу шаралары ұсынылған.*

*В данной статье повествуется о том, что стресс на сегодняшний день является часто встречающимся явлением. Одним из выходов из стресса является верное направление. Также в статье даны методы прогнозирования часто неприятных жизненных ситуаций.*

*This article focuses on one of the actual problems stress, that every day phenomenon. And this article describes faithfulness issuance from stressful situation and methods of forecast unpleasant vital situation.*

**Кілт сөздер:** *диагностика, психосоматика, стрессор, инертті, интеллектуализация, арт-терапия, психоматика, фитoadаптоген*

Қазіргі уақытта әлем бойынша көптеген адамдар стресс қалпына түседі. Бұл олардың әр түрлі өмірлік мәселелерінің негізінде пайда болатын жағымсыз эмоциялармен байланысты болады. Адамда стресс әр түрлі себептерден пайда болуы мүмкін: отбасындағы қолайсыз жағдайлар, жұмысындағы қиындықтар, жаңа ортаға бейімделу мәселесі, адамның келеңсіз жағдайға түсіп қалуы, т.б. Менің ойымша, стресс адамның жас ерекшелігіне байланысты да әр түрлі болады: мысалы, балаларда мектептегі сабақ үлгерімінің нашар болуына байланысты ата-анасынан қорқуы немесе

жаңа ортаға толық бейімделе алмауы стресске әкеледі. Студенттерде стресс емтихан тапсыру уақытында жиі кездеседі. Адам үнемі стресс қалыпында жүрсе, онда бұл психосоматикалық ауруларға әкелуі мүмкін. Осыған байланысты психология саласында стресс жағдайын, оның түрлерін анықтауға байланысты және адамның мінез-құлқының ерекшеліктерін ескере отырып, стрессті жеңуге бағытталған зерттеулер жүргізіліп келеді.

Соңғы кездері психоматикалық аурулардың жиілеп бара жатқаны байқалады. Ресей ғалымдарының зерттеуінше, 1941-1945 жылдары екінші әлем соғысында қоршауда қалған Ленинград қаласы тұрғындарының арасында ауыр эмоциялық стрестен аурушандық кең етек алғандығы көпшілікке мәлім. Ал соңғы қайта құру жылдарында халық арасында аурушандық одан да көбейгені анықталып отыр. Оның себебі неде? Бұл сұраққа ғалымдар қазіргі адамдардың нарық заңдылықтары дәрменсіздігінен, бейшаралығынан, амалсыздығынан, болашаққа сенімі жоғалуынан, ауыр мәселелерді шеше алмай, тығырыққа тірелуден деп жауап қайтарады [1].

Осы көзқарасты талдай отырып әбден келісуге болады. Сонымен қатар, бұл ерекше жағдайлардың әсерінен адам организмінің дәрменсізденуі, яғни, кенеттен туындаған шытырман жағдайларда пайда болатын психикалық күйдің қозуы деп қарастырылады. Адам стресті ұзақ уақыт бойы сезбейді. Демек, біз осыған қарай отырып, соғыс кезінде оның жеңіспен аяқталатынына адамдарда үміт болды, олар ертеңгі күнге белгілі бір сеніммен қарады. Ал, қазіргі заманда адамдарды үмітсіздік билеп алған, сенімі жойылған.

Адам денсаулығы туралы Өтебойдақ бабамыз «атпалы ұшық» жүрек мидың сырқаттарын туындатады деп түсінген. Бірақ, ол кезде дерттердің аңғарымдық мүмкіншіліктері қазіргіден төмен болғандықтан, жан-дүниелік ауыртпалықтардан дамиды дерттердің көріністерін тек соңғы сатыларында, адамның жүйкесі әбден тозғанда ғана байқайды екен. Біз оны зерттеушінің мынадай айтып өткен тұжырымынан түсінуімізге болады: «Серейлік ықпалдар ұшықтық тек адамзатты сезгір ой, сезімтал көңіл, теңіздей толғамдық естік жалғамның тоғалылығының бұзылуына ғана көз көргелік бермек». Бұл сойлемнен біз жан дүниелік ауыртпалықтарға әр адам әр түрлі жауап қайтаратынын түсінеміз. Ол ойы олқы, көңілі жарым, көңіл-күйі қатты толқып тұратын адамдарда ақыл-есінің бұзылуына дейін әкелетін дерттер болуы ықтимал дейді. Бүгінгі таңда бұл туралы қазіргі ғалымдардың айтқан көзқарастары өте көп.

Осы тақырып аясында кең ауқымды қарастырған барімізге белгілі 30-50 жылдары канадалық ғалым Ганс Селье стрестің биологиялық теориясын жасады. Ол стрестің 3 кезеңін бөліп көрсетті: 1) кезең мазасыздық кезеңі – ағзада зақымдану және бүліну процесі басым болады. Бұл артериялық қысым мен дене температурасының төмендеуінен, тамырлар мен жасушалы қабаттардың өзгергіштігінің артуынан, қанның қоюлануынан, қанда эозинофильдер мен лимфоциттердің төмендеуінен көрінеді. 2) қарсылық көрсету - ағзаның қорғаныс күштері жинақталып, стрессорға қарсылық көрсету өсе түседі. Бұл кезеңнің екі фазасы бар: ауыр және созылмалы. Ауыр фаза – қан қысымының, дене температурасының, қант пен хлориданың қандығы құрамының артуымен, қанның сұйылуымен сипатталады, яғни, бүйрек үсті бездері қыртысының көлемі өсе түседі. Егер стрессор бүйрек үсті бездері қыртысының атофиясын тудыратындай сонша күшті бомаса, ауыр фаза созылмалы фазаға ауысады. 3) Жүйке жүйесінің ширығу кезеңі – ағзаның барлық қорғану процестерінің әлсіреуімен сипатталады, сондықтан клиникалық жағынан алғанда бірінші кезеңге ұқсай бастайды. Қолайсыз жағдайларда бұл кезең қазамен аяқталады. Сонымен қатар, Ганс Сельенің зерттеуі бойынша стрестің белгілері:

- Адам стресті ұзақ уақыт бойы сезбейді;
- Стресс-бұл адамның динамикалыққа ие ішкі қысымы;



- Стресс жағдайында адам оның ағзадағы локализациясын анықтай алмайды;
- Егер тудыратын себебі көп болған жағдайда, стресс созылмалыға айналуы мүмкін;
- Стресс адамның функционалды психофизикалық жағдайында көрінеді; - деп түсінік берген. Бірақ, осы жайыттарға адамдар мән бермей, ары қарай асқындырып алып жатады. Алайда, Г.Селье стреспен күресудің келесі құрамын ұсынды: салауатты өмір салты, позитивті ойлау, стресті фармакологиялық түзету, яғни фитоадаптогендерді қолдану, белсенді өмірлік бекіту позициясы, белсенді өмірлік бекіту позициясы, ертеңгілік дене шынықтыру. Г.Селье Кеннон теориясын толықтыра отырып, стрессті психология мен медицинадағы негізгі түсініктердің біріне айналдырады [2].

Ғалымдар қазіргі адамдарға «стресстік қоршауда» қалып қоймас үшін өздерінің әдіс-тәсілдерін талмай шығаруда. Осыған орай Ю.В.Щербатых өзінің еңбектерінде кәсіби стресске толық сипаттама бере отырып, оны бірнеше түрлерге бөдген: оқу стрессі, медициналық қызметкердің стрессі, басқарушының стрессі, спорттық стресс. Автор өндірістік стресстің себептерін және кәсіби шаршау феноменін талдап көрсеткен. Автордың пікірі бойынша стресстің кәсіби себептері іскерліктер мен дағдылардың, білімдердің жетіспеушілігімен сипатталады және кейбір жағдайларда адамның денсаулығымен байланысты. Әр түрлі мекемелер мен кәсіп орындардағы қызметкерлердің көптеген мәселелері жұмыс нәтижелілігі мен табысты болуына, сонымен қатар, денсаулығына әсер ететін көптеген мәселелердің себебі психологиялық стрессте болады. Осыған байланысты стресс жұмыстағы негізгі міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Жұмыстағы стресстің пайда болуына келесі факторлар әсер етеді: белгілі бір уақыт мерзімінде бітіретін өте көп немесе өте аз жұмыс жүктемесі, жұмыскерге нақты талаптар қойылмаған жағдайда, қызығушылық тудырмайтын жұмыс және жұмыс орнының қолайсыз жағдайлары.

Тұлғалық стресстің себептері адамның өзін-өзі төмен бағалауымен, өз-өзіне сенімсіздікпен, алдағы сәтсіздіктерден қорқумен, өзінің болашағына сенбеумен байланысты болады. Қазіргі зерттеулерде адамның психологиялық және физиологиялық өмір деңгейіне әсер ететін стресстің бірнеше түрлері бар. Психология саласындағы шетелдік зерттеуші Nutt D.L. мазасызданудың қалыптасуында маңызды роль атқаратын төрт компонентті бөліп көрсетеді: көңіл-күй, адамның когнитивтік аумағы (жағымсыз эмоцияларды еске алу, болашағына сенбеу), физиологиялық көріністер, (тахикардия, терлеу, тремор), жүріс-тұрыс реакциялары. Ал, биология ғылымдарының докторы Ю.В.Щербатыхтың пікірі бойынша стресстің адам мінез-құлқындағы көріністерін төрт топқа бөлуге болады: өмір салтының өзгеруі, кәсіби қателіктер, психомоториканың бұзылуы, әлеуметтік-рөлдік функциялардың бұзылулары. Психомоториканың бұзылуы былай байқалады: бұлшық еттердің шектен тыс қысымда болуы, қолдың дірілдеуі, тыныс алу ритмінің өзгеруі, дауыстың дірілдеуі, сенсомоторлық реакция жылдамдығының төмендеуі, сөйлеу функцияларының бұзылуы, жазудың бұзылуы [3].

Менің ойымша, стресске мүлдем ұшырамау мүмкін емес. Бұл тұрғыдан алғанда, заманында Әбу Әли Ибн Синаның қойларға қойған тәжірибесі өте қызық. Ол бір қойды қораға, басқа қойларды көретіндей етіп, жалғыз өзін қамаған. Ал екінші қойды басқа қораға қасқырдың үйшігінің жанына орналастырған. Бірінші табынға қосылғысы келіп, маңырай берген, бірақ алдындағы жем-шөпті жеп тұрған. Ал екінші қой қасқырды көрген сайын үркіп, қашпақ болған. Ол алдындағы жемді аузына да алмай, жүдеп-жадап әлсіреген. Адам да сол сияқты жақсыны көрсе жақындағысы келіп, жағымды стресс туады. Ал жаманды кездестіргенде одан жанын аулақ салып, құты қашады, жағымсыз стресс туады. Міне, осы екі мысал стресстің жағымды және жағымсыз түрлерін біршама сипаттайды.

Ғалымдардың зерттеуі бойынша стресс ұзаққа созылған келеңсіз жағдайлар, күн сайын еңсені езетін нәрселер – адам денсаулығы үшін өте зиянды. Стресс түрлі жағдайда болады, кейде жағымды жайлардың өзі адамға қосымша стресс әкелуі мүмкін. Жағымды оқиғалардың стресс туғызуының себебін Хоулмзу және Рай зерттеген. Күнделікті өмірдің өзі стресс болып табылады. Осы ережеге сүйенсек, қарым-қатынастағы өзгерістер, жұмыста немесе қаражат жағынан жағдайлар аяғы жақсыға әкелседе, стресс тудырады. Стрестік жағдай бізді кез келген жерде күтіп тұрады. Ал, Браун және Мак Гилл зерттеулері бойынша адамның өз қалауы бойынша болған өзгерістер біреулерде стресс, ал енді біреулерде стрессіз өтуі мүмкін. Демек, өмірдегі жағымды өзгерістер және денсаулығының нашарлауы арасындағы байланыс өзін-өзі бағалауы төмен адамдарда болатынын көрсетті. Осы зерттеулер негізінде Браун және Макк Гилл позитивті оқиғаларды қалай бұзса сол дәрежеде стресс тудырады деп атап көрсеткен. Сондықтан, проблемалармен күресе білу керек, берілмеу керек.

Қазіргі кезде, стрес жағдайында қолданылатын психологиялық әсер ету технологияларына тоқталатын болсақ; топтық психотерапия, пікірталас терапия, психодрама, арттерапия, музыкатерапия, топтық мінез-құлық терапия, отбасылық терапия. Осы технологияларды қолдану барысында адам стрестен құтыла алады екен. «Психология диагностика» кітабінің авторлары М.К.Акимов, К.М.Гуревич бойынша адамның үрейленуі оның ішкі дағдарыстарымен, қойылған мақсатқа жетудегі ішкі ресурстардың жетіспеушілігі, қажеттіліктер мен оны қанағаттандыру тәсілдерінің арасындағы бір-біріне сәйкес келмеуімен байланысты.

Менің жоғарыда айтылған пікірге деген көзқарасым - авторлардың тұжырымдамасы бойынша үрейлену қорқыныш пен қысымдылықтың субъективтік сезімдерімен сипатталатын уақытша, өтпелі эмоционалдық қалып ретінде анықталады. Үрейлену стрестің бір бөлігі ретінде қарастырылады және эмоциялық пен физиологиялық деңгейде психомоторикадағы өзгерістер ретінде байқалады. Адамдағы осы қалыпты талдау үрейленуді жету жолдарын өндеуге мүмкіндік береді.

И.Ю.Митева өзінің «Стресті басқару курсы» атты еңбегінде стресспен күресуге байланысты бірнеше ұсыныстар берген: дене жаттығуларын жасау, массаж, суда жүзу және т.б. Дене жаттығулары стресті төмендетеді және адамға өзін жақсы сезінуге мүмкіндік беретін оның ағзасындағы химиялық реакциялардың пайда болуына әкеледі. Адам күніне 30 минуттай дене жаттығуларына бөлуі керек. Суда жүзу адамның бұлшық еттеріне жақсы әсер етеді, оны жағымды эмоцияларға бағыттап, өзін жақсы сезінуге мүмкіндік береді. Дене жаттығуларынан басқа стресспен күресуге релаксация мен медитация көмектеседі. И.Ю.Митева стресс кезіндегі жағымсыз эмоциялар мен адамның бұлшық еттеріндегі қысымдылықтың арасында байланыс бар деп көрсетті. Жағымсыз эмоциялар (қорқыныш, үрейлену, мазасыздану, ашулану) бұлшық еттердің қысымдылығынан туғызады. Егер осындай қысымдылықты басуға, азайтуға үйренсе, онда адам өзінің эмоцияларын да бақылай алады. И.Ю.Митеваның пікірі бойынша күлкі терапиясы стресті төмендетудің күшті тәсілдердің бірі ретінде сипатталады. Адамның күлкісі бет бұлшық еттерінің демалуына мүмкіндік береді, ал бұл адам ағзасындағы стрестік гармондардың төмендеуіне әкеледі. Ал, И.Сарвир «Стресті жою» деген кітабында стрестік факторлардың әсерін төмендету және болдырмау үшін адамға өзінің келесі мүмкіндіктерін қолдануды ұсынады: антистрестік демалу, қоршаған ортаны, өзгерту, көңілін басқаға аудару, музыка, қарым-қатынас.

С.А.Игумнов адам бетінің бұлшық еттерінің қысымдылығын азайту үшін «Релаксация маскасы» деген жаттығуды ұсынады. Беттің бұлшық еттерін әр түрлі бағытта қозғалту, қимылдату аутогендік жаттығулармен айналысуға мүмкіндік болмаған жағдайда қолданылады. Осындай жаттығуларды орындау нәтижесінде психикалық және дене қысымдылығы, бас аурулары жазылады [4].



Бүгінгі таңда психологияда стреспен тиімді күресуге көмектесетін арт-терапияның көптеген әдістеріне көңіл бөлінеді. Хедер Уильямс «Сөйлейтін сурет немесе өзінді қалай тану керек» кітабында стреспен күресуге байланысты кеңестер беріледі. Хедер Уильямс «Үрейді көрсетеміз» деген жаттығуды ұсынады: адамның өзіне ыңғайлы жай тауып, өзінің үрейлену сезімін табуға тырысуы ( ол қайда орналасқан: адамның басында ма, бетінде ме, аяғында немесе ішінде ме, т.б. Өртүрлі қарандаштарды алып субдоминантты қолмен өзіңізден үрейді шығарып тастаған болып, оны қағаздың бетіне түсіру керек. А.М. Шевченко тәжірибелі психолог, арт-терапевт өз жұмысында «Мәселені кесіп алып тастаймын» деген жаттығуды сипаттап көрсетеді. Автордың ұсынысы бойынша адам өзінің мәселесін өзінің оң жағынан домалақтап, шатасып қалған жіптер ретінде салып, ал өзін сол жағына салуы керек. Содан кейін қайшыны алып, мәселе салынып тұрған бөлігін кесіп алып тастау керек. Арт-терапевтің пікірі бойынша, дәл осы әрекет адамның миында пайда болған мәселені шешуге мүмкіндік береді. Жазбаша түрде белгіленген адамның ойлары голограммалар ретінде сипатталады және осылай оларды жеңуге, яғни жағымсыз эмоциялар мен ойлардан осылайша құтылуға болады.

Барбара Ганим бойынша экспрессивті өнердің арқасында біздің денеміздің қабілеттерін тежейтін жағымсыз ойларды жеңуге болады. Оның пікірі бойынша, көптеген зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей адамның иммундық жүйесін әлсірететін, стрестің пайда болуына әкелетін эмоциялардан айырылуға көмектеседі. «Өнер арқылы емделу» деген кітаптың авторы Барбара Ганим жағымсыз эмоциялар көзбен көретін бейне ретінде салынса, мысалы сурет, мүсін ретінде, оларды жеңуге мүмкіндік туады деп көрсетті. Жағымсыз эмоциялар мен ойлар стресс калпына әкеледі, ал ұзақ уақыт адамның бойында сақталған психологиялық қысымдылық адамның иммундық жүйесін әлсіретіп, әр түрлі ауыр ауруларға әкелуі мүмкін. Басқа да арт-терапевттер көрсеткендей, оның да ұсыныстары бойынша адам еңбек іс-әрекетінде көп жұмыс істейтін қолымен емес, басқа қолымен сурет салуды ұсынады. Бұл адамның өз жұмысына сынап, бағаламағанын білдіреді және өз әрекеттерін аз бақылағандығын байқатады. Өзінің бақылауларынан ол сурет сала алмайтын адамдар жақсы нәтижеге жететінін көрсетті. Сурет салу барысында жағымды музыка болғаны дұрыс. Жағымсыз эмоциялар суретте түрлі бояулар, бейнелер, сызулар арқылы көрінуі мүмкін. Жағымсыз эмоцияларды қағазға салу біздің денеміздегі қысымдылықты болдырмайды және денсаулығымызға қауіп келтіре алмайды. Люсия Капаччионе стреспен күресу үшін екі қолымен сурет салуды ұсынады. Оның пікірі бойынша бұл жаттығу екі қол мен бас миының екі жарты шарын белсендетуге мүмкіндік береді. Бұл жаттығу адам санасын көңілсіз, жағымсыз, қажетсіз эмоциялардан тазалайды, көңілін тыныштандырады [5]. Арт-терапия стреспен күресу жұмыстарының ішіндегі күшті әдістердің бірі ретінде қарастырылады.

Эмоциялық стрестің жалпы даму заңдылықтары физикалық, химиялық ауыртпалықтармен ұқсас болып келеді. Шамалы жан-дүниелік ауыртпалықтар адамның кейбір жағдайларға адаптациясын (икемделуін, бейімделуін) туындатса, (мысалы, олардың әсерінен жаңа мағлұматтарды игеруі арқылы адамның еске сақтау қабілеті артады, әртістер жан-тәнімен өздері сомдаған кейіпкерлері бейнесін көрермендерге жеткізеді, кәсіпкерлер нарыққа бейімделеді, т.с.с), шектен тыс ауыртпалықтар көптеген дерттердің дамуына себепкер болады. сондықтан да қазіргі уақытта тым ауырлап бара жатқан жан-дүниелік ауыртпалықтардың ауру туындататын ықпалы адаптациялық бейімділіктен басым болып отыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шокараев Г.В. Стресс оның жүрек патологиясындағы рөлі және қалай күресу керек// Денсаулық. №7, 2003.

2. Психотерапевтическая энциклопедия / под ред. Б.Д.Карвасарского. – СПб.:Питер, 2006. – с.944
3. Щербатых Ю.В. Психология стресса и методы коррекции. - СПб.:Питер, 2006. – с.256.
4. Шевченко М.Я рисую успех и здоровье. Арт-терапия для всех. – СПб.: Питер, 2007.-с.96
5. Игумнов.С.А. Управление стрессом:современные психологические и медикаментозные подходы. – СПб.:Речь, 2007.-с.217.

## **ӘОЖ 37.01.**

### **ОЙЛАУ ӘРЕКЕТІНІҢ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ**

**Исагулов М.С., магистрант**

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті*

*Мақалада ойлау әрекетінің оқыту процесіндегі қалыптасу жолдары, оқыту процесінде ой әрекетін басқару туралы мәселе көтерілген. Ойлау әрекетінің оқыту процесіндегі қалыптасу жолдары туралы ғалымдардың зерттеулеріне, тәжірибелерге сүйене отырып, теориялық тұрғыда сипаттама жасалынған.*

*В статье рассматриваются проблемы пути формирования мышления в процессе обучения, управления мыслительной деятельностью. Представлен теоретический анализ проблемы формирования мышления в процессе обучения, опираясь на опыт и научные труды ведущих ученых.*

*This article discusses the ways of thinking in the formation of the learning process, control of mental activity. A theoretical analysis of the problem of formation of thinking in the learning process, drawing on the experience and research work of leading scientists.*

*Кілт сөздер: ой әрекетін басқару, танымдық белсенділік, ой-әрекеттің қалыптасу жолы.*

Шетелдік және отандық даму психологиясының тарихы мен қазіргі жай күйінің талдамалық очеркі оның тақырыптық саласының ауқымдылығын (адамның денелік, ішкі сезім, әлеуметтік, тұлғалық және басқа да жақтарының дамуы), сондай-ақ психикалық даму фактілерін алудың сан алуан әдістерін түсіндірудің теориялық үлгілерін анықтады. Адамның онтогенездегі дамуының жалпы заңдылықтарын зерттеу кезінде жас ерекшеліктері психологиясының барлық теорияларының маңызы бірдей болмайды. Бірқатар теориялар (олардың көпшілігі) адам өмірінің балалық кезеңімен шектеледі, енді біреулері психикалық дамудың жеке мәселелерін (танымды, эмоцияларды, тұлғаны және т.б.) зерттеуге бағдарланады.

Адамның ішкі жан дүниесі құбылыстарының сипаттамасы, оның индивидуалды өмірінің шегіндегі субъективті нақтылық дамуының негіздемелері мен шарттарын анықтау, адамның білім берудегі қалыптасуының психологиялық-педагогикалық шарттарын ұсынуды құрайды. Психологиялық адамтану дегеніміз – бүкіл өмір бойындағы дамудың онтологиясы, құрылымы, шарттары мен қозғаушы күштерін және білім берудің заңдылықтарын толық қамтитын, субъективті нақтылық туралы ілім. Ол адам психологиясын тұтас және даму үстіндегі нақтылық ретінде зерттейді [1].

Тұтас ретіндегі адамның ерекше кескіні – оның субъект ретіндегі болмысы. С.Л.Рубинштейн өзінің осы қасиетін адам ішке, саналы тіршілік иесі және іс-әрекет субъектісі ретінде өзі өзгертетін нақтының құрамына, дүние болмысының құрамына енгізілуі тиіс екендігін айтқан. «Субъект ретіндегі адам, - деп жазады А.В.Брушлинский, - оның барлық аса күрделі және қарама-қайшылықты қасиеттерінің,

ең алдымен, психикалық үрдістерінің, жай-күйлері мен қасиеттерінің, оның сана-сезімі мен санасыздығының жоғары жүйелік тұтастығы».

Ойлану – дамушы құбылыс және адам басында үнемі белгілі бір күйде жүреді. Мұндағы үздіксіз ойлау мен оның жемісі ұғымдар мен сөйлемдер де бір емес. Мәселенің шешілуі адам басында реттеліп отырады. Сондықтан ойлау туралы зерттеулер, олардың процесс күйінде емес ойлау қалайша жүзеге асып, реттеліп, дамып отыруы үшін қандай шарттар қажет екенін тексеруге арналған. Ойлау процестің жүзеге асу шартына адамның бұрынғы тәжірибесі мен бағыты және ойлануға итермелейтін мотивтері жатады.

Испанияның ұлы ойшылдарының бірі Бальтасар Грасиан: «Жұрт қалай ойласа солай емес, өзінше ойлау – ақылдылықтың белгісі» және «Таным тереңдігі мақсат биіктігінен тұрады» -деген екен [2].

Психологтар С.Л.Рубинштейн, Н.А.Менчинская, З.М.Калмыкова еңбектерінде ойлау іс-әрекеті мынадай ойлау процестерімен құрылады: жалпылау мен талдап оқытудан, жаңа материалдың ережесі мен принциптерін ашудың негізгі заңдылықтарын анықтаудан тұрады.

Психологтар (А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин, Н.Ф. Талызина және т.б.) оқыту процесінде ой әрекетін басқару туралы өзіндік пікір айтады. Бұл теория бойынша, жаңа білімді (ұғымды) меңгеруі бес кезеңнен құрылған ой-әрекеттің қалыптасу жолына байланысты [3].

Бірінші кезеңде – білімгерлерге әрекеттің мақсаты нені және қалай жасау керек екені туралы мағұлмат беріледі.

Екінші кезең – материалдық саты деп аталады. Өйткені бұл кезде білімгерлер нақты материалдық заттармен, яғни модельдер, схемалар сияқты құралдармен тікелей жұмыс істейді. Осы екі кезеңдегі әрекеттерді меңгергеннен кейін ғана үшінші сатыға көшеді.

Үшінші кезең – сыртқы сөйлеу кезеңі деп аталады. Бұл кезеңде (материалдық заттар мен құралдар жоқ жағдайы) білімгер өз әрекетін дауыстап сөйлеу немесе жазу арқылы іске асырады. Білімгер әрекеті бірте-бірте қысқартылған және қорытылған сипатқа ие болады.

Төртінші кезең - өзіне естіртіп сөйлеу кезеңі деп аталады. Бұл кезеңде білімгерлердің әрекеті оның өзіне естіртіп сөйлеу арқылы іске асады. Мұнда оның әрекеті әрі қарай қысқару және жалпылау сипатына көшеді.

Бесінші кезең – ойлау кезеңі деп аталады. Бұл кезде білімгер әрекеті сыртқа шықпай іштей сөйлеу арқылы іске асады. Әрекет мейлінше қысқартылған және автоматтанған дәрежеге жетеді.

Оқыту процесінде есте сақтау мен әсіресе ойлау әрқашанда бірге әрекет жасайды. Ойлау процесі сабақтың мазмұны мен танысу кезінде белсенді түрде көрініп отырады және сабақ барысында жан-жақты талдау, топтау, салыстыру, ой қортындысын жасау арқылы, бірнеше тәсілдерді қолдану үстінде біртіндеп өрісі дамиды. Ойлау арқылы адамға көзге көрінбейтін заттар мен құбылыстардың арасындағы күрделі себепті байланыстырады, заңдылықтарды ұғады. Сонымен қатар, әсіресе оқу материалын жүйелі және мәніне қарай ұғынуда ой операциясы негізгі роль атқарады.

Оқыту процесіндегі ой-әрекетінің қалыптасу жолдарында танымдық белсенділіктің мынадай көріністері болатынын білу керек:

- Білуге деген ықыластың, ұмтылыстың, шабыттың жоғары болуы;
- Білімгерлердің өзіндік дербестігі, сұрақ беруге құмарлығы, пікір-талас туғызуға деген ықыласы;
- Білімгерлердің материалды еркін, өз сөзімен айтып беру мүмкіндігі және шығармашылық әрекетінің жоғары болуы;



Егер де білімгерлердің бойында танымдық белсенділік болса, оларда ақыл-ой қабілеттерінің мынадай элементтері дамиды: зеректілік, зейінділік, байқағыштық ойлау мен сөйлеу дербестігі т.б.

Білімгерлердің оқыту процесіндегі өздік жұмыстары ойлау әрекетінің тиімді амал-тәсілдерін қалыптастырады. Амалдарды қолдану арқылы материалдың мазмұнын еркін меңгеріп, материалдың баяндау тәртібін өзінше өзгертіп айтып береді.

Міне, осындай жағдайда ғана білімге деген қажеттілік, талпыныс, қызығу, танымдық белсенділік қалыптасады.

Сондай-ақ психология ғылымдарының докторы, профессор С.М.Жақыповтың зерттеуі бойынша, біріккен диалогты іс-әрекетпен қатар, оқытудың белсенді әрекетінің екі түрлі классификациясын негізгі белгі субъектінің белсенділігін жоғарлататын оқыту әдістері мен білімгерлердің танымдық іс-әрекетін белсендіретін белгілер жатады. Ал, екіншіден керісінше дәстүрлі оқыту әдістерін емес, іскер ойын типтері сияқты белгілерге байланысты, «... оқытудың белсенді әдістерінің психологиялық белгісі болып табылады. Сондықтан да әрекетті диалогты танымдық іс-әрекетті қалыптастыру мен қатар оқытудың белсенді әдістерінде айту керек» - деді С.М. Жақыпов [4].

Ойлауды үш жақтан: біріншіден, таным сатысы, екіншіден, таным процесі және үшіншіден, адам ақыл-ой қызметінің формасы ретінде қарауға болады. Кез-келген танымдық процесс сияқты, ойлау өмір шындығы бейнесін білдіреді. Алайда ойлаудың қабылдаудан айырмашылығы – ол біздің сезім мүшелерімізге тікелей әсер етуші заттар мен құбылыстарды ғана бейнелемейді. Ойлау арқылы заттар мен құбылыстарды олардың айырықша белгілері арқылы таниды және де заттар мен құбылыстар арасында орын алып отырған көп түрлі шындық байланыстар арқылы таниды.

Мұндай байланыстар адам пайдаланатын себеп пен салдар әрекет ету мақсаты мен құралы, бүтін мен бөлшек (элементтердің), зат құрылымы және оның атқаратын қызметінің ара-қатынастары және басқалар болып табылады.

Ойлау арқылы адам құбылыстарды олардың байланыстарымен қоса таниды. Байланыстың әр типі, оның әрбір категориясы белгілі бір сөзбен белгіленген. Оларды атай отырып, адам қандай байланыстарды табу керектігін белгілейді.

Ойлау мен тілдің органикалық байланысы арқасында ойлау арқылы балалар өздері тікелей қабылдай алмайтын, көзге ілігер формасы жоқ, ол тіптен сезімдік қабылдауға көнбейтін құбылыстар арасындағы байланысты аша алады.

Ойлану – дамушы құбылыс және адам басында үнемі белгілі бір күйде жүреді. Мұндағы үздіксіз ойлау мен оның жемісі ұғымдар мен сөйлемдерде бір емес. Мәселенің шешілуі адам басында реттеліп отырады. Сондықтан ойлау туралы зерттеулер, олардың процесс күйінде емес ойлау қалайша жүзеге асып, реттеліп, дамып отыруы үшін қандай шарттар қажет екенін тексеруге арналған. Ойлау процестің жүзеге асу шартына адамның бұрынғы тәжірибесі мен бағыты және ойлануға итермелейтін мотивтері жатады.

Ойлау іс-әрекетінің тиімділігі білімдердің қосындысы ғана емес, олардың өзара байланысымен анықталады. Психологияда білімнің шынайы мәнін ашатын анықтаушы критерий оның міндетті түрде қолданылуы деген көзқарас әлдеқашан орын тепкен [5].

Ойлау әрекеттерін кезеңмен қалыптастыру теориясының орталық буыны оқу іс-әрекетінің белгілі ретіндегі әрекет болып табылады. Әрбір әрекет белгілі бір ретпен және белгілі бір ережеге сәйкес орындалатын операциялардың белгілі бір жиынтығын қамтиды. Мұнда танымда ойлау іс-әрекеті бұл жүйелердегі негізгі ұғымдарды білуге, жалпы ғана емес, әртүрлі белгілерді, олардың себептері мен салдарын анықтауға бағытталады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы. Қазақ университеті. Алматы, 2012.



2. Наубаева Х.Т. Халықтық педагогика негізінде оқу-тәрбие процесіндегі танымдық іс-әрекетті басқару // Халықар.ғыл.-теор. конф. Том 2// ЖМУ, Талдықорған, 2003ж
3. И.В.Дубровина «Рабочая книга школьного психолога» М., 1991г.
4. Джакупов С.М. Психология познавательной деятельности. Алма-Ата Изд., Каз ТУ, 1992 – 192 с.
5. Б.Н. Алмазов «Психология» М., 1980г.

**UDC 159.9.**

## **THE NOTION OF A PSYCHOLOGICAL BARRIER IN PSYCHOLOGY**

**Suyumbekova B.T.**

1<sup>st</sup> course master degree student, specialty of pedagogy and psychology

Scientific instructor: c.ps.s., docent **Abisheva E.D.**

*Zhetysu State university named after I.Zhansugurov, Taldykorgan*

[bal\\_1991@mail.ru](mailto:bal_1991@mail.ru)

*Мақалада ЖОО білімгерлердің шет тілін үйренудегі психологиялық кедергілердің алдын алу мәселелері туралы, осы мәселені зерттеген шетелдік және отандық ғалымдар туралы, ғалымдардың теорияларына тоқталып өттік. Психологиялық кедергілердің түрлерін көрсетіп және олардың алдын алу шаралын көрсеттік.*

*В данной статье рассматривается преодоление психологических барьеров при изучении иностранного языка у студентов, работы зарубежных и отечественных ученых, которые исследовали проблемы психологического барьера. Указали виды психологических барьеров.*

*In this article is discussed how to overcome the psychological barriers of students by learning a foreign languages, the work of foreign and Russian scientists who have examined the problems of a psychological barrier. Identify types of psychological barriers.*

**Key words.** *Barrier, scientists, students, theory, notion, psychology, overcoming of barriers.*

The term "barrier" (*from the french. barrier - a hindrance, obstacle, hitch*) in the psychological meaning is usually regarded as a kind of reaction man on the obstacle itself, accompanied by the emergence of tense mental state.

Among foreign studies for our most important work are submitted to the psychoanalytic theory of personality Z.Freud, K.Jung, Karen Horney, O.Fenichel, A.Adler, humanistic conception of personality Rogers, Eric Berne's theory of personality and Lewin , under the direction of the cognitive theory of personality J.Kelly, socio-psychological concept of intelligence child A.N. Pere-Klrmop theoretical work of Piaget, J.Mead, as well as research by other scientists, affecting in any way question the psychological barriers.

First problem of the theoretical understanding of the psychological barriers was addressed in psychoanalytic theory of Z.Freud. The main problem for the individual consists in the fact, as her cope with various obstacles, difficulties, anxiety, getting up on the path of human development. In playing the role of blocker barrier that replaces the needs of individuals and alarming, despair. In psychoanalysis, anxiety is a function of the ego, which is designed to warn the person of the impending threat, which must meet or avoid [1,19].

A threat to the ego (the external environment, Id or superego) defines three types of alarm: 1) realistic anxiety is emotional from paved threat and/or understanding of the real dangers of the outside world, 2) neurotic anxiety is a response to danger that unacceptable impulses from the Id will be aware, 3) moral anxiety arises as a result emotional response when the ego feels threat of punishment by the superego.

According to Z.Freud, anxiety of any type can be overcome in two ways of the ground. The first of these is to enter into interaction with the problem, solve it, remove the

obstacle and thereby reduce its impact. The second method involves distortion or denial of the existence of the situation itself. Application of psychological protection defined Z. Freud as a generic term for all psychological techniques (repression, denial, projection, etc.), should lead to the achievement of the main goal - and the integrity of a consistent of inner peace, elimination of anxiety and tension.

Review of the problem of psychological barriers we find in other psychoanalytic concepts of the person (Karen Horney, Alfred Adler, Jung ) majority of the authors of these concepts reveal the concept of conflict through the psychological barrier of the unconscious and consciousness, through the conflict of communication that is fixed in terms of character and serves as a protective mechanism.

According to Adler the most important psychological phenomenon in human nature after the unity of the personality is the desire of the individual to the superiority and success is directly related to a sense of inferiority. Inferiority complex is not that requires special light compensation and satisfaction, at the same time increases the barriers, as it had been an obstacle to the success of [ 2,45 ].

The interesting concept and Eric Berne, according to which a person - it is a living energy system, the voltage which cause the desire. The voltage acts as a barrier to overcome that person must, how-satisfying that desire, without coming into conflict with themselves, with others, with the world. Emerged from the equilibrium energy (voltage) is manifested in the physical man and mentally. Mental stress is expressed in feelings of anxiety and despondency. This feeling comes from needs some way to restore balance and relieve stress, as people all the time trying to come to a standstill, and he needs to find a path of least resistance. The problem of man is to find the best way of dealing with other people (energy systems). E. Byrne emphasizes the importance of constructive overcome stress (barriers): "... constructively directed energy aims spiritual and material progress. Mental development of human rights depends on its ability to send these internal forces to the most productive purposes "[3,77].

In other psychoanalytic theories of personality problem is viewed through the psychological barriers character structure, which is formed under the influence of a human life experience, acquiring a special combination of its unique features and fixes in life style.

In theories of humanistic psychology presents a different perspective on the problem we are studying. One of the brightest representatives of humanistic psychology is Rogers, who in his theory of personality highlights not only the psychological barriers that are determined by individual experience, but also the communication barriers. He believes that it is the interaction with other people allows you to open, to discover their true self. Personality becomes visible for themselves through relationships with other persons. The author distinguishes two systems of regulation of behavior: the body, trying to preserve and strengthen themselves and "I" personality - a special area on the experience of the individual, the evolving system of perceptions and evaluations of personality traits and their relationship to the world. When rigid structure "I" is not consistent with her experience is perceived as a threat to the individual and his or awareness is exposed distortion or denied. Rogers introduces the concepts of congruence and Incongruent personality. Congruence is defined as the degree of correspondence between the reported experienced by cash and experience. It describes the differences between experience and awareness. High degree of congruence means that the message, experience and consciousness is more or less the same [4,91].

American psychologist A.D. Hall, describing the obstacles in the creative and critical thinking, identifies the following types of psychological barriers:

- 1) perceptual barriers that are in a bad perception, Gut manifest that person perceives what is not or does not accept the fact that there is;
- 2) intellectual obstacles, among which A. Hall refers to too -jet and too vigorous criticism of their ideas, excessive narrowing problems or lack of limitation;



3) emotional barriers is fear of called not to be raised to the laughter of others, lack of confidence, delight their critical abilities.

Also considered internal barriers that exist in the human - century AD Hall also highlights the obstacles from the external environment (the environment). These include physical (climate effects, the quantity and quality of food, comfort and discomfort, etc.) and social environment (social conditions and situations, the characteristic for a specific social and political system).

Another American psychologist P. Hill to psychological barriers include obstacles both psychological and organic order, noting at the same time, they may overlap. The obstacles he personally identifiable attributes:

- lack of flexibility. Familiarity with certain objects or the concept raises some changed their views on the functions, which limits their value;
- force of habit. This refers to the use of the old ways of Cape, as well as previous methods and techniques for the transition to new topics. Setting approach to solving problems often leads to new problems those old methods;
- banausic approach. Straightforward approach is characterized by the fact that instead of a comprehensive reflection problem, we immediately turn to the facts, and thus undertake too fast for her immediate solution;
- excessive specialization. Specialization may limit the scope so that the knowledge of man, his understanding of the real world into a shallow, barrier thereby brainstorming lying across disciplines;
- influence authorities. Often people are so much under the influence of judgments recognized authorities, they immediately recognize the pivotal role and cannot develop the qualities necessary for successful implementation of activities;
- fear of criticism .

Foreign psychologists were disclosed system characteristics of internal and external psychological barriers. Internal psychological barriers scientists are characterized by pronounced on situational level, the dominant personality, such as anxiety, conflict and unconscious mind, conflict communication, stress barriers as obstacles, etc. The emergence of external barriers associated with foreign psychologists stresses in the social environment of man. Scientists also were substantiated classification psychological barriers through their belonging to one or another form. Thus, the analysis performed shows that the psychological barriers can arise and develop only under certain unfavorable conditions manifestation of personality development and its activities they have their own content and dynamic characteristics, and the fact that there are different ways to overcome psychological barriers.

Modern domestic psychology develops this problem in the context of deyatellyustnogo approach informed L.S. Vygotsky, S.L. Rubinstein, A. Leontiev, B.F. Lomov, B.D. Parygina, B.C. Shakurov. Particular attention is paid to various types of psychological barriers: semantic (L.I. Bozovich, M. Neumark), emotional, tactical (L.B. Filonov) Barriers to communication (V.A. Kan Kalik, H.H. Abozau , B.D. Parigin) Barriers to educational activities (A.K. Markov, H.A. Podymov), innovative Barriers (A.I. Prigogine, H.P. Podymova) and etc.

In the activity approach holds numerous studies revealing the problem of psychological barriers. Theoretical basis for understanding the problem laid in S.L. Rubinstein, who, emphasizing the relationship of activity and emotion, said: "During the activity there is usually critical points, which define favorable or unfavorable to the subject for a result, turnover or the outcome of its activities. Man as a conscious being more or less adequately anticipates the approach of such critical points. When approaching them in the sense of man - positive or negative - comes detente". These "critical point" is a kind of internal barriers, psychological barriers. SL Rubinstein function allocates and overcome these barriers, "pleasure, which gives us the process of labor - is mainly pleasure associated with overcoming difficulties ..." [5,76].

For our study, it is of interest motivational theory A.N. Leontiev, who emphasizes that the motives are not separated from consciousness. "Even when the motives are not confess, that is when a person does not realize that prompts him to make those or other actions, they still find their mental reflection, but in a special form - emotional coloring of action".

According to the author, the emotional coloring ( its intensity, its sign and its qualitative characteristics ) performs a specific function that requires to distinguish the concept of emotion and the concept of personal meaning . At lower levels directly reflect the needs of items "labeled" emotion. During the development of the activities going on split function motifs and selection semantic motifs that are endowed with personal meaning and motivation incentives - emotional, affective, deprived of sense-functions. Emotional sphere in the personality structure of different people may have different specific gravity. It will be more or less depending on the temperament and especially on how deep his feelings. In other words, A.N. Leontiev disclosed essence psychological barriers when considering the emotional feelings that arise in the process of satisfying needs. "Our sensual images as concepts contain the movement and, therefore, contradictions, and they reflect the object in its diverse relations and mediations".

Content analysis of the concept of "psychological barrier" in Russian psychological science reveals most consistently B.D. Parygina. The author makes a statement of the problem of psychological barriers in line with his idea of mediation psychic activity of man in the modern scientific and technological development, which leads to the consequences of dual nature : on the one hand, the growing intensification of activity, on the other hand, reduced the initial level of the emotional potential of the individual, without which further intensification becomes impossible.

On this basis, the author comes to the conclusion that most of intensification, involving maximum involvement in the activities, it contains the complete opposite, repeatedly generates indirect nature of the activity and is manifested in a tendency to emotional disconnection from her. It is this fact, according to B.D. Parygina, is one of the main causes of "dense shell psychological barriers, preserving potential mental activity of the subject". In this psychological barriers include not only the person's attitude toward the subject of labor, but also the entire system of its communications. In this case, the psychological barriers have two alternative functions in nature: on the one hand, raise the level of psychological security of the person in relation to the increasing mental tension, and on the other, neutralized a powerful tank toning and stimulation of emotional activity of the individual, what is the scope of his direct communication.

Statement of the problem of psychological barriers in the mainstream ideas indirectly human mental activity has caused the nature of factors that have been identified as causes of psychological barriers, and a substantive definition of the concept, which is indicated by their nature and function "in their psychological nature of psychological barrier presented is a stable installation or mental attitude of the person, fixed on the results already achieved, which inhibits further mobilize and use of human spiritual potential " [6,125].

In another case, a psychological barrier is determined by its isolation functions. Under the psychological barrier meant "processes such property or even the human condition in general, that canned hidden emotional and intellectual potential but its activity". This definition indicates not only the function of a psychological barrier - hiding emotional and intellectual potential activity, but also reveals its main carrier - a person but also highlights the forms (ways ) the existence of a psychological barrier processes, the properties of the human condition in general.

In determining the psychological barrier V.F. Galigina given a slightly different interpretation of this phenomenon. Barrier "psychological barrier, optimal leakage of decisive processes of adaptation to the new personality facto frames of the environment caused by the situation or features or characteristics of the communication or personality characteristics". In



this definition, the area likely localization psychological barrier expands - situation, message, personality traits communicants.

V.N. Antonius, G.A. Mochenov, P.C. Zaitsev as the main parameters of the psychological barriers distinguished: a combination of factors that make up the psychological barriers, their scale, height and character. The authors note that psychological barriers are dynamic formation manifests itself as a negative attitude to the object whose parameters have different values in their development and are dependent on the stakeholders.

Question of the genesis of psychological barriers differently solved by modern researchers. There is an opinion that "the origins of psychological barriers laid in the very fact of the existence of community and belonging to her individual". Isolation of individuals within the community "we" is explained by the mechanism of community opposition to the other - "they", which in this case acts as a psychological barrier with respect to any impact on this community from the outside. As can be seen, the question of the genesis of psychological barriers developed in this case in connection with the historical view of the problem.

The study A.A. Royak question of the genesis of psychological barriers is solved in the context of relations activities and communication problems. Psychological barrier, by definition, the author - a kind of socio-psychological phenomenon, which manifests itself as a result of some person experiences difficulty communicating. Exploring the child's play activity, A.A. Royak difficulties allocates two types of communication: motivation and operationally, on what basis and addressed questions about the genesis of psychological barriers. Thus, a child with operational difficulties objectively cannot meet the requirements that apply to him by the team of peers, and for this reason between him and the other children there is an operational barrier. At the same difficulties motivational needs in the game and do not get communication leading to the child, and therefore between him and the majority of children at the motivational barrier arises.

Several studies highlight local psychologists allows barriers in their essential aspects. In the first place, the barriers associated with the external circumstances are fulfilled the function obstacles. As such, G.M. Andreev calls, first of all, the factors of social order caused by political, religious, professional differences of actors, as well as their belonging to different social groups.

Secondly, the barriers are caused by a variety of factors internal to the order. And in this context it is appropriate to talk about the challenges and difficulties in of any activities as a second component of the barriers. Difficulties may be associated with features of education, namely, rudeness habit to "put pressure" on the other, difficulties may arise from the inability to be disclosed; absence of the need for interoperability, which are expressed in the tendency to moralizing, inattention to the partner, insulting condescension or indifference forward; unconscious desire to vent feelings of enmity and fear, hurt person interaction, which does not bring satisfaction because falsehood and hypocrisy. These difficulties are expressed in a particular form of mental states and manifest in the outer passivity on the one hand, on the other hand, are associated with diverse manifestations of personality, individuality (displeasure and disappointment, apathy or aggression, internal anxiety and fear, personality disorders and internal conflicts).

E.D. Tumanov determines the existence of these types of barriers, which are determined by factors of semantic content-order. In some cases, their essence is to avoid the objectives and external requirements that are subjectively less desirable for a person at that objectively necessary. Because of this, there is a semantic conflict. In other cases, ignored less important motives and goals, and emotional and volitional resources are concentrated in the area of high-priority ones. The example of their experimental data [7,203]. E.D. Tumanov showed that psychological barrier may in some cases limit the activity in others, on the contrary, increase it.

Internal difficulties can also arise when the need to change the usual level of functional mobilization. These difficulties are the basis of so-called functional barriers. It should be noted that the separation of the concepts of obstacles and difficulties as, respectively, the external and internal factors barriers are not absolute. This is because not only the outer barriers can cause internal problems, but on the contrary, internal constraints of the subject can lead to the formation of external obstacles to the partner.

#### REFERENCES

1. З.Фрейд. О психоанализе. Пять лекций //Хрестоматия по истории психологии / Под ред. П.Я. Гальперина, А.Н. Ждан. - М., 2003.
2. А. Адлер. Стиль жизни // Психология индивидуальных различий / Под ред. Ю.Б. Гишпенрейтера, В.Я. Романова. - М.: ЧеРо, 2000.
3. Э. Берн. Введение в психиатрию и психоанализ для непосвященных. - СПб., 1994.
4. К. Хорни. Наши внутренние конфликты. Конструктивная теория невроза.-СПб.: Лань, 2001
5. С.Л. Рубинштейн. Проблемы общей психологии. - М.: Педагогика, 1996.
6. Б.Д. Парыгин . Психологический барьер и его проблемы // Современное состояние и проблемы социальной психологии. - М.: Знание, 2001
7. Е.Д. Туманов. О функциях и типах психологических барьеров личности // Социально-психологические и нравственные аспекты изучения личности / Отв. ред. Е.В. Шорохова, В.П. Левкович. - М., 2005.

#### ӘОЖ 37.01

### ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ӘРЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

**Тажинова Г.А.**

*I.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ., Gulnara71.a@mail.ru*

*Мақалада психологтың кәсіби әрекетінің құрылымы, практикалық психологтардың қызмет ету аумағы туралы мәселелері қарастырылған. Психологтың кәсіби әрекетінің құрылымы мәселесіне байланысты ғалымдардың зерттеулеріне, тәжірибелерге сүйене отырып, теориялық, практикалық тұрғыда сипаттама берілген.*

*В статье рассматриваются проблемы структуры профессиональной деятельности психолога, служба практического психолога. Проанализированы практическая, теоретическая значимость структуры профессиональной деятельности психолога и службы практического психолога.*

*This article discusses the structure of the professional work of the psychologist, the service of the practical psychologist. Analyzed the practical, theoretical significance structure of professional activities and services of a psychologist practical psychologist.*

*Кілт сөздер: кәсіби әрекет құрылымы, психологиялық кеңес беру, психологиялық көмек, клиент.*

Мемлекетіміз бәсекелестікке қабілетті 50 мемлекет қатарына кіру үшін әрбір адам дүниежүзілік білім кеңістігінде өз білімі, қабілеті, енбекқорлығымен өз орнын табу керек. Міне, осы міндеттерді орындауда жас ұрпаққа, мұғалімдерге, ата-аналарға мектепте жүргізілетін психологиялық қызметтің рөлі зор.

Психологиялық тұрғыдан іс-әрекет өте күрделі көп өлшемде деңгейлі, ұдайы даму өзгерістегі құбылыс. Ал осы құбылысты әркілы ғылыми тұжырымдарға негізделген теориялық бағыттар әдетте жеке элементтерге бөлініп, оларды өзара байланыссыз зерттеуде. Мысалы, бір тұжырым бойынша іс-әрекет бірізді өзара ауысып отыратын қимылдар жиынтығы делінсе, екіншісі іс-әрекеттің түрткілік қырына үлкен



мән береді, ал үшінші бірі іс-әрекетті реттеп беруші механизмдерді талдауға көп назар аударады.

Іс-әрекетті онымен қоса жүретін физиологиялық үрдістермен де байланыстыра талдау концепциясы жоқ емес. Әлбетте аталған ғылыми бағыттардың бәрінің де өзіндік маңыздылығы орасан, әрбірі өте құнды нәтижеге жеткізіп, бірін-бірі толықтыра отырады. Бірақ, олардың әрқайсысы өз алдына әмбебап сипатқа ие емес. Сонымен, іс-әрекет – адамның қоршаған дүниемен өзара ықпалды байланысының қозғалысты жүйесі. Осы жүйеде психикалық бейне пайда болып, объекті күйіне енеді, ол іс-әрекеттің саналы қабылданған мақсатты түрі болып табылады [1].

Белгілі бір мақсатқа бағытталған белсенділікті іс-әрекет деп санауға болады. Ал іс-әрекеттің бүкіл басқа тараптары, іс-әрекетті жоспарлау, ағымдағы ақпаратты өңдеу, шешім қабылдау көбіне есепке алына бермейді. Алынған күнде толық болмауы, кейде тіпті қате де болуы мүмкін. Іс-әрекет қай деңгейде танылмасын, саналы мақсат оның қажетті белгісі.

Жеке адамның әрекеті еңбек іс-әрекетінің қандайда бір көрінісі ретінде қалыптасқан. Белгілі бір қоғамдық қызметке бағытталған әрекет жиынтығы еңбектік іс-әрекеттің белгілі бір түрі құрайды. Ал еңбектік іс-әрекет әрдайым белгілі өнімге арналатындықтан, адам әрекеті де тиісті нәтижені көздейді.

Адам әрекетінің саналы әрі мақсатты болуы - адамның басқа жануарлар дүниесінен ажырау белгісі. Бірақ мақсат қаншама маңызды болғанымен, оның бір өзі әрекеттің толық мәнін таныта алмайды. Іс-әрекет бағдарланған мақсат өзінің біршама қашықтығымен еленеді. Сондықтан оған жетем дегенше адам бір-біріне байланысты ізбе-із келетін әлденеше жеке міндеттерді орындауына тура келеді. Бұл міндеттермен байланысты әрекеттер операциялар деп аталады. Әр қандай мақсат көздеген іс-әрекет орындалу барысының әр мезетіне орай іске асып отыратын осы операциялардан құралады. Адам іс-әрекеті әркілі және әр деңгейдегі әрекеттердің әрекетімен жүзеге келеді. Ал осы жай бір міндетті іске асыру қажет болған біршама біткен іс-әрекеттің әрбір элементі әрекет деп аталады [2].

Практикалық психологтың қызмет ететін аумағы бүкіл әлемді құрайды. Өйткені адамдар тіршілік ететін барлық жерлерде психологиялық қиындықтар туындамай қоймайды. Бұл саланың шекарасы тұтастай адамдар қоғамын қамтығанда жеке-дара алынған тұлғадан түрлі типтегі және көлемдегі топтарға дейін ұласады.

Психолог жұмысының ерекшеліктері мен маңызы жайлы И.В.Дубровина, Г.С.Абрамова, Р.В.Овчарова, Т.Д.Марциновская, А.Құдайбергенова, С.Оспанбаева, С.Наметқұлова, Ж.Т.Тасжүрекова, Э.Д.Абишева т.б. еңбектерінде кеңінен қарастырған.

Отбасынан бастап мектепке дейінгі және мемлекетаралық, ұлтаралық қатынастарда қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының барлық деңгейлерінде психологтың қызметіне деген объективті қажеттіліктер туындайды. Психологиялық қиындықтардың тереңдігіне қарай, психологияның қайсыбір елдегі даму деңгейіне байланысты, ұлттық дәстүрлерге және басқа да факторларға қатысты практикалық психологияның нақты салалары психологтармен барынша толыққанды қамтамасыз етілуде. Психологтар мемлекеттік басқару органдарында, коммерциялық құрылымдарда, жеке бизнесте, дәрігерлік мекемелерде, білім беру жүйесінде, қарулы күштерде, Ішкі істер министрлігінде, түзету-тәрбие мекемелерінде қызмет етеді.

Психологтар жеке тәжірибемен айналысып және психикалық-денсаулық орталықтарында, немесе қайырымдылық қорларында жұмыс жасай алады. Психологтар қоғамдық пікірді зерттеу орталықтарында, қолданбалы конфликтологияда, отбасына қызмет көрсету орындарында, тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз ету орталықтарында, оқу орындарында, денсаулық сақтау

органдарында еңбек етеді, ұйымдастырушы–басқарушы кеңесшілер, имиджмейкерлер, жарнамашылар және дәрігерлік емес топтың психотерапияның жетекші тренерінің рөлдерінде көрінеді. Сайлау алдындағы шараларды жүргізуде кәсіби психологтарға деген сұраныс мүлде ұлғаяды. Кәсіби психологтар қалыпты, күрделенген, тіптен төтенше жағдайларда жұмыс жасайды [3].

Осылайша практикалық психологтардың қызметі күрделі, психологиялық проблемаларды шешуге кәсіби әрекеттерін қолдана біледі. Практикалық психологтардың қызмет ету аумағы адамдардың өмір сүруі мен тіршілік етуінің өздігінен немесе қисынды жолмен және тұрмыстағы әдістермен шешілмейтін күрделі психологиялық қиындықтар пайда болатын жерлерде танылады.

Бұл салаларды іс-әрекетті ұйымдастыру тәсілдері бойынша психологиялық кеңес беру, клуб және ұйым деп үш категорияға бөлуге болады. Сондай-ақ психологтар психологиялық көмек қажет әртүрлі қалаларға, ауылдарға және басқа да жерлерге шығып экспедицияларда жұмыс жасайды.

Психологиялық кеңес берудегі психолог (отбасылық немесе мектептегі) клиенттерді арнайы мекемеге сай қалыптасқан ережелердің негізінде қабылдайды. Арнайы мекемелердің ерекшеліктері, қағидалары бар, олар қарым-қатынас тілі мен мөлшеріне әрекет етеді. Мұндағы психолог өзінің кәсіби ортасында қызметін атқарады.

Психологтың клубтық қызметінің ерекшелігі мүшелері демалумен байланысты мақсаттарды көздейтін, араласу формалары алдын-ала анықталмаған адамдардың еркін жиналысының болжанатынында анықталады. Клубтағы орта (барлық мүшелері тең және клубқа өз еркімен келеді) психологтың адамдармен әрқилы қатынастарды қалыптастыруына мүмкіндігін береді [4].

Психолог-практиктің ұйымдағы қызметінің сипаты оның ұйымның тұрақты қызметкері немесе шақырылған кеңесші болғанына байланысты. Тұрақты қызметкер ретінде қабылданған психолог өз ұйымында психологиялық қиындықтарды кәсіби шешуге қажеттінің барлығымен қаруланып, жұмыс жасай алатын лабораторияны, секторды, кабинетті, сыныпты құрастыруға тырысады.

Практикалық психолог іс-әрекеті аумағының бірқатар өлшемі бар:

- психологиялық ақиқаттың ерекшеліктерін міндеттейтін әлеуметтік ұйымның деңгейі;
- психологиялық қиындықтарды тудыратын адамдардың өмір салты және іс-әрекеттерінің сипаты;
- психологиялық қызметтерге мұқтаж адамдардың категориясы;
- психолог мәртебесі мен оның клиенттермен, қызметкерлермен қатынастарының құқықтық, сондай – ақ ұйымдастырушы реттелуінің дәрежесі.

Практикалық психолог ақиқаттың, яғни шынымен тіршілік ететін психологиялық, субъективті бейнелеудің; психикалық сананың; төменгі – жеке – даралық; орташа әлеуметтік ұйымдар деңгейі және адамдардың үлкен жиынының қатысуымен әлеуметтік процестермен анықталған жоғары деңгейлермен істес болады. Клиникалық бағдардағы психологтар негізінен жоғары деңгейлеріне тән қиындықтарды ескеріп, психологиялық ақиқаттың жеке-даралық және отбасылық деңгейлерінде қызмет етеді. Ұйымдастырушы психологтар топтық типтегі психологиялық ақиқатқа және топаралық қатынастарға енеді. Саяси психологтар үлкен әлеуметтік топтардың психологиясымен: қоғамдық пікірдің, әлеуметтік дау-дамайлардың, билік пен саяси күрестің механизмдерімен, этнопсихологиялық процестермен байланысты болады [5].

Практикалық психологтың клиенттері болып табылатын адамдар іс-әрекеттерінің сипаты, оның алдында тұрған күнделікті және табысты міндеттердің ерекшелігін міндеттейді. Мәселен, білім беретін мектеп психологы іс-әрекетінің ортасы ретінде оны оқушылардың оқуындағы және тәрбиесіндегі



қиындықтармен, олардың мінез-құлықтарындағы, қарым-қатынастарындағы, тұлғаларының қалыптасуындағы бұзылыстармен байланысты күнделікті проблемалардың шешілуіне бағдарлайды. Оның басты міндеті – оқушылардың қабілеттерін дамыту үшін психологиялық жағдайларды қалыптастыру. Психологтың әрбір балаға қатысты шешетін нақты міндеттері балалардағы қабілеттердің даму деңгейіндегі ерекшеліктерімен шарттанады.

Іс-әрекеттерінің ортасы менеджмент болып табылатын психолог кеңесшілер төмендегідей міндеттерді шешеді: ұйымдағы психологиялық ахуалды жақсарту және ондағы қызметкерлердің рухын арттыру; кадрлерді іріктеу тәжірибесін жетілдіру; ұйымдастырушы құрылымды өңдеу; қызметкерлердің қабілеттерін дамытуда оларға көмек көрсету; ұжымды біртұтас командаға жұмылдыру адамдарға стрессті жеңуге көмектесу; адамдардың ішкі құрылымы мен оның қызметінің арасындағы сәйкестікке жету; дау–дамайларды жою; психологтың тұрғысында өндірістік бағдарламаларды бағалау; мақтау мен жазалаудың орынды саясатын жүргізу; келіссөздерді, жарнаманы, маркетингті және т.б. қамтып, өндірістің нарықтағы іс-әрекетінің психологиялық аспектілері бойынша басшыларға кеңес беру.

Практикалық психолог іс-әрекеттерінің міндеттері мен түрлері оның клиенттері болып табылатын адамдардың кәсіби, жас ерекшелік, жыныстық білім берудегі және басқа да ерекшеліктеріне байланысты ұқсас дифференциаланады.

Психолог іс-әрекеттері аумағының ресми реттелуі, оның мәртебесін, қатынастарын, жұмыс жасау жағдайларын, ұсыныстарын жүзеге асыру мүмкіндіктерін анықтайды. Психологтың іс-әрекетінің аумағына оның кәсіби жүктемелерінің көлемі мен құрылымы да байланысты болады.

Психолог іс-әрекетінің аумағы бұл - оны белгілі бір түрде қабылдайтын, қайсыбір имиджге бөлейтін, оған азды-көпті маңызды сенім білдіретін әлеуметтік орта болып табылады.

Демек, психологтың өз ортасында кәсіби жалғыздықта немесе қызметкерлер мен жақтастарының ұжымында әрекет еткені маңызды рөл ойнайды.

Қорыта келгенде, психолог тұлғасында белсенділік, бастамашылдық, шешім қабылдағыштық, еріктік сапалар және әрекет барысы мен нәтижесін алдын-ала көре білушілікті құрайтын ұйымдастырушылық қабілеттің болуы оның кәсіби әрекетінде бірқатар жетістіктерге жеткізеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Психологическая служба в школе М., 1983, 78 с.
2. Рогов Е.И. Настольная книга практического психолога . Учеб. Пособие: В 2-х книгах М. Владос,1999, 145 с.
3. Пряхников Н.С. Профессиональное и личностное самоопределение. –М.: Ин-т практической психологии, 1996, 64 с.
4. Рабочая книга практического психолога: Технология эффективной профессиональной деятельности. – М.: «Красная площадь», 1996, 147 с.
5. Х.Т.Наубаева, К.Н.Ахмедиева. Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қызмет.Оқу құралы. Талдықорған 2012, 23-25 б.

ӘОЖ 37.01

## БАЛАЛАР ҮЙІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТЕНУІ

**Табарак З.**

*І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ, Zeuner.tabarak.89@mail.ru*

Ғылыми жетекші: п.ғ.д., профессор **Наубаева Х.Т.**

*Бұл мақалада балалар үйінде тәрбиеленушілердің тұлғалық әлеуметтенуі мәселесі қарастырылады. Жетім балаларды әлеуметтендіру мәселесіне шетелдік, отандық ғалымдардың зерттеулеріне, тәжірибелерге сүйене отырып, теориялық, практикалық тұрғыда сипаттау жасалынған.*

*В данной статье рассматривается проблема социализации личности воспитанника детского дома. Представлен сравнительный анализ проблемы развития личности ребенка в отечественных и зарубежных исследованиях.*

*This article deals with the problem of socialization orphanage. A comparative analysis of child's personality development in domestic and foreign studies.*

*Кілт сөздері: әлеуметтік тозу, әлеуметтік жетімдік, әлеуметтендіру.*

Қазақстанның саяси әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік өмірінде орын алған түбегейлі өзгерістер де жетімдік проблемасына үлкен ықпал етті. Балалардың әлеуметтік тозу, жастайынан ішімдікке салыну және нашакорлыққа берілу, қаңғыру, «әлеуметтік жетімдік» проблемалары көбейді. Аталған құбылыстар психикалық және физиологиялық ауытқушылықтарға ұшыраған балалар мен түрлі қылмыстардың, зорлық-зомбылықтардың құрбаны болған балалардың көбеюіне алып келуде. Осыған байланысты жетімдер мәселесі және оларға білім беру тәрбиелеу үдерісі, сонымен қатар, психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз ету, тек арнайы педагогикада ғана емес жалпы педагогика, психология, әлеуметтік педагогика және тағы басқа ғылымдардың ғылыми білім саласында көкейтесті мәселесі болып отыр. Бұл жағдайда аталмыш балалар тобы психологтар мен педагогтар, дәрігерлердің зерттеу нысанына айналууда.

Әлеуметтендіру — тұлғаның белгілі бір бейнесін дәріптейді, оның негізгі белгілері: адамның әлеуметтік қарым-қатынасы, достық, сүйіспеншілік, отбасы, өндірістік, саяси т.б. көрінеді. Әлеуметтендіру жүйесінің алдына қойған міндеттерінің екі тобы шешімін табады: тұлғаның әлеуметтік бейімделуі мен әлеуметтік кемелденуі. Бұл міндеттердің шешімі ішкі және сыртқы факторларға байланысты. Соның ішінде, сыртқы ортаның қайшылықтары баланың бойында дамып келе жатқан ішкі қарсылықты күшіне сай келуге тиіс. Адамның орталыққа ұмтылыс күші, сыртқы мәдениеттен әлдеқайда басым болуы қажет, сонымен қатар, оның жаңа ағымын үздіксіз сезінуі керек.

Жетім балаларды әлеуметтендіру мәселесін шетелдік, отандық ғалымдардың зерттеулеріне, тәжірибелерге сүйене отырып, теориялық, практикалық тұрғыда сипаттау өзекті мәселені шешуге себеп болады [1].

Айталық, жетім балалар үйінде тәрбиеленушілердің ерекшеліктерін және олардың педагогикалық – психологиялық даму өзгешеліктерін Е.М.Рыбиновский, Д.Янхольц, И.В.Дубровина, А.Г.Рузская, Дж.Боулби, И.М.Багажнова, С.А.Беличева, Ю.В.Васильева және т.б. ғалымдар қарастырды.

Отандық ғалымдар арасында, мысалы, Л.К.Керімов өз еңбегінде қиын оқушыны жеке дара қайта тәрбиелеу тұжырымдамасын және ондағы педагогтың іс-әрекеттің белгілі жүйесін жасап көрсеткен. Ш.Е.Жаманбалаеваның еңбектерінде девиантты мінез-құлықтың әлеуметтік аспектілері қарастырылған. Қазақстандағы балалар үйі мен



интернаттарда тәрбиеленуші жетім балалардың дамуы мен тарихын Л.Г.Ақжаркенова зерттей келе ондағы оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен әдістемесін дамытуға өзіндік үлес қосты [2].

Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, соңғы жылдары ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар саны қарқынды өсуде, әсіресе әлеуметтік жетімдер саны көбейіп келеді. Балалар үйіндегі балалардың 50 пайыздан астамы әкешелерінің ата-аналық құқықтарынан айрылуы, материалдық, тұрмыстық жағдайдың өте төмендігі, әйелдердің некесіз тууы, ата-аналардың түрмеде отыруы сияқты әлеуметтік себептер бойынша аталмыш мекемелерге қолданады екен. Ата-аналық құқықтарынан айрылған отбасылардың 96 пайызында әкесі немесе шешесі, немесе екеуі де ішімдікке салынған. Ішімдікке салыну әлі күнге дейін жетімдіктің негізгі себебі болып келе жатыр. Ерекше топты тастанды балалар құрайды. Баладан бас тартудың басым себептерін – баланың жазылмас ауруға шалдығуы (60 пайыз), сонымен қатар отбасындағы материалдық және тұрмыстық жағдайдың өте төмендігі (20 пайыз) құрайды. Бұл мекемелерде балаларға бірдей талап қойылып, нәтижелері де бірдей болуы көзделуімен, әрқилы көрсеткіштерге ие. Сонымен қатар, көбіне белгілі бір жасқа дейін сол мекемелер көлемінде ғана қарым-қатынасқа түсетіндіктерінен қоғаммен бетпе-бет тікелей келгенде көпшілігі тығырыққа тіріледі. Олардың әлеуметтенулері де осы тұрғысынан ерекшеленеді.

*Жетім балаларға арналған мекемелердегі әлеуметтік-психологиялық іс-әрекеттің негізгі міндеттері: жетім балаларға әлеуметтік қолдау көрсету, денсаулығын сақтау, білім алуға көмектесу, тәрбиеленушілерге кәсіптік бағдар беру, өмірлік жоспарларын дұрыс қалыптастыруға, әлеуметтік-тұрмыстық іскерліктер мен дағдыларды үйренуге бағыттау, қоғамда белгіленген заңдылықтарға сай өмір сүруге бейімдеу, балалардың дамуына қолайлы жағдай жасау.*

*Балалар үйіндегі әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің мақсаты мен міндеттерін зерттеу нәтижелері сондай-ақ, ресей мен шетелдердегі осындай мекемелерде жүргізілген тәжірибе негізінде іс-әрекеттің төмендегідей: әлеуметтік, педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, дәрігерлік-әлеуметтік, коррекциялық-дамытушы және патронажды бағыттары анықталды [3].*

*Әлеуметтік бағыт баланың әлеуметтік статусынан туындайды. Бұл жұмыс баланы балалар үйіне орналастырған сәттен басталады. Баланың әлеуметтік даму дәрежесін айқындау үшін әлеуметтік біліктілігін, дағдыларын анықтайтын диагностикалық карта пайдаланылады. Диагностикалық зерттеу баламен алғаш сұхбат жүргізуден басталады.*

*Бұл бағыттағы маңызды жұмыстардың бірі кәмелетке жетпеген тәрбиеленушілердің әлеуметтік-құқықтық қорғауы болып та табылады; тәрбиеленушілердің үй-тұрмыстық және т.б. құқықтары мен қызығушылықтары; балалардың қорына қаржының түсуін қадағалау (зейнетақы, алимент т.б.) олардың ата-анасы, туысқандары мен аға-қарындастарына іздеу салу, туыстық қарым-қатынастарды жандандыру, туыстарына балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан балаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру. Сонымен қатар, әлеуметтік бағыттағы іс-әрекет бітіріп кеткен тәрбиеленушілермен 3 жыл көлемінде байланыс жасап отыруды қарастырады. Олардың арасын жалғастырушы ретінде түрлі постинтернат бағытындағы мекемелер жұмыс істейді.*

*Ал педагогикалық бағыт бір-бірімен байланысқан бірнеше аспектілерді құрайды. Бұл бағытта тәрбиешінің міндетіне тәрбиеленушілердің мектепте алған білімін нығайту, оның теориялық және практикалық білімін кеңейту, оқу материалымен жұмыс істеуде өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын*

қалыптастыру, ақыл-оймен жұмыс жасайтын үлкен ұжымдағы мәдениетті үйрету (тыныштық сақтау, жолдастарына жұмыс уақытында әр түрлі сұрақтар қоймау); өз уақытын ұтымды пайдалануға, сондай-ақ, тәрбиеленушінің өз жұмыс уақытын жоспарлай алуға, өзін-өзі бақылау жасауға, қиындықтарды өз бетінше жеңе білуге, балалардың өзін-өзі басқару және бос уақыттарын ұйымдастыруға үлкен көңіл бөлуге негізделген. Балалар үйіндегі педагогикалық бағыт іс-әрекетін жүзеге асыруда алғашқы балалар ұжымын ұйымдастырудың маңызы зор [4].

Балалар үйі, мектеп-интернаттағы әлеуметтік-психологиялық бағыттағы жұмыс ғылыми-зерттеулер және практика көрсеткендей, ата-ана қамқорлығынан айырылған балалардың психологиялық дамуында болатын көптеген ауытқулар, көңіл-күйлері мен эмоцияларының бұзылуы, өзін-өзі тану мәселелеріне бағытталады. Мекемелердегі балалар мен педагогикалық қызметкерлерге кеңес беру және профилактикалық жұмыстармен психологиялық жағынан қамтамасыз ету психологиялық қызмет немесе педагог-психолог арқылы жүзеге асады.

Балалар үйіндегі педагог-психологтың іс-әрекет бағытына енетіндер:

- Психологиялық диагностика, мұнда психолог әр тәрбиеленушіге жеке тексеру жүргізіп, оның психикалық дамуына болжам жасайды. Сонымен қоса, балалардың танымдық ой-өрісіне (қызығушылығы, қабілеті, икемділігі т.б.) және құрбыларымен, үлкендермен қарым-қатынас ерекшелігіне диагностика жүргізеді және оның бұзылу себептерін айқындайды.

- Психологиялық алдын- алу, балалардың тұлғалық және интеллектілік дамуындағы бұзылуларды өз уақытысында ескеріп, әр жастағы тәрбиеленушілердің толыққанды психикалық дамуына жағдай жасауға бағытталады. Сонымен қатар, бұл бағытқа олардың даралық ерекшеліктері мен қабілеттеріне жүргізген диагностикалық зерттеулерді талдау мақсатымен психологиялық ахуал орнатуға, яғни педагогикалық ұжымдағы қарым-қатынас формасын жандандыруға (ересек-ересек), тәрбиешілердің балалармен қарым-қатынасын жақсартуға (ересек-бала) байланысты педагогтарға және балалар мекемелерінің басқа да қызметкерлеріне, патронажды бағыттағы ата-аналар мен тәрбиешілерге де тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелеріне нақтылы нұсқаулар береді және т.б.;

Жетім балаларға әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан көмек көрсету, өмір сүруге үйрету, өзімен қатар алып жүру әлеуметтік педагог, психологтардың, тәрбиешілердің, кәсіби іс-әрекеттерінің жүйесі болып табылады. Бұл жетім балаларды өзімен қатар алып жүру баланың бойындағы жеке қасиеттерге сүйену арқылы іске асырылады. Жетім балалардың тұлғалық әлеуметтенуіне бағытталған педагогикалық алғы шарттар жасалуы және теориялық тұрғыдан жүйеге келтірілуі, кезек күттірмейтін мәселе деп айтуға болады.

Балалар үйіндегі тәрбиеленушілер шектеулі қарым-қатынастың шеңберіндегі әлеуметтік байланыстардың тұйық жүйесінде өмір сүреді. Отбасының, білім беру жүйесінің әлеуметтендіру әсері барынша кемиді, достарымен, құрдастарымен қарым-қатынас шеңбері тарылады. Қоғам мекемедегі баланы шеттетіп, оны өзінен және де мәдени құндылықтар мен заңдылықтардан алшақтатады. Балаға қоғамнан алшақтату жағдайында әлеуметтік мәдени тәжірибені жеткізу қиындайды, ол ересек болған кезде де орны толмас тапшылық болып қалады.

Оларға тән қасиеттер: агрессия, алаңдаушылық, мінездегі жат қылықтар. Аталып отырған мәселе қоғамда кенінен орын алуда, сондықтан да одан сырт айналу қажет емес. Бұл мәселе жөнінде мемлекет тарапынан атқарылып жатқан іс-шараларды жүздеген мектеп-интернаттардың, балалар үйі мен мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мекемелердің және т.б. ұйымдардың жұмысынан байқай аламыз. Жетім балалар мәселесіне байланысты қабылдаған бірқатар нормативтік құжаттарда ата-ана



қамқорлығынсыз қалған балалардың уақытша, түпкілікті отбасында тәрбиеленулері, рухани-адамгершілік, еңбек тұрғысынан жан-жақты дамуы, білім алуы және әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілуі қадағаланады.

Жалпы адамды тәрбиелеудің әлеуметтік негіздерінің, мәдениеттің өзіне тән ерекшелігі, тұлғаның жан-жақты дамуының басты шарты адамилық мәдениеттің барлық мұратын игеру болып табылады. Екіншіден, тәрбиенің мақсаты әрбір адамды тәрбиелеу. Тәрбиенің әсері дегеніміз-қалыптасып келе жатқан тұлғаның ортамен мақсаттарға сай өзара қарым-қатынасы болып табылады. Әлеуметтік тәрбие – өзіне тән әдістер арқылы, сонымен қатар экономикалық саяси, құқықтық идеалды қалыптастыратын тәрбие кеңістігі екенін бүгінгі педагогтық қауым мойындауда [5].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Асылбекова М.П. Балалар үйінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана, 2007. – 117 б.
2. *Войтенко Т.П.* Дети-сироты как объект социально-психологической работы. – Благовещенск, 2000.
3. *Грановская Р.М.* Психологическая защита. М., 2007.
4. *Дементьева И.Ф.* Социально психологические особенности детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей. – М.: Наука, 1991
5. Зубайраева З.А. Жетім балаларды әлеуметтендіру // Әдістемелік құрал. – Шымкент: Жебе, 2007. – 37 б. (С.Ж. Піралиевпен, Р.Р. Масыровамен авторлық бірлестікте).

#### ӘОЖ 317.2

### ОЙЫННЫҢ КОРРЕКЦИЯЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН БАЛА ӨМІРІНДЕГІ ЭМОЦИОНАЛДЫ МАҢЫЗЫ

**Капенова А.А.,** п.ғ.к., доцент

*І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қаласы, [kapenova@list.ru](mailto:kapenova@list.ru)*

*Мақалада ойынның жетекші әрекет ретіндегі психологиялық-педагогикалық мәселелері, коррекциялық мүмкіндіктері мен баланың тұлға болып қалыптасуындағы эмоционалды маңызы қарастырылады.*

*В данной статье рассматриваются проблемы формирования и развития детской игры, психолого-педагогические возможности игры в развитии детей. Даны основные характеристики видов игры, структуры игры и игровых отношений. Особое внимание уделено коррекционным возможностям игры, эмоциональному значению игровой деятельности в жизни ребенка.*

*This article discusses the problems of formation and development of child's play, psycho-pedagogical features of the game in the development of children.*

*Тірек сөздер: психологиялық ойын-жаттығулар, рефлексия, символды ойындар, ережелі ойындар*

Әр түрлі уақытта ғалымдар баланың психикалық әлемінің өзгешелігін түсінуге тырысып, әрдайым ойын проблемасына зер салды. Адам өмірінің жағымды кезеңі ойын әрекетімен байланысты. Себебі неде? Бала өміріндегі ойынның маңызы қандай? Балалар ойыны, оның мазмұны, тарихы және мәні – балалар психологиясының басымды (приоритет) проблемаларының бірі болып табылады. Көпденгейлі, ұйымдастыруы күрделі іс-әрекет ретінде ойын – түрлі саладағы мамандар назарында.

Ойын - бұл адамның мінез-құлқын өзі басқаруымен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізіндегі іс- әрекеттің бір түрі. «Ойын» сөзі мағынасының түп-төркіні қуаныш, өзілге сәйкес келеді. Ойын әрекеті:

-әлемді тануда, ой-өрісінің, тілінің дамуында;  
-адами тәртіптердің тәжірибесін игеруде;  
-әлеуметтік қарым-қатынасты қалыптастыруда;  
-дене дамуында ерекше рөл атқарады. Осы ретте, БҰҰ ойын әрекетін баланың табиғи дамуына қажет әмбебап бала құқығы ретінде қабылдаған болатын.

Психологиялық ойын-жаттығулар адамның үйреншікті, қалыпты жағдайда көрсете бермейтін қабілет, тәртібі, өзіндік күші, шығармашылық қабілет, интеллектуалды ресурс және қарым-қатынас іскерлігін дамытады. Ойын-жаттығулар барысында қатысушы әлеуметтік маскасын шешіп, өзін еркін, шынайы сезініп, «Мен» бейнесі арқылы «балалыққа саяхат» жасайды.

Психологиялық ойын - жаттығулар баланың жан дүниесінің, рухани жай - күйінің үйлесімді дамуына ықпал етеді. Қоршаған адамдармен қарым - қатынас жасауда қиындық көретін балалар, ұжымға бейімделуінде, білімді меңгеруде кедергілер сезінеді.

Педагогикалық мүмкіндіктеріне сәйкес ойын:

1. Білім беретін ойындар;
2. Тәрбиелік ойындар;
3. Дамытушы ойындар;
4. Жеке тұлғаны әлеуметтендіретін ойындар;
5. Диагностикалық ойындар, деп түрленеді.

Баланы оқуға қызықтыру және дамыту мақсатында танымдық іс - әрекетін қалыптастыру мақсатында сабақ алдында, ашықтық, сенімділік деңгейін, эмоционалды еркіндікті, топта бірлік орнатуға жағдай жасайтын психологиялық жаттығулар өткізіп, оларды жүргізу ерекшеліктерін ескеру керек.

**Ойын-жаттығулар жүргізу ерекшеліктері:**

1. Ойынға қатысушылардың мотивациясы болуы тиіс. Психолог немесе жүргізуші қатысушыларды қолдап, олардың күшті жақтарын ерекшелеп отыру керек.
2. Топтың эмоционалды ахуалын, көңіл күйін бақылау. Ойын барысын, динамикасын қадағалау, қажет жағдайда бәсекелестік жағдаяттар деңгейін қолдау.
3. Әр ойын-жаттығулар соңында талдау жүргізу, өмірмен байланыстыру.
4. Мүмкіндігіне қарай коррекция жұмыстарын жүргізу, өзіндік бағалауды дамыту.
5. Қатысушыларға түрлі рөлдер арқылы «Мен» бейнесін ашуға мүмкіндік беру, өзін және өзгелерді құрметтеу.
6. Ойынды қорытындылау.

Американ ғалымдары **Хартли** мен **Фрэнк** ойын әрекеті баланың айналамен қатынас орнататын «өзіндік тілі» деп сипаттай келе, ойынның атқаратын бірнеше қызметін көрсетті:

- 1. Ойынның еліктеушілік қызметі** барасында бала өзін болып жатқан оқиғаның бір құрамдас бөлшегі ретінде сезінеді.
- 2. Ойынның рөлдік қызметі** балаға өз тілек, мүддесін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.
- 3. Ойынның эмоционалды қызметі** барысында бала түрлі сезім, күй кешеді(қуаныш, импульс, адреналин).
- 4. Ойынның дамытушылық қызметі** (аргессия, «Мен» бейнесі).
- 5. Ойынның мәселені шешу қызметі.**
- 6. Ойынның ұлтаралық қатынас қызметі.** Ойын – балаға жалпы адамзаттық құндылықтарды, түрлі ұлт өкілдерінің мәдениетін игеруге мүмкіндік туғызады.

7. **Ойынның емдік қызметі** – баланың қарым-қатынаста, оқуда, мінез-құлқында туындайтын әр түрлі қиындықтарды жеңу құралы ретінде қолданылуымен түсініледі. Ойынның мұндай қызметін Д.Б.Эльконин аса жоғары бағалайды. Д.Б.Эльконин ойын барысында *балалық эгоцентризм* байқалатынын айтып кеткен. Мәдени зерттеулер авторы нидерландылық **И.Хейзинг** ойын мәдениеттің аса жетістігі әрі алғышарты деп сипатап, оның бірнеше белгілерін көрсеткен:

1. Ойын мазмұны, уақыты, өтетін орны.
2. Ойын ережелерін ерікті орындау.
3. Ойын ережелерін сақтау.
4. Материалды пайда болмауы.

Әлеуметтену нәтижесінде адамдар белгілі бір білімдерді, құндылықтар мен нормаларды игеріп, нақты қоғамда, әлеуметтік топтар мен ұйымдарда өмір сүру тәжірибесін жинақтайды әрі тұлғаға, сол қоғамның тең құқылы мүшесіне айналады. Ойын барысында баланың әлеуметтену үрдісі де жүзеге асады. Сюжетті - рөлді ойындарда бала ересектердің өмірі мен іс-әрекетін қайталайды. Олардың қарым-қатынасын көрсетеді, үлкендерге еліктей отырып, олар өзі рөлін және ойын логикасын жасайды[1,2]..

Ойын және де балаларды кішіпейілділікке, бауырмашылдыққа тәрбиелеп, сөздік қорын кеңейтеді.

Ойын әрекетінің құрылымына: **ойынның мақсаты, мотиві, құралдары, жоспарланған әрекет және нәтиже** жатады. Басқа да іс-әрекет сияқты ойын әрекетінде баланың барлық тұлғасы: оның танымдық психологиялық үрдістері, ерік сапалары, сезімі мен эмоциясы, қызығушылықтары мен қажеттіліктері толығымен қамтылады. Психологиялық ойын-жаттығуларды А.П.Ситников: «оқу мен ойынның өзара бірлігі негізіндегі білім беруші ойындар» - деп түсіндіресе, А.Н.Леонтьевтің іс-әрекет теориясы, Д.Б.Элькониннің ойын әрекетінің онтогенез теориясы, Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи даму концепциясында **ойынның негізгі мотиві** «ересектерге еліктеу» болып табылатынын айтады.

Ойын түрлері оның мазмұны, тәрбиелік және дамытушылық рөліне байланысты жіктеледі. Алғашқылардың бірі болып ойын классификациясын **П.Ф.Лесгафт** ашып, бала ойынын: *қимылды, ережелі және имитациялы* деп бөлді.

Ал, **К.Гросс** ойынды: *жекелей және әлеуметтік ойындар* деп, күрделі екі бағытта қарастырды.

К.Гросс бойынша ойын түрлері

I	II
<b>Жекелей ойындар</b>	<b>Әлеуметтік ойындар</b>
<p><b>1. Қимыл - қозғалыс мүшелерін дамытуға арналған ойындар</b>(жүгіру, секіру, лақтыру т.с.с). Бұл ойындар барысында бала ептілік, жылдамдық, сенімділік басқа да көптеген сапаларды меңгереді.</p> <p><b>2.Сезім мүшелерін дамытуға арналған ойындар.</b> Бала ойын арқылы көру, есту, сипап сезу әсерін алады.</p> <p><b>3. Заттық ойындар</b> бала қиялын, шығармашылығын дамытуға мүмкіндік береді.</p> <p><b>4. Психикалық үрдістерді дамытуға арналған ойындар.</b></p>	<p><b>1. Ойын-жарыстар</b></p> <p><b>2. Еліктеушілік ойындар</b></p> <p><b>3. Рөлдік ойындар</b> (қыз баланың ана болып ойнауы)</p> <p><b>4. Әлеуметтік ойындар.</b></p>

Ал, **Ж.Пиаже** ойынды: *ойын-жаттығулар, символды ойындар және ережелі ойындар* деп үшке бөлген. **А.В.Запорожец, А.П.Усовалар** ойынды бала белсенділігімен тікелей байланыстыра келе: *шығармашылық ойын*(құрылыс ойындары, драмалы ойындар), *қимылды және дидактикалық ойындар* деп жіктеген.



**З.М.Богуславская, Е.О.Смирновалар** ойынды *ойын-ертеңгіліктер, рөлдік ойындар, жарыс ойындар және ойын сабақтар* деп бірнеше түрге бөледі.

**С.Л.Новоселова** бойынша ойын түрлері

1	2	3
баланың бастамасымен жүргізілетін ойын	ересектер бастамасымен жүргізілетін ойын	ұлттық, дәстүрлі ойын
-сюжетті-режиссерлі ойындар -түрлі құралдар, заттар, ойыншықтармен ойналатын ойындар	-дидактикалық ойындар -ережелі ойындар	халық ойындары

**К.Оталора, Л.Ф.Обухова** бойынша ойын түрлері

1	2	3	4	5
Сюжеті жоқ көңіл көтеруге арналған ойын-ертеңгіліктер	Сюжеті жоқ қимыл-жаттығулар негізіндегі ойын-жаттығулар	Сюжетті ойындар	Еліктеуші ойындар	Дәстүрлі, ұлттық ойындар

**Г.Крайг** бойынша ойын түрлері

1	2	3	4	5	6
Түйсік, сезім мүшелерін дамытуға арналған сенсорлы ойын	Дене тепе-теңдігі, координацияны дамытатын моторлы ойын	Энергия қуатын шағаратын импульсті ойын	Сөздік ойындар	Рөлдік ойын	Ережелі ойын

Ойын терапиясы саласында аса мәнді зерттеулер жүрізіп жүрген **К.О.Коннор** ойынды бірнеше түрге жіктеді. Ойын терапиясы – бала психикасын дәрсіз емдеу, көңіл - күйіне, өзіне, қоршаған ортаға қарым - қатынасын өзгерту, пәнге қызығушылығын арттыру, іскерлік, белсенділік және сөздік қоры мен тіл байлығын дамытудың жолы, тиімді әдісі. Ойын терапиясы тұлғаға рөлдік ойындар негізінде ықпал ететін әдіс.

**К.О.Коннор** бойынша ойын түрлері

1	2	3	4
биологиялық ойындар	тұлғаишілік ойындар	тұлғалық ойындар	социомәдени ойындар
Қимыл-қозғалыс ойын	Баланың белсенді, зерттеушілік әрекеті барысында ойналатын ойын	Бала бойында ынытмақтастық, жолдастық, бәсекелестік қасиеттерін дамытатын ойын	Ұлттық ойындар

Ойын-жатығулар жүргізілетін бөлме баланың еркін отырып тұруына жағдайды, алаңдататын кедергілерден аулақ жабық бөлмеде өтіледі. Жүргізуші тарапынан ақыл айту, қорқыту, бағалау, тыйым салу рұқсат етілмейді. Балаға өздігінше әрекет жасау еркіндігі көп беріледі. Тек ойын аяқталғанша ойын өтіліп жатқан бөлмеден шығуға, бір-біріне дөрекілік әрекет жасауға тыйым салынады[3,4].

Ойын өтілу уақыты бала санына байланысты 35-50 минут. Бір топтағы бала саны 15-тен аспау қажет. Баланың өз белсенділігі басым болуына жағдай жасалады. Алайда, көмек көрсету тағы басқа рұқсат етілмейді.



Ойын – жаттығулар түрлі таным үрдістерін дамытып, икемділікті еріктік ауытқуларды қалпына келтіру үшін пайдаланады. Рефлексия кезінде бала ойынын өзіне алған әсерін қысқаша ғана айту арқылы сол сәттегі өз күйін анық тани білуге үйретеді. Осылайша, ойын – бала тәртібі мен мінез-құлқы дамуында коррекциялық мүмкіндіктерге ие және бала өмірінде эмоционалды маңызды құрал ретінде де белгілі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Авдулова Т.П Психология игры: современный подход., Уч пос. -М.: 2009. 208с
2. Прихожан А.М. Психокоррекционная работа с тревожными детьми. В кн.: Активные методы в работе школьного психолога /Под ред. И.В. Дубровиной. - М., 1999., 180с
4. Эмоциональные нарушения в детском возрасте и их коррекция /В.В. Лебединский, О.С. Никольская, Е.Р. Баенская, М.М. Либлинг. М., 2002., 128с
4. Biehler R., Snowmen I. Psychologe Applied to teaching. - Boston, 1999
5. Как научить ребенка слушать взрослого (советы для родителей). - М.: 2005. 204с

**ӘОЖ 822. 159.9**

### **БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЛЕУ**

**Наубаева Х. Т., п.ғ.д., профессор,  
Құдысқызы Ж., магистрант**

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы, [Zhuldyz\\_xing@mail.ru](mailto:Zhuldyz_xing@mail.ru)*

*Бұл мақалада білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде болашақ мамандарды дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білімді алу үшін қажетті жағдайлар жасау туралы жазылған.*

*В этой статье главная задача образований национальной и гражданской ценностей, на основе достижений опыта и науки формировать, развивать и профессионального навыки.*

*In this article, the main task of the national entities and civil values, based on the achievements of science and experience to shape, develop and professional skills.*

**Кілт сөзі:** *медиабілім, коммуникативті, бұқаралық, идеология, рекреативті, жаһандану, интегратив, психика.*

Болашақ ұрпақтың білім алуы мен тәрбиесі, оның дамуы қашанда аса маңызды мәселелердің бірі болса, жаңа ғасырға енген қазіргі кезеңде жоғары технологиялық ақпараттық қоғамның мүмкіндіктерін пайдалана отырып білім мен тәрбие беру көзделіп отыр. Өйткені, қоғамның қай саласында болсын жаңа технологияға кеңінен мән беру өмірдің өзі талап етіп отырған мәселе, олай болса қандай да жаңалықты қабылдауға бейім және оларды меңгеруге дайын жастардың жаңа технологияларға лайықталған білім мен тәрбие алуына ерекше көңіл бөлу заңдылық. Осы орайда жастардың қазіргі қоғамдағы орны және ұлттық құндылықтардың сақталуы мен тәрбиенің маңызы жайында еліміздің Президенті Қазақстан жастарының I съезінде сөйлеген сөзінде өте маңызды әрі көкейкесті мәселені көтерді. Н.Ә.Назарбаев аталған кездесуде: «Жастардың бойында құндылықтардың дұрыс жүйесін қалыптастыру керек, оның негізінде еңбексүйгіштік, ар-намыс, парасаттылық, өзін-өзі тұрақты жетілдіруге ұмтылыс және оқу, тәртіп сияқты қасиеттер жатқаны жөн» деп қазіргі жастардың бойында аса қажетті құндылықтарды тәрбиелеуді одан әрі жетілдіру керектігін және

оны білім мен тәрбие беруді дұрыс ұйымдастыру арқылы қалпына келтіру керектігіне мән беру қажеттілігін ерекше атап өтті. Сондай-ақ елбасы, қазіргі кезде бұл құндылықтарды жастар мен жасөспірімдердің бойында қалыптастыру үшін әртүрлі іс-шараларды жүзеге асыру арқылы қол жеткізу керектігін айта отырып, әсіресе *бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалына* үлкен мән берудің тиімділігіне және оның бұл мәселелерді жүзеге асыруда аса маңызды құрал екендігіне тоқталды [1].

Қай кезеңде болсын қоғам талаптарына лайықты азаматтар тәрбиелеу үлкен жауапкершілікті қажет ететін үрдіс екені белгілі. Осыған байланысты қоғамның жаңа ХХІ ғасырға аяқ басқан кезеңіндегі түбегейлі өзгерістер мен жаңалықтарға толы мерзімде болашақ азаматтарға білім мен тәрбие беру мекемелерінің алдында жауапты міндеттер тұр. Бүгінгі күні ақпараттық технологияларға бейімделген білімді, тәрбиелі, мәдениетті тұлғаны өмірге дайындауға барлық мүмкіндіктер бар және оған әртүрлі факторлар әсер ететін болса, солардың негізгілерінің бірі ретінде бұқаралық ақпарат құралдары мүмкіндіктеріне қоғамның кеңінен көңіл бөле бастауы бекер емес. Өйткені, өзінің кең мүмкіндіктеріне қарай кейінгі кездері бұқаралық ақпарат құралдары адам өмірінде белгілі дәрежеде ықпалды роль атқарып отыр. Осы тұрғыдан қарастырғанда, қазіргі уақытта ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін ескермей рухани өмірдің қай саласындағы да әлеуметтік-мәдени дамуды елестету қиын болса, олардың ең алдыңғы қатарында білім беру жүйесі тұр. Білім беру мекемелерінің алдына қойылып отырған қазіргі басты талап – жеткіншектерге заманға лайықталған білім, тәрбие берумен қатар, олардың өздігінен білім алып, өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландыру, сонымен қатар оларды танып-білуге бейімдеу болса, бұқаралық ақпарат құралдары өздігінен білім алудың негізгі көзі, әрі басты құралы. Демек, тұлға қалыптастыру тұрғысында өскелең ұрпақты тәрбиелеу қазіргі қоғамның басты міндеттерінің бірі, бұл тұрғыда адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін барлық негізгі факторларды, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарының ерекше ықпалдық факторын да қарастырған маңызды.

Жасөспірімдердің мектептегі оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыру үшін қазіргі кездегі әлемдік өзгерістерді ескере отырып білім беру міндетті болып табылады. Өйткені, әлеуметтік ортадағы мақсатты бағытталған тәрбие үрдісінде ғана адамның әлеуметтік-құлықтық бағдарламасын жасау жүзеге асады және адам жеке тұлға ретінде қалыптасады. Соған сәйкес, тұлғаның әлеуметтік дамуы нақты тарихи сипатқа ие болады. Демек, тұлға қоғамдық қатынастардың субъектісі, нәтижесі бола отырып өзінің белсенді қоғамдық қимылы арқылы қалыптасады. Бұл мәселеде бұқаралық ақпарат құралдары (баспасөз, радио, теледидардан бастап интернетке дейін) интерактивті айрықша маңызға ие болып отыр.

Осы тұрғыдан қарастырсақ, жаңа технологиялар заманында уақыт талаптарына жауап бере алатын тәрбиелік әдістерді, құралдарды анықтап, оны қолданысқа ендірудің қажеттілігі туындайды. Педагог ғалымдар әр елдің тәжірибелерін қарастыра отырып, тәрбие беруде барлық әлеуметтендіру институттарының бірлесіп әрекет етуі тиісті нәтиже беретінін үнемі айтуда. Ал тәрбие институттары ретінде ең алдымен отбасын, оқу-тәрбие мекемелерін қарастыратын болсақ, сонымен қатар соңғы уақыттарда олардың қатарына бұқаралық ақпарат құралдары да енеді. Сондықтан, бұқаралық ақпарат құралдарының оқу-тәрбие үрдісіндегі рөлінің ұлғаюына қарай, оның мүмкіндіктерін педагогика және психология тұрғысынан тереңірек талдауды қажет етеді. Әсіресе бұқаралық ақпарат құралдарының танымдық-тағлымдық, ақпараттық, рекреативті, релаксациялық, коммуникативті мүмкіндіктері жан-жақты зерттеле бастады және педагогикада жаңа «медиабілім» бағыты пайда болды. Медиабілім берілу қажеттігін ұсынған тұжырымдамалар мен оларды жүзеге асыруға арналған бағдарламалар бұқаралық ақпарат құралдарының барлық түрлерінің және соған қатысы бар техникалық құралдарды пайдалана білуге жасөспірімдерді үйретуді, соған орайбұл



іс-әрекетке болашақ мұғалім мамандардың дайындығын жүзеге асыруды көздейді. Тұжырымдамалардың негізінде көптеген шетелдік ғалымдар медиабілім проблемасына кеңінен көңіл бөліп, бұл мәселе бойынша зерттеулер жүргізуде. Ол зерттеулерде медиабілім берудің негізгі тармағы болып табылатын бұқаралық ақпарат құралдары ролінің оқушылар өмірінде барынша артып отырғандығы көрсетіледі. Сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарының бүгінгі күні ересек адамдардан гөрі балалардың өмірінде елеулі орын алатындығына байланысты олардың мүмкіндіктеріне мән беру маңызды болып отырғандығы айтылады[2].

Қазақстан республикасының жаңа формация педагогына үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасында көрсетілгеніндей, қазіргі білім беру жүйесіндегі дағдарыстардың болуы білім тиімділігінің жетіспеуіне ғана байланысты емес. Ол жас ұрпақтың интеллектуалдық, жеке тұлғалық, адамгершілік-рухани дамуында жіберілген кемшілік, сонымен қатар білім жүйесінің жеке тұлғалық менталитетін қалыптастыруда, жалпы адамзаттық құндылық, толеранттылық және ынтымақтастық социум тұрғысынан білім беру жүйесінің дайындығы жоқтығынан делінген. Сондықтан педагогикалық білім берудің әртүрлі кезеңдерінің мақсаты – педагог біліктілігінің дамуына көмектесу, кәсіби міндеттерді шешудегі қабілеттерін жетілдіру болып табылады.

Болашақ мұғалімнің тәрбие үрдісіне жан-жақты дайындығы, мектепте оқушылардың тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін пайдалана алуы мәселесі студенттің мамандықты меңгеру барысындағы дайындығына тікелей байланысты екені белгілі. Қоғамның постиндустриалды дамуы және ақпарат алу мүмкіндігінің жоғарылауы жағдайында, жоғары кәсіби деңгейді иеленген, шығармашылыққа және өзіндік жұмысқа қабілеті бар маман дайындау мәселесі одан әрі ерекше роль атқара бастады. Ақпараттық технологиялардың аса жоғары қарқынмен дамуы мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін өзгертуді, демек, болашақ мұғалімдердің өз қызметінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана білуге дайындығы мәселесін алға қойып отыр. Сондықтан, педагогикалық мамандыққа даярланып жатқан студенттер бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәрбие үрдісіне оқу орындарында дайындалуы міндетті және бұқаралық ақпарат құралдарының оқушылардың тәрбие үрдісін ұйымдастыруда пайдалана алуға дайындалуы өте маңызды мәселе болып табылады. Дейтұрғанмен, соңғы кездері бұқаралық ақпарат құралдарының тәрбиеге ықпалдылығы жағынан кең мүмкіндіктерін ізденушілер біршама қарастырып жүргенімен, зерттеу жұмыстарының арасында болашақ мұғалім мамандарды оларды тәжірибеде пайдалана білуге дайындау туралы нақты ғылыми тұрғыдан негізделген, жүйеленген еңбектердің жоқ екендігіне көз жеткіздік. Сондай-ақ, төмендегідей бірқатар қарама-қайшылықтарды анықтадық, атап айтқанда:

– жасөспірімдердің өмірге көзқарасын қалыптастыруда ерекше насихат құралы бұқаралық ақпарат құралдарының тәрбие ісінде қажеттілігі жоғары болғанымен, ол мүмкіндіктерді мұғалімдердің пайдалануы барысында қиындықтармен жолығуы;

– бұқаралық ақпарат құралдары ролінің артып отырғандығына қарамастан, болашақ мұғалімдердің бойында ақпарат құралдарын тәрбие үрдісінде пайдалана білу іскерлігі қалыптаспағандығы;

– бұқаралық ақпарат құралдарының тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдалануға болашақ мұғалімдерді мақсатты түрде дайындауға байланысты ғылыми негізделген әдістердің болмауы.

Бұқаралық ақпарат құралдары жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандырады дегенді негізге алған В.Д. Сошников бұқаралық ақпарат құралдары функцияларын жүйелей отырып, оның ішінде электронды бұқаралық ақпарат құралдарының, яғни теледидардың төмендегідей функцияларын бөліп қарайды: ақпараттық, мәдени-ағартушылық, интегративті

(қалпына келтіру, толықтыру) коммуникативті, әлеуметтік-педагогикалық, ұйымдастырушылық, білім берушілік, рекреативті. Ал зерттеуші, Н.В.Махова бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтік институт ретінде төмендегідей функцияларды атқаратынын көрсетеді: идеологиялық және саяси ықпалдылық функция, әлеуметтік қоғамды қолдау, ұйымдастырушылық, ақпарат беру, білім беру, көңіл көтеру, сонымен қатар, аудитория қалыбын өзгерту немесе қолдау, олардың сеніміне кіру, қандай да бір әрекетті қабылдау немесе керісінше жоққа шығаруда ішкі дайындықты қалыптастыру, ақпараттан белгілі бір мағынаны бөліп ала білу функциялары. Яғни, бұқаралық ақпарат құралдары бір өзі бірнеше аса маңызды функцияларды атқара отырып, адамзатқа қызмет етуде[3]. Біз жоғарыда аталған ғалымдардың бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі функцияларын топтастыруын есепке ала отырып, өзіміздің жалпы топтастыруымызды жасадық. Негізінен алғанда біздің зерттеуіміз бойынша педагогикалық үрдістегі функциялар бізге біршама жақын болып келеді. Педагогикалық үрдістегі функция – педагогикалық процеске арнайы ұйымдастырылған және мақсатты түрде пайда болып өмір сүріп келе жатқан орын, роль дегенді білдіреді. Педагогикалық процестегі функциялар білім берушілік (білім, іскерлік, дағдыны, мәдени құндылықтар жүйесін беру арқылы), тәрбиелеушілік (тәрбие мен оқыту үрдісіндегі құндылық бағыттар мен қарым-қатынастар жүйесін қалыптастыру кезінде байқалады), дамытушылық (тұлғаның танымдық психикалық үрдісінде дамуы мен қалыптасуын, логикалық әдістердің, операциялардың, талдау-талқылау, ойтоқтаманың, танымдық белсенділігінің, қызығушылықтарын, қабілеттерін көрсетеді), әлеуметтендіруші (бірлескен іс-тәжірибені меңгерумен, қоғамдық қатынастар мен әлеуметтік тұрғыдан ынғайлы мінез-құлықты иеленумен көрінеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының адамдардың, әсіресе жасөспірімдердің тәрбие үрдісінде атқаратын функцияларының қай-қайсы да білім берушілік, тәрбиелеушілік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік міндеттерді жүзеге асыратыны сөзсіз. Аталған функцияларды жүзеге асыра отырып, олар білім беру жүйесінде айтарлықтай үлкен роль атқарады. Жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының әрбір функциясы білім мен тәрбие беру үрдісінде жасөспірімдерді қажетті ақпараттарды беру арқылы олардың қалыптасып, дамуында өзіндік үлес қосып отырғандығы анық. Бір ғана ақпараттық функциясы арқылы жасөспірімдердің күнделікті ақпарат алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыруда мейлінше жоғары рейтингіні алып отырғандығы белгілі. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарының бағдарламаларында, басылымдарда интернет сайттарында оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына, жалпы дамуына арналған материалдармен, бағдарламалармен қамтамасыз ету жағдайлары анықталып, талданды[4].

Жаһандану үрдісімен біздің елімізде де ақпараттық кеңістіктің аясы одан әрі кеңейіп, ұлғая түскені мәлім. Соған орай қазіргідей ақпараттық заманда оқушылардың олардың өнімін тиімді пайдалана білу мәселесі күн тәртібінен түспейді. Осы мақсатта, яғни бүгінгі мектеп оқушыларының бұқаралық ақпарат құралдарына деген көзқарасын анықтау және мектеп мұғалімдерінің бұл істе ақпараттық мәдениетті қалыптастырудағы ролі қандай болып отыр деген сияқты сауалдарға жауап алу үшін әртүрлі анықтаушы, яғни зерттеу әдістерін пайдалану негізінде әртүрлі шаралар ұйымдастырылды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев. Н.Ә. «Жас отан» жастар қанатының I съезінде сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. – 2008, 16 мамыр.
2. Егемен Қазақстан. №8 1-наурыз 2008ж



3.Баширова Ж.Р., Төлешова Ұ.Б. Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2003, 60 б.

4. Бұқаралық ақпарат құралдар өркендеттік өлшем негізгі. //Шоңбай.А.Н //ҚазҰУ хабаршы философия сериясы 2009.№2 144-147 б

**УДК 371**

## **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Нәдірбекова А.С.** - «Педагогика және психология» мамандығының

I курс магистранты,

ғылыми жетекшісі: ә.ғ.д., профессор - **Аралбаева Р. Қ.**

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы*

[nadirkbekova\\_aray@inbox.ru](mailto:nadirkbekova_aray@inbox.ru)

*Мақалада қарастырып отырған көкейкесті мәселе білім беру жүйесіндегі инновациялық әдістердің тиімділігін меңгеру болғандықтан, осы сала туралы баяндалады. Рухани-өнегелі тұрғыдан терең ғылыми зерттеулер жасау қажеттілігі күн санап өсіп келе жатқанын күнделікті өмір көрсетіп отыр. Сондықтан өнер саласының білікті мамандарын дайындауға бүгінгі күні білім ордаларында білімгерлердің сәндік-қолданбалы өнерді меңгеру сапасы жайлы айтылған.*

*В статье рассматривается тема являющаяся актуальной в системе образования инновационные методики преподавания, а также их эффективное усвоение. С каждым днем можно удостовериться в необходимости глубокого исследования духовно-просветительных направлений. Поэтому особое значение придается к качеству освоения –художественно-прикладных искусств при подготовке высококвалифицированных кадров в образовательных учреждениях в сфере искусства.*

*Input a word in the article topic is relevant in the education system innovative teaching techniques, as well as their effective assimilation. Every day can be ascertained need in-depth study of spiritual and educational direction. Therefore, particular importance is attached to quality development fashionably-applied arts in the preparation of highly qualified personnel in educational institutions in the field of art.*

**Кілт сөздер:** инновация, білім беру жүйесі, элитарлық білім, экскурсия, сәндік-қолданбалы өнер

Біздің ғасыр - білім, ғылым және сапа ғасыры. Осы үшеуі элитарлық білімнің негізі болып табылады. Біз жоғары оқу орындарын тек білім беруші мекеме деп қарайтын біржақты түсініктен арылып, оның ғылымның бастауы және кіндігі деп түсінгеніміз жөн, өйткені, элитарлық білімді ғылым жетістігінсіз беру мүмкін емес, ал оның деңгейін анықтайтын өлшем — сапа. Ендеше, жалпыға бірдей жоғары білім беруден элитарлық жоғары білім беруге біртіндеп көшуіміз қажет. Біздің қарастырып отырған көкейкесті мәселеміз білім беру жүйесіндегі инновациялық әдістердің тиімділігін меңгеру болғандықтан, осы сала туралы баяндаймыз.

Еліміздің бәсекеге қабілетті елдер арасынан табылу жолында алға қойып отырған мақсаттарына жетуде білімді азаматтардың да алатын үлесі зор екені айтпаса да түсінікті. Қазіргі заманға сай экономикалық жетістіктерге қол жеткізу үшін кәсіби білімі жоғары мамандардың аса қажет екенін, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінен қалыс қалмау үшін рухани-өнегелі тұрғыдан терең ғылыми зерттеулер жасау қажеттілігі күн санап өсіп келе жатқанын күнделікті өмір көрсетіп отыр. Олай болса, өнер саласының білікті мамандарын дайындауға бүгінгі күні білім ордаларында

білімгерлердің сәндік-қолданбалы өнерді меңгеру сапасы ықпал еткенін айта кеткен жөн. Өнер саласының бір түрі, сәндік-қолданбалы өнерін жан-жақты зерттей отырып, меңгеру білімгерлерге көптеген жетістіктерді өз бетінше игеріп, келешекте зерттеу жасай білуге жол ашады. Демек, сәндік-қолданбалы өнерді білім саласында жете меңгеру бүгінгі аса өзекті мәселеге айналып отыр. Сәндік-қолданбалы өнерді оқыту кезінде мемлекеттік стандартты жүзеге асыру әрбір пән мұғаліміне міндеттеледі. Ендеше, осы мақсатты жүзеге асыру жолында білімгерлерге оқып, үйрену жолдарын насихаттауға ықпал етеді деген оймен сәндік-қолданбалы өнердің қыр-сырларын таныстыру, дарынды білімгерлерді түрлі көрмелерге қатыстыру, оқыту барысында жиі жіберілетін қателермен жұмыс жүргізу, олардың алдын-алу мүмкіндіктері, сондай-ақ, оқытудың жаңа технологиясы бойынша әдістемесін ұсыну қажет. Білімгердің алған білімін бағалауда сынақ жүйесін де ұмытпау керек [1, 34 бет.].

Ал осы жауапты жұмысты орындайтын мұғалімге тоқталсақ. Осы заманында, әсіресе білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен түбегейлі жаңартулар дәуірінде мұғалім алдында тұрған мақсаттар мен міндеттердің салмағы орасан зор болып отыр. Егер мұғалімнің өзі жан-жақты дамыған, адамзат әлеміндегі рухани байлықты бойына жинамаған, соны бағалай алмайтын адам болса, онда ол жан-жақты терең білімді, рухани жағынан бай жеке тұлға қалай тәрбиелемек?

Мұғалім информатор, бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен істейтін жаңашыл болуы керек.

Білімгер субъект ретінде қарастырып, оның өзін-өзі тануына жол ашу, жеке тұлға бойындағы қасиетті дамыту, «Мен» менталитетін қалыптастыру білім мен тәрбиені жеке тұлғаға қарай бағыттау — бүгінгі таңдағы мұғалімнің кезек күттірмейтін қасиетті міндеті. Мұғалім жеке тұлғаға көтерілмей, мұндай зор мақсатқа жету екіталай. Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру, технологияландыру әр мұғалімнен ғылыми еңбекті талап етеді. Педагогика, технология әлеміндегі жаңалықтарға үнілу, оны зерделей, зерттей отырып іс-тәжірибеге пайдалану, өзінің технологиясын қалыптастыру заман талабы, заман ағымына ілесу оңай емес. Кәсіби біліктілігі жоғары өзіндік позициясы, бағалы бейімділігі бар маман даярлау — бүгінгі өмір талабы [2, 113-115 беттер].

«Сәндік-қолданбалы өнерін оқыту әдістемесі» сабағын жүргізу барысында білімгерлердің біліктілігін, машықтылығын жетілдіру, дағдысын қалыптастыру басты орында тұрғанның өзінде білімгерлерге әдіснамалық, теориялық білім беру, сол арқылы олардың ойлау қабілетін және сәндік-қолданбалы өнері бойынша көркем білімдерін терең жетілдіру мәселесі де естен шығарылмаса керек. Олай дейтініміз дәстүрлі сабақтан тыс басқа да оқыту формаларының түрлерін кең пайдалануға болады.

Экскурсия оқушыларға сыныптан тыс жерлерде берілетін білім мен білік жиынтығы. Экскурсия — белгілі бір нысандармен және оған байланысты білім жиынтықтары мен жұмыс істеу мазмұнымен танысу үшін қажет. Ол нысандар: табиғат, театр, мұражай тағы басқа мәдениет үйі болуы мүмкін. Экскурсияда білімгерлердің ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталды. Аталған әдістің ең басты өлшемі — оның тиімділігі, нәтижелігі, жаңашылдығы.

*Сәндік-қолданбалы өнері сабағында бейнелеу іс-әрекеттері, сәндік-қолданбалы өнері бойынша сабақтан тыс жұмыстардың мазмұны мен түрлері*

Білімгерлерді сыныптан тыс жұмыстар формасы яғни, үйірме жұмыстарының негізінде, сәнді колөнер бұйымдардың көне түрлерімен кеңінен танысуда қаламыздағы Орталық Мемлекеттік мұражайларға саяхат жасаған тиімді.

Экскурсияда білімгерлер текеметтегі, алашадағы, құрақ көрпедегі, тағы басқа тұрмыстық бұйымдардағы бояу түсінің, пішіндік-көлемдік ерекшеліктердің әр түрлілігін, оның симметриялы және асимметриялы сипатына салыстырмалы талдаулар жасай алады.



Экскурсиялар эстетикалық тәрбиелік сипатта болады да алдыңғы экскурсияларда қойылатын міндеттерді түгел қамтып отырады. Мұнда ұзақ мерзімді экскурсиялар жүргізу барысында білімгерлер бояу қарындаштарын ала шығады.

Білімгерлер мұражайындағы әр түрлі халықтық бұйымдарды көре, бақылай отырып, одан алған тікелей әсердің негізінде суреттер салады.

Осыдан кейін осыған әркім өз бетінше терең талдау жасай отырып, оның алғашында көрген бұйымдардың жеке дара көріністеріне схемалық бейнесін жасауға ұмтылады. Бұдан кейінірек білімгерлер осы схемалық бейнесін жасауға ұмтылады. Бұдан кейін білімгерлер осы схемалық бейнелерді ою-өрнекке айналдыру барысында әр түрлі бұйымдар үшін ою құрастырады.

Сөйтіп экскурсиялар барысында білімгерлер мұражайындағы қолөнері туындыларын өз беттерінше зерттеу арқылы оның заңдылықтарын тануға, қарапайым көріністерді халықтық қолөнер бұйымдарының бейнелеріне айналдыруға мүмкіндік алады.

Бұл білімгерлердің жекеден жалпыға, қарапайымнан күрделіге өту арқылы дидактикалық әдіс-тәсілдерді бірдей тиімді пайдалана алады.

Білімгерлерді табиғат аясына экскурсиялар жасату кезінде әр түрлі түске боялған қарапайым жапырақтар, әр түрлі пішіндегі қызықты формадағы шағын бұтақтарды, жұқа қиыршық тастарды жинақтап, олардың суретін салып, екінші үрдісте олардың схемасын жасайды. Жиналған әр түрлі нәрселер: бұтақтар, гүлдер, кепкен шөптер мен дәнді дақылдар, тағы басқа да сабақ үдерісі кезінде мұғалімнің басқаруымен ұжымдық композицияда пайдалануға болады.

Жалпы алғанда бұл тапсырмалар қарапайым болғанмен білімгерлер мұны өзбетімен оңай орындай алмайды. Себебі білімгерлерге жетпейтін нәрсе, әрине, сурет салу, композиция құрау, анализ беру тәжірибесі. Мұндай жағдайда ұйымдастырушы, бағыттаушы және білімгер алдына нақты міндеттер қоя отырып түсіндіруші ол – мұғалім. Ол үшін мұғалім алдымен халық шеберлері жасаған қолөнер бұйымдарының композициялық заңдылықтары, пішіні, бояу түсі, жалпы түсінік үйлесімдік сияқты шешімдерге терең түсініктер беру қажет. Мұнда таблицалар жасалып, анализге теориялық материалдар даярланады. Оқушылар осындай толық та, терең түсініктерден кейін барып, мұғалім жасаған үлгінің негізінде өз композицияларын құрастырып, оған түсініктемелер беруге тиіс.

Экскурсия барысында білімгерлер қолөнер бұйымдарының мотивінде жасалған жаңа кезеңдегі яғни, завод пен фабрикалардан шығатын бұйымдары еш өзгеріссіз қалуға тиіс деп ешкім айта алмайды. Жаңа заман жаңа талаптар қояды. Сөйтіп сатуға арналған жылытырақ сувенирлер дүкен сөрелерінде пайда болды. Олар тұрмыста пайдалану үшін емес, жай әдемі бұйым ретінде көрінеді.

Жаңа формалардың пайда болуы, қолөнер бұйымының жаңа сипат алуын мұғалім әлеуметтік жағдайдың, салт-дәстүрдің, қажеттіліктің өзгеруімен түсіндіреді.

Сабақ барысында білімгерлермен экскурсияда жұмыс істеудің ерекшелігі білімгерлер салыстырмалы талдаулар жасауға үйренеді. Қолөнер туындыларына талдау жасаудың өзі оңай шаруа емес. Талдау жасау үшін оқушы сәндік-қолданбалы өнері мен қолөнер шығармаларының көркемдік құрал тәсілдерін жақсы білуге тиіс. Өйткені талдау үшін қолөнер туындыларын жетік білулері қажет. Бұл жағдайда сабақ барысында алған білім аздық етуі мүмкін. Экскурсия барысында халық шеберлерінің қолынан шыққан қолөнер бұйымдары сәндік-қолданбалы өнерінің өзіндік тілі арқылы білімгерлерді терең де, сапалы таныстырады. Мұғалімнің сабақ түсіндіру барысында айтқан сөздеріне қарағанда, халық шеберлерінің шеберханаларына апара отырып, таныстырып көрсету тиімді болатыны сөзсіз. Оқушылар шебердің айтқандарын бар ықыласымен тыңдайды. Себебі, халық шебері сөйлеген уақытта, олар өз туындылары



жөнінде айтқандықтан сөздері нақты және табиғи шығады. Табиғи талдау әр уақытта білімгер жанына бірден әсер етеді [3].

Қорыта келгенде, мектеп оқушыларының бейнелеу өнері пәнінде көркем-эстетикалық тұрғыдан, шығармашылық іс-әрекеттерінде өз қырынан жаңаша орын табуын дамыту әр ұстаздың міндеті деп білеміз. Егер осының бәрін мектептегі бейнелеу өнері пәніне тереңірек қарастыратын болсақ, әрине, мектеп оқушыларының қазақ халқының қолөнері туындыларына, мұраларына леген өзінше көзқарастары, бағалаулары мен қабылдаулары жоғары деңгейде болатыны және де, осының бәрі мектеп оқушыларының эстетикалық талғамын жоғарлатып, өн бойында қанық та, сапалы қалыптасумен тікелей байланысты бола тұра, бейнелеу өнеріне, оның ішінде әрине, сәндік-қолданбалы өнеріне деген қызығушылықтарын артып дамытатыны сөзсіз.

Сапалы білім беруді ұлттық тәлім-тәрбие ісімен ұштастыра жүргізуді — бүгінгі отандық педагогиканың алтын дінгегіне, мектеп жұмысының тірегіне айнадыру баршамыздың міндетіміз екені рас. Дегенмен, білім беруді тәрбиеге негіздеудің екі сипаты бар. Оның біріншісі — білімді ұлттық мәдени-рухани құндылықтарға негіздеу болса, ал екіншісі — әлемдік өркениет жетістіктеріне негіздеу. Осы екеуін бір-бірімен ұштастыра отырып, қазақстандық өскелең ұрпақты отаншыл азамат етіп тәрбиелеп, өз күш-жігері мен білім-біліктілігін өзінің жеке өмірі мен қоғам игілігіне пайдалануға баулу егемен еліміздің кемел келешегі үшін тиімді болмақ.

Міне, осы орайда Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі әзірлеген «Қазақстан Республикасының жоғары педагогикалық білім тұжырымдамасы» мен «Қазақстан Республикасының жаңа тұрпатты педагогінің үздіксіз педагогикалық білімі тұжырымдамаларында» жаңа қоғамдағы мұғалім моделінің үлгілері көрсетіліп берілді. Жоғары педагогикалық білімді мұғалімдерге қойылатын талаптар қазіргі қоғам қажеттілігінен туындайды. Жаңа қоғам мұғалімі тек кәсіби шеберлігі жоғары адам ғана емес, рухани дамыған, шығармашыл, мәдениетті, білім құндылығын түсінетін, педагогикалық технологияларды меңгерген, ғылым мен техника жетістіктері негізінде кәсіби даярланған болуы тиіс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбиев Ж.Ә., Бабаев С.Б., Құдияров А.М. «Педагогика» Алматы: «Дарын», 2004 жыл, 448 бет.
2. Жарықбаев Қ. «Психология» Алматы: «Білім», 1993 жыл, 272 бет.
3. Әбдіғалиев Қ. «Осы заманғы педагогикалық технология» Алматы: «Білім», 2001 жыл, 223 бет.

#### ӘОЖ 378

### **БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН РУХАНИ- АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ**

**Шеңгелбаева Қ.Б., Каранеева А.Д.**

*I. Жансүгіров атындағы ЖМУ магистранттары*

*Бұл мақалада болашақ мұғалімдерді бастауыш сынып оқушыларын рухани-адамгершілікке тәрбиелеуге даярлаудың мәселесі қарастырылады. Бастауыш сынып оқушыларын рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселесіне шетелдік, отандық ғалымдардың*

зерттеулеріне, тәжірибелерге сүйене отырып, теориялық, практикалық тұрғыда сипаттау жасалынған.

*В данной статье рассматривается подготовка будущих учителей к воспитанию у детей младшего школьного возраста духовно-нравственных качеств. Представлен сравнительный анализ проблемы духовно-нравственного воспитания учащихся начальных классов в отечественных и зарубежных исследованиях.*

*This article explains how to prepare future teachers for education at primary school children spiritual and moral qualities. A comparative analysis of the problem of spiritual and moral education of primary school pupils in the domestic and foreign studies.*

**Кілт сөздері:** рухани-адамгершілік, құндылық бірлік, нақты қызметтік бірлік, тәжірибелік - іс-әрекеттік бірлік

Қазіргі кезде болашақ мұғалімді даярлауда адамгершілік мәселесінің маңызы ерекше, өйткені, жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу салмағы осыған түседі. Бүгінгі күнде болашақ мұғалімдер жалпы адамзаттық құндылықтардың, адамгершілік тәрбиесінің ақыл-ой дамуынан гөрі басымдығын мойындап, орнықтыруға күш салуда. Мұғалім бала бойында қандай адамгершілік түсініктер қалыптасқанын, ол қандай жағдайда жүзеге асқанын білуі қажет. Ал баланың адамгершілік көзқарасының қалыптасуының, адамгершілік-психологиялық ұғым-түсініктерінің бекуінің сөзсіз маңызды көзі - отбасы, онда өмірдің мәні мен мақсаты туралы алғашқы түсініктер, құндылық бағдар, адамгершілік және әлеуметтік қажеттілік т.б. қалыптасатыны белгілі. Қазіргі кезде білім беру ісінде, жеке тұлғаны жан-жақты жетілдіріп, танымдық іс-әрекеті мен ой-санасын дамытып, қалыптастыру барысында жас ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеу маңызды сипатқа ие. Бүгінгі болашақ мұғалімді дайындауда олардың рухани-адамгершілік мәдениеттерін өздері игермей тұрып, оларды білімді, білікті маман ретінде қалыптастыру мүмкін емес. Себебі әр болашақ маманның халқымыздың білім және экономикалық қуатының өсуіне өз үлесін қосып қана қоймай жас ұрпақты рухани- адамгершілікке тәрбиелеу де қажетті шарттарының бірі.

Білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі – рухани-адамгершілікке тәрбиелеуін жетілдіру мәселесі. Сондықтан да болашақ мұғалімдерге қойылатын жанаша талаптар мен өзгерістер туындап отыр. Бұған себеп қазіргі кезде жеке тұлғаның қоғамдық және әлеуметтік мәні рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мұғалімінің назарынан тыс қалмауы қажет. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білімдік, тәрбиелік міндеттерімен қатар, педагог кәсіби жұмысын атқарып қоймай, бастауыш сынып оқушыларын рухани жеке тұлғасын қалыптастыруды жүзеге асыруы керек.

Бүгінгі таңда мұғалімнің кәсіптік жетілуі мен дамуы тұрғысында көп мәселелер қарастырылуы қалыпты жағдай. Өйткені, Ы.Алтынсариннің «Мұғалім- мектептің жүрегі»,- дегендей, бар күш мұғалімге түспек [1].

Болашақ мұғалімнің жеке басының маман ретінде қалыптасуы үшін кәсіби сапасының негізгі талаптарының бірі ретінде оның жалпы ғылыми-әдістемелік даярлығын ерекше атап өтуге болады. Бүгінгі таңда күн тәртібінде білімгерлердің өзін-өзі басқаруды дамыту міндеттері қойылып, болашақ мұғалімнің дербестігі мен белсенділік дағдысын тәрбиелеу және дамыту қажеттілігі күннен-күнге артып отыр. Жоғары оқу орындарына болашақ мұғалімдерге өз кәсіби міндеттерін жете білетін, қажетті педагогикалық дағдыларды меңгерген, өз Отанын сүйетін шәкірттерді тәрбиелеу мен оған мұғалімдерді кәсіби дайындау міндеті жүктелген. Осы мақсатта жоғары оқу орындарында болашақ маман дайындаудың сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Сондай-ақ тәрбиенің ықпал жасау өрісі де орасан кеңейе түсті [2].

Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу теориясы мен әдістемесінің қайнар көздерін, тарихи даму кезеңдерін сараласақ, олардың мынадай жағдайларға байланысты пайда болатынын анықтауға болады:



- рухани-адамгершілікке дайындығы жетілген адамдардың қажеттілігінен туындаған қоғамдық өмірдің іс-тәжірибесі;

- әр түрлі тарихи кезеңдерде ойшылдар мен ағартушылардың жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу туралы ой-тұжырымдары мен идеялары;

- үйлесімді дамыған, жан-жақты, білімді де білікті ұрпақ тәрбиелеудегі озат педагогикалық іс-тәжірибелер мен ұсыныстар;

- рухани-адамгершілікке тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі саласындағы ізденістер мен ғылыми негізделген тұжырымдамалар;

- рухани-адамгершілікке тәрбиелеу теориясы мен әдістемесін дамыту жөніндегі мемлекеттік сұраныстар.

Мұғалімдердің жаңашыл іс- әрекетін қалыптастырудың адам әрекетінің сан – қилы сипатымен, өзіне тән ой-сана мен даму заңы, өзара ішкі байланыстары мен өзара ықпалдастықта дамитын ерекшеліктері, әдістері мен өзіндік тарихы қалыптасқан. Нәтижесінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу теориясы ғылым ретінде қалыптасып, мәні мен мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді.

Білімгерлерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеу бойынша теориялық білімдерінің, іскерліктері мен дағдыларының терең, жүйелі және әсерлі болуы олардың педагогикалық даярлықтарының басты көрсеткіші. Болашақ мұғалімдердің сабақ беруге даярлық көрсеткіштері олардың білімдерінің нақты, терең, жүйелі болуы, сол білімдер арқылы оқушыларды жаттықтыру іскерліктерімен және дағдыларымен қарулануы деп түсіну керек. Педагогикалық тәжірибе кезінде істелген білімгерлердің жұмыстары курстық және дипломдық жұмыстарда кеңінен пайдаланылса тиімді. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеуге білімгерлер тәжірибелік рухани-адамгершілікке тәрбие сабақтарында әртүрлі жаттығуларды пайдаланып, қызықты сабақтар өткізуді және пән бойынша сыныптан тыс жұмыстардың, үйірмелердің жұмыс формаларын анықтап, олардың тақырыптарын жоспарлары мен мазмұндарын жасайды.

Ғылыми прогресс өркен жайған қазіргі жағдайда жоғары оқу орындарында мектеп үшін оқу тәрбие жұмыстарын шығармашылықпен жүргізе алатын мұғалім - тәрбиешілер дайындаудың теориялық деңгейін көтерудің маңызы ерекше. Үнемі көбейетін ақпараттар тасқыны жағдайында жастарды жан-жақты дамыту мұғалімнің өзінің ғылыми теориялық білімін күнделікті көтеруді талап етеді. Қазіргі мектепке өз пәні бойынша сабақты тартымды өткізуімен қатар, оқушыларды ғылым мен техниканың жетістіктерімен қызықтыра алатын мұғалім қажет. Соған байланысты жоғары оқу орнының білімгерлері бойында өздерінің болашақ қызметіне зерттеуші ретінде қарауға деген ұмтылысты қалыптастырудың ерекше маңызы бар. Бұл міндетті үйірме мен курс жұмыстарына, білімгерлердің ғылыми конференцияларына қатысу арқылы, әсіресе, педагогикалық тәжірибесінде нәтижелі шешуге болады. Бұлар білімгерлердің ғылыми-зерттеу жұмысына араласып, өз бетімен жұмыс істеуге, дағдылануына мүмкіндік береді. Ал мұның одан кейінгі педагогтік қызметте ерекше маңызы бар [3].

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарындағы студенттердің ғылыми - зерттеу жұмыстары олардың болашақ қызметіне байланысты және пайдасы зор. Мектеп тәжірибесі кезіндегі ғылыми - зерттеу жұмысында қалыптасқан белгілі бір жүйенің болуы студенттің оқу тәрбие қызметіндегі белсенділігінің арта түсуіне педагогикалық тәжірибенің тиімді етуіне игі ықпалын тигізеді. Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына қатыстыру арқылы мынадай мақсаттарға жету көзделеді:

1. Студенттерді оқуға, сабақ беру мен тәрбие жұмыстарын жүргізуге қызықтыру.
2. Болашақ мұғалімдерді өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру.
3. Студент - практиканттардың ғылыми - зерттеу жұмыстарына қабілеттілігі мен икемділігін арттыру.
4. Алған білімдерін тұрмыста шығармашылықпен қолдана білуге үйрету.



5. Студенттерді ғылыми - әдістемелік әдебиеттермен жұмыс істеуге үйрету, курстық және дипломдық жұмыстарын орындауға дайындау.

6. Студент - практиканттардың ғылыми - зерттеу жұмысын мектептегі сыныптан тыс тәрбие жұмысымен байланыстыру.

Бүгінгі таңда жоғары білім беру жүйесі мен құрылымы, білім берудің мазмұны, оқыту әдістері мен тәсілдері, әсіресе рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мамандарын дайындауда жаңашылдық көзқарас, соны ізденістер мен зерттеулерді талап етуі қарастырылып отырған мәселенің өзектілігін айғақтап берді. Зерттеу жұмысының нәтижесі көрсеткендей, Республикада жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасуында мұғалім кадрларын дайындау кенестік жүйе кезінде қалыптасқан тәжірибенің аумағында жүргізіліп келді.

Соңғы кезде жоғары білімді реформалауда біршама шаралар қолға алынуда. Педагогикалық қызмет іс-әрекеттің басқа түрлері сияқты пәндік мазмұнмен анықталады, оған мотивация, мақсат, пәні, тәсілдер нәтиже жатады. Педагогикалық іс-әрекет пән ретінде, дамудың шарты мен негізі ретінде, оқытушылардың пәндік, әлеуметтік, мәдени тәжірибені игерулеріне бағытталған оқу іс-әрекетінің ұйымдастырылуы болып табылады.

Мұғалімдердің жаңашыл іс-әрекетін қалыптастырудың теориясы мен әдістемесі ғылыми және оқу пәні ретінде жетекшілік рөл атқара отырып, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу саласындағы кәсіптік бағытты анықтайды. Сонымен бірге осы саладағы білім негізінің жүйесін құрайды. Мұғалімнің рухани-адамгершілікке тәрбиелеу теориясы мен әдістемесін жете білуі, оның педагогикалық ойлау жүйесінің дамуының басты шарты. Әртүрлі деңгейлерде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселелерін шығармашылық тұрғысынан шешуге, болып жатқан жаңалықтарды біліп отыруға, кейбір теориялық және іс-тәжірибелік жаңалыққа сын көзбен қарап қабылдауға, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу міндеттерін шешуде қосымша өтетін ғылыми пәндердің атқарар рөлін дұрыс бағалауға, өзінің педагогикалық шығармашылық негізін жасауда рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі бойынша жүргізілген зерттеудің маңызы зор.

Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білімінің маңыздылығымен анықталатын, жалпы орта білім берудегі және жоғары мектепте мұғалімдерді дайындауда рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білімінің рөлі мен үлесін, онымен қоса те мұғалімдердің жаңашыл іс-әрекетін қалыптастыру берудің жаңа мақсаттарын және мұғалімдердің жаңашыл іс-әрекетін қалыптастырудың мазмұндық менгерудің объективті қиындықтарын ескере отырып, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мұғалімдерін дайындауды жеке мәселе ретінде тек тәжірибелік қана емес, теориялық тұрғыдан да талданып отыр. Түрлі әдебиеттерге жасалған теориялық талдаулар мұғалімдердің жаңашыл іс-әрекетін қалыптастыру тәрбиелеуге болашақ мұғалімдерді дайындаудағы негізгі ұғымдарды анықтап, оларға берілген анықтамаларды нақтылап, жаңа түсініктер мен ұғымдардың пайда болуына негіз болды.

Болашақ рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мұғалімін дайындау жүйесін және оны психологиялық-педагогикалық білім алуын үйлестірудің жетекші бағыты ретінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу үрдісін жүзеге асырудың және түрлендірудің жолдарын түсіндіретін және көрсететін білім жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Мұғалімдердің жаңашыл іс-әрекетін қалыптастыру жүзеге асыруды сабақтастыру, біздің көзқарасымыз бойынша, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу әдістемесін студенттерге үйрету жүзеге асырылуы тиіс. Бұл рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мазмұны бойынша білім беруді жүзеге асыруда дұрыс менгеруге ықпал жасайтын рухани-адамгершілікке тәрбиелеу әдістері мен технологияларына, оларды логикалық түрде құру, ұйымдастыру тәсілдеріне ерекше көңіл бөлінуі қажеттігін көрсетеді. Оқытушы нақты оқыту ақпаратын беруші, оны студенттердің менгеруін

ұйымдастырушы және соның нәтижесін бағалаушы позициясын ұстаушы адам ретінде болмауы керек, қайта студентке көмектесетін, өзінің білім беру қызметінің субъектісі болуы керек. Ол үшін оқытушы талдауға тиісті бағдарламаны менгерудегі және бағдарламаны оқуда студенттердің өздері қабылдауына кеңесші, сарапшы болуы тиіс. Оқытушының жаңа ұстанымы үнемі студенттермен бірге кішігірім зерттеулер орындау, студенттік топтармен бірге оқу үдерісін ұйымдастырудың түрлі формаларын бірге шығармашылық тұрғыда іздестіру жаңашылдық бағытта кәсіби біліктілігін жетілдіріп отыру өзекті сипат береді деген тұжырым жасаймыз.

**О.А.Абдуллина** [4], **Л.Ф.Спирин** [5] пікірі бойынша, бастауыш сынып оқушыларын жеке тұлғалық жаңашылдық іс- әрекеті – бұл жеке тұлғаның рухани-мәдени дамуы мен білімінің деңгейін, осы деңгейге жету тәсілдерін түсінуін және рухани-адамгершілікке тәрбиелеу іс-әрекетінің әр түрлі формалары мен жалпы өмірінен көрінуін сипаттайтын сапалық, жүйелілік, динамикалық білім. Оның құрылымы өзара байланысты үш бірліктен тұрады:

- *құндылық бірлік* - жеке тұлғаның қажетін, мұратын, мотивін, ұстанымын, қызығушылығын білдіреді;

- *нақты қызметтік бірлік* - жеке тұлғаның денсаулығын, қозғалу қабілеті мен дағдысын анықтайтын рухани-мәдени мінсіздік болып табылады;

- *тәжірибелік* - *іс-әрекеттік бірлік*, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу-спорттық белсенділік өрісінен кең көрінеді (танымдық, үгіт-насихаттық, нұсқаулық, өзін-өзі жетілдіріу, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу).

Бастауыш сынып оқушыларын құндылық бағытын қалыптастыру үдерісінің тетігін сызба түрінде төмендегідей етіп көрсетуге болады. Жеке тұлға қабылдайтын (сабақта, сабақтан және мектептен тыс іс-әрекеттерде) құндылық бағыттары сананың ерекше арналары арқылы өтіп, «маңызды» немесе «жеке тұлғалық мән» деңгейімен топтастырылады. Одан әрі бастауыш сынып оқушыларын нақты өмірі мен тәжірибесі жағдайында шыңдалады, олар бекітілген және бекітілмеген, өз іс-әрекеттері мен тәртіптерінің шын мәнінде басқара алатыны және санада сақталып, мұғалім, ұжым, жанұя талап еткен жағдайда ғана көрінетін дағдылар болып бөлінеді.

Құндылық бағыттары жеке іс-тәжірибеден өтіп, жеке тұлғаның шынайы мінез-құлық құндылығына айналған жағдайда, қалыптасу үдерісін аяқталды деп есептеуге болады.

Рухани-адамгершілікке мүмкіндігі мектеп оқушысының жеке тұлғалық жаңашылдық іс- әрекетінің маңызды құндылығы және оған қажет қасиет ретінде жеке тұлғаның рухани-адамгершілікке тәрбиелеу-спорттық іс-әрекеттерде жан-жақты толық дамуға ұмтылуын сипаттайтын, жеке рухани-адамгершілікке қабілеттерін ашуға жағдай туғызатын қозғалысты жай-күйін анықтайды, оны жетілдіру үдерісі – көбінесе жеке тұлғаның өзіндік белсенділігімен байланысты, жеңілден қиынға дейін қозғалу тәжірибесімен сипатталады.

Мектеп оқушыларында рухани-мәдени жетілдіру мен өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігін қалыптастыру оқу-тәрбие үдерісінде рухани-адамгершілікке тәрбие пәні бойынша шешуші мән болып есептеледі. Ең алдымен, мектеп оқушыларының жеке тұлғалық жаңашылдық іс- әрекетін қалыптастыру тұжырымдамасын жүзеге асырмас бұрын, жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларының рухани-адамгершілікке тәрбиелеу пәнінің қазіргі жағдайын талдап алу қажет. Мамандардың рухани-адамгершілікке тәрбиелеу жөніндегі байқауларды, зерттеулерді және іс-тәжірибелерді жинақтап, қорыта талдауы мектеп оқушыларының рухани-адамгершілікке дамуы мен даярлығының қазіргі жағдайын шынайы бағалауға мүмкіндік береді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары /Құраст.С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1991.
2. Калюжный А.А. Роль учителя в нравственном воспитании школьников.- Алматы. 1994.
3. 73. Байсеркеев Л.А., Ким В.А. Теория и методика нравственного воспитания учащихся многонациональных школ. Проблемы этики и морали. – Алматы: Казахстан, 1996. .
4. Абдуллина О.А.Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. **Учеб. пособ.** - М., «Просвещение»,1984.
5. Спирин Л.Ф.Формирование общепедагогических умений у студентов педвузов.- Кострама,1977.

#### ӘОЖ 37.0

### МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Шынтемирова М.Д.**

*I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасының магистрі*

**Ерленова Д.А.**

*Алматы обл., Ескелді ауданы, Қоңыр ауылының «Қызғалдақ» балабақшасының меңгерушісі*

*Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің негіздері жөніндегі біліммен қаруландыру және әдістеме бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын өз бетімен сауатты түрде жүргізу білігін қалыптастыру*

*Вооружить знанием основ научно-педагогического исследования и методике научно-исследовательской работы, формировать знание самостоятельно.*

*To arm with knowledge of bases of scientifically-pedagogical research and to methodology of research work, to form knowledge independent.*

**Кілт сөздері:** педагогикалық зерттеу, білім, әдістеме, әдіснама, теория, практика.

Қазіргі кезеңде педагогика ғылымына ынталылық білдіру үрдісі бағыт алып келеді. Көптеген жағдайларда адамдар педагогиканы оқып, педагогикалық білімді өзінің кәсіби қызметінде қолданып келеді.

Еліміздегі соңғы жылдардағы өзгерістер білім беру міндеттерінің аясын едәуір кеңейтті. Осыған байланысты білім беру жүйесі оның әр саласын жаңартуды талап етеді. Бұл жаңарту ғылыми-педагогикалық зерттеулердің принциптері мен әдістерін меңгеру қажеттілігін анықтайды.

Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің негіздері жөніндегі біліммен қаруландыру және әдістеме бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын өз бетімен сауатты түрде жүргізу білігін қалыптастыру [1].

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

- студенттерді ғылыми - педагогикалық зерттеудің әдіснамалық және әдістемелік негіздерімен таныстыру;
- студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарының әдістемелер жүйесін меңгеруге үйрету;
- педагогикалық зерттеу жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру және педагогикалық экспериментті жүргізу білігі мен дағдысын қалыптастыру;



- зерттеу жұмысының нәтижелерін өңдеу және жинақталған материалдарды ғылыми жұмыс түрінде (баяндама, курстық және дипломдық (бітіру) жұмысы, мақала және т.б.) өңдеу және рәсімдеу білігі мен дағдысын қалыптастыру [2].

Білім саласындағы тарихи-педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы. Әлеуметтік-педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы. Салыстырмалы-педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы. Тәрбие бағыттары бойынша зерттеулердің әдіснамасы. Педагогика ғылымы – қоғамдық құрылысқа, жаңа жағдайға сай адамның даму заңдылығын зерттейді. Педагогика ізгілікті демократиялық тәрбиенің мәнін ашып, қоғам үшін қажетті білім жүйесін жан-жақты жарасымды жетілген еңбекке негіздеуді, зерттеуді міндеттейді.

Педагогика саласындағы зерттеулер – бұл білім заңдылықтары, оның құрылымы мен механизмдері, мазмұны, принциптері мен технологиясы жөніндегі жаңа мәліметтерді алуға бағытталған ғылыми ізденіс процесі және оның нәтижесі. Педагогикалық зерттеулердің міндеті-деректер мен құбылыстарды түсіндіру және оларды алдын ала болжастыру. Бағытталу тұрғысынан педагогикалық зерттеулер іргелі (фундаменталды), қолданбалы және болжам-жобалау (разработки) деңгейіндегі болып үш топқа бөлінеді. Іргелі зерттеулер нәтижесінде педагогиканың теориялық және практикалық жетістіктерін қорытушы жалпы тұжырымдамалар алынады немесе болжам жобалаумен педагогикалық жүйелерді дамытудың моделдері ұсынылады. Қолданбалы зерттеулер – бұл педагогикалық процестің кейбір тараптарын тереңдей тануға, алуан қырлы педагогикалық қызметтің заңдылықтарын ашуға бағдарланған істер. Болжам жоба – бұрыннан белгілі теориялық көзқарастарға негізделген нақты ғылыми-практикалық ұсыныстар дұрыстығын дәлелдеп, оларды практикалық айналымға қосу бағытында істелетін жұмыс [3].

Қалаған педагогикалық зерттеу көпшілік қабылдаған әдіснамалық тиектерге орай жүргізіледі. Педагогикада олардың қатарына – зерттелуге тиіс проблема, тақырып, нысан және оның пәні, мақсат, міндеттер мен болжамдар, қорғалуы тиіс идеялар – кіреді. Педагогикалық зерттеулер сапасын танытушы негізгі көрсеткіштер: зерттеу көкейкестілігі, жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы.

Зерттеу бағдарламасы, әдетте, екі бөлімнен тұрады: әдіснамалық және іс-әрекеттік (орындау-процедуралық). Алғы бөлімде тақырып көкейкестілігі негізделеді, проблема нақтыланады, зерттеу нысаны мен дені, мақсаты мен міндеттері айқындалады, негізгі ұғымдары белгіленеді, зерттеу нысаны бастапқы жүйелі талдауға салынып, қызметтік болжам жасалады. Ал екіншіде – зерттеудің стратегиялық жоспары түзіледі, сонымен бірге деректерді жинақтау мен оларды іріктеудің реті және негізгі шаралары жасалады.

Зерттеу көкейкестілігін негіздеудің мәні- оқу мен тәрбиенің теориясы және практикасын бұдан былай да дамыту үшін тиісті проблемалардың қажеттігін, дер кезінде зерттеліп, шешімін табудың маңыздылығын түсіндіру. Көкейкесті зерттеулер белгілі кезеңдегі аса күрделі де қажет мәселелердің жауабын береді, педагогикалық ғылымға қойылатын қоғамның әлеуметтік тапсырысын бейнелейді, практикада орын алған келелі қайшылықтарды ашады. Көкейкестілік тиегі өзгермелі, қозғалысты, уақыт пен нақты әрі ерекше жағдайларға тәуелді. Жалпыланған күйде көкейкестілік ғылыми идеялар мен практикалық ұсыныстарға болатын сұраныс (қандай да қажеттілікті қамтамасыз ету үшін) пен дер кезеңдегі ғылым мен практиканың мүмкіндігі арасындағы айырмашылық деңгейін сипаттайды [4]. Зерттеу тақырыбы шешімі қалтқысыз табылуы қажет, өте күрделі де қоғамдық маңызға ие болған проблемалармен ұштасқан әлеуметтік тапсырыс нақты тақырыптың негіздеме дәйегін талап етеді. Ал бұл, өз кезегінде, қойылған мәселенің ғылым аймағында зерттелу дәрежесінен туындайды.

Егер әлеуметтік тапсырыс педагогикалық практиканы талдаудың нәтижесінде ұсынылатын болса, ғылыми проблеманың өз негізі басқаша. Оның міндеті ғылым

құрал-жабдықтарын пайдалана отырып, негізгі карама-қарсылықтарды баяндап беру. Әдетте, проблема шешімі зерттеу мақсатын құрайды. Мақсат – қайта түзіліп, өрнектелетін проблема. Проблема нақтыланып, өрнектелгеннен соң, зерттеу нысанын таңдау кезегі келеді. Нысанға педагогикалық процесс, педагогикалық болмыстың бір саласы немесе қайшылықтарымен жүз берген қандай да педагогикалық қатынас алынуы мүмкін. Басқаша айтсақ, өз ішінде нақты не әлі де күмәнді қайшылықтарды қамтып, проблемдік ситуацияларды туындатқан жағдайлардың баршасы нысан есептелінеді. Танымдық процесс бағытталғанның бірі- нысан. Зерттеу пәні (предмет) - нысан бөлшегі, бір тарапты, яғни бұл түбегейлі зерттеуді қажет еткен нысанның теориялық не практикалық тұрғыдан өте маңызды сапа-қасиеттері, қырлары мен сырлары.

Зерттеу мақсаты, объекті және пәніне сәйкес, әдетте, болжамды (гипотезаны) тексеру мен дәйектеуге арналған зерттеу міндеттері белгіленеді. Гипотеза – бұл шынайылығы әлі дәлелденуі қажет теориялық негізі бар болжамдар жиынтығы [5].

Ғылыми жаңалылық тиегі аяқталған зерттеулердің сапасын бағалау үшін қолданылады. Ол қазіргі кезеңде әлі белгісіз, педагогикалық әдебиеттер тобына еңбеген білім заңдылықтары, олардың құрылымы мен механизмдері, мазмұны, принциптері мен технологиясын сипаттаушы теориялық және практикалық қорытындылардың мазмұнын өрнектейді.

Зерттеу жаңалылығы қаншалықты теориялық маңызға ие болса, соншалықты практикалық қажеттілікке ие. Зерттеулер нәтижесінде түзілген тұжырымдамалар, алынған гипотезалар, ашылған заңдылықтар, әдістер, бағыттар, көзқарастар, проблеманы айқындау моделі орындалған ғылыми істердің теориялық маңызын танытады. Ал зерттеудің практикалық маңызы жаңа ұсыныстар, нұсқаулар және т.б. дайындауға арқау болуында. Жаңалылық тиектері, теориялық және практикалық маңыздылық зерттеу типтеріне орай бір-бірімен ауысып барады, сондай-ақ жаңа білімдердің пайда болу уақытына да тәуелді келеді [6].

Зерттеу ізденістерінің логикасы мен қозғалысты өзгермелілігі (динамикасы) бірнеше сатылық-эмпирикалық, гипотетикалық, эксперименталды-теориялық немесе теориялық, прогностикалық- жұмыстар орындауды қажет етеді.

Зерттеудің эмпирикалық сатысында зерттеу нысанының қызметтік бағамы алынады, шынайы оқу-білім тәжірибесі, ғылыми білімдер деңгейі мен құбылыс мәнін түсіну қажеттігі арасындағы карама-қарсылықтар көрінеді, ғылыми проблема өрнектеледі. Эмпирикалық талдаудың басты нәтижесі – зерттеудің алғашқы тұжырымдамалары ретінде қабылданған, бірақ әлі тұтастығы тексеріліп, бекуі қажет болжамдар мен шамалаулар жүйесінен түзелетін зерттеу гипотезасынан көрінеді [7].

Гипотетикалық сатыдағы ізденіс жұмыстарының мәні: зерттеу объекті жөніндегі деректік болжамдар мен олардың мәнін айқындап алу қажеттігі арасындағы карама-қарсылықтарды шешіп алу, содан соң зерттеудің эмпирикалық деңгейінен оның теориялық (эксперименталды-теориялық) деңгейіне өтудің дайындық жағдайларын жасау.

Теориялық саты зерттеулерінде назарға алынған нысан жөніндегі функционалдық және гипотетикалық болжамдар мен ол туралы жүйелі шамалаулар қажеттігі арасындағы қайшылықтарды үйлестіру жұмыстары орындалады [8].

Теорияның белгілі қалыпқа келуі прогностикалық сатыға жол ашады, осының нәтижесінде тұтастай құрылым болып танылған зерттеу нысаны жөніндегі соңғы алынған идеялық ақпараттар мен олардың ендігі, жаңа жағдайларда даму мүмкіндіктерін көрегендікпен алдын-ала жобалау қажеттігі арасындағы текетіресті шешу талабы қойылады. Теорияның міндеті – осы сан қилы талаптардың объектив шешіміне негіз болу.

Жалпы алғанда "Ғылыми - педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру әдістемесі" негізгі міндеті - болашақ маманның кәсіби біліктілігін дамыту, зерттеу іс-әрекетіне үйрету, білім беру міндеттерін шығармашылықпен шешуге қабілетін арттыру, сол сияқты білім беру технологиясын, әдістерін, оқытуды ұйымдастыру түрлерін үйрету үшін педагогикалық зерттеу әдістерін қолдану, бір сөзбен айтқанда ғылыми-педагогикалық зерттеу білігі мен дағдасын қалыптастыру

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бургин М.С. Понятия и функции методологии педагогики // Советский педагогика. -1990.№10.-е74-77.
2. Брандт З. Статистические методы анализа наблюдений./ Пер.с англ. Г.А. Погребинского./ Под ред. В.П. Писаренко.-М.: Мир, 1975.
3. Быков В.В. Методы науки. –М.: Наука, 1974.
4. Гуршунский Б. Прогностические методы в педагогике. Киев, 1974.
5. Делидова А.К. Пособие по русскому языку: Научный стиль. Оформление научной работы. –М.: Русский язык, 1991.
6. Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя: методология, теории и практика формирования.А., 2000.
7. Хмель Н.Д. Методология педагогической науки. Программа спецкурса для магистратуры студентов. А., 1998.
8. Курсовые и дипломные работы: педагогика начальной школы и дошкольная педагогика: учебно-методическое пособие для студентов факультета педагогики, психологии и начального образования / Авт.- сост. Л.В. Горина, И.В. Кошкина.- Саратов, 2004.



## ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

ӘОЖ 343.233

## ЖӘБІРЛЕНУШІМЕН ТАТУЛАСУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН БОСАТУ НОРМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ОРНЫ

Болатов Н.Б.

«Құқықытану» мамандығының магистранты  
І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ.

*Мақалада жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормасының мақсаты мен міндеттері және оның қылмыстық құқықтағы алатын орны қарастылған.*

*В статье подробно рассмотрена цель и задачи нормы освобождения от уголовной ответственности в связи с примирением с потерпевшим, а также раскрыта ее роль в уголовном праве.*

*The article discussed in detail the purpose and objectives of the rules for exemption from criminal liability in connection with reconciliation with the victims, and also revealed its role in the criminal law.*

**Кілтті сөздер:** жәбірленуші, Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі, қылмыстық жауаптылық, рецидивтік қылмыстар, қылмыстық репрессия, қылмыстық жаза, татуласу.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-бөлігінде «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делініп адам құқығы мемлекетіміздің негізгі байлықтарының бірі екендігін көрсете келе оны қорғауды міндеттейді [1]. Еліміздің Конституциясында бекітіліп қорғауға жататын адамның құқықтары мен міндеттері негізгі байлық болғандықтан оларды әр уақытта қорғап, аталған құқықтар бұзылған жағдайда бұзылған құқықтың орнын толтыру арқылы әділдікті қалпына келтіру болып табылады. Осы азаматтардың және заңды тұлғалардың құқықтарын мемлекет өзінің қылмыстық қудалау және сот органдары арқылы қорғап, бұзылған құқықты қалпына келтіруді жүзеге асырып отырады.

Бұрынғы Кеңес Одағының бет бейнесін түбегейлі өзгерткен оқиғалар тарих еншісіне айналып, өз тағдырын өзі айқындаған Қазақстан мемлекеті алғашқы құрылған кезден бастап өз егемендігін қалыптастыру мен дамыту жолында, азаматтардың меншік құқықтарын толықтыру және қорғау қажеттігін ескерген. Бұны біз Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуы стратегиясындағы» «Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясын» басшылыққа ала отырып, біз азаматтардың мүліктік құқығын нақты мазмұнмен толықтыруға ұмтылатын боламыз. Онсыз адамның шынайы бостандығы туралы әңгіме тек бос ызың ғана, ал әлемдік стандартқа сәйкес келетін тұрмыс деңгейіне жету орындалмайтын арман болып шығады» дегенінен байқауға болады [2, б. 3-56]. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың бұл айтып отырған сөздері азаматтардың және заңды тұлғалардың құқықтарын бұзылудан қорғап, бұзылған жағдайда қалпына келтіре отырып біз зайырлы, құқықтық мемлекет болатындығымызды дәлелдейді.

Қазіргі қылмыстық саясат бойынша қылмыс жасаған адамдарды қараңғы қапасқа қамап оларды тәрбиелеу мүмкін еместігін дәлелдей келе, оларды жаппай түрмеге қамай бермей, қоғам болып тәрбиелеу керектігін алға тартады. Біз қылмыс жасаған адамдарды бас бостандығынан айыру орындарына жауып, олардың Конституциялық құқықтарын толығымен қамтамасыз ете аламай отырмыз, мұны бұқаралық ақпарат құралдарынан байқап, отырмыз. Статистикаға сүйенер болсақ

қылмыс жасағандарды бас бостандығынан айыру орындарында ұстап, қылмыстың жолын тыйдық деп айта алмаймыз. Еліміздің қылмыстық құқықтағы негізгі бағыты қылмыстық құқықты ізгілендіруге бағытталғанын Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жылдағы халыққа жолдауының және халықаралық ұйымдардағы баяндамаларының әр-бір сөзінен байқаймыз.

Осындай нормалардың бірі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 67-бабында орын алып отырған: «Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату» нормасы [3]. Аталған норма қылмыстық құқықта бірінші рет өз орнын алып отыр. Бұл институт негізінен жәбірленушілердің Қазақстан Республикасы Конституциясында бекітілген құқықтарын қорғау барысында, қылмыстық құқықтағы рөлі мен беделін арттыруға бағытталған. Яғни айтқанда, қазіргі мемлекетіміздің жүргізіп отырған саясаты әрбір азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітіліген құқықтарын қорғау, бұзылған құқықтарын қалпына келтіру болып отыр. Осыған орай, жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатуды қолдану негізінен жәбірленуші мен қылмыс жасаған адамның арасында туындайтын қарым-қатынасты реттейтін норма болып табылады. Аталған норма қылмыстық құқықта өзінің нормалық мәні бойынша өз орнын әлі де болса ала алмай келе жатқаны баршамамызға аян. Оған себеп, аталған нормаға қабылданғалы бері бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі.

Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормасын қылмыстық құқыққа енгізу арқылы мемлекет өзінің қылмыстық саясатын қылмыстық құқықтың ізгілік қағидасының сақталып қылмыс жасаған адамдарға қатаң жаза қолданбай, оларға жасаған іс-әрекеттері үшін мемлекет тарапынан кешірімді болу, қазіргі қылмыстық құқықтағы өзекті мәселелердің бірі, қылмыстың қайталануын (рецидивтік қылмыстар) жою, жаппай қылмыстық қудалаудан арылу (қылмыстық репрессия) және жәбірленушінің қылмыстық құқықтағы рөлін арттырып, бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бағытында ұстап отыр.

Мысалы, Х.Д. Аликперов, К.Ш. Курбанова қазіргі уақыттағы қылмыстық құқықта орын алып отырған қылмыстық жауаптылықтан босату нормасының мақсаты мен міндеттері жөніндегі өзіндік көз қарасын келесі мақсаттар мен міндеттерге бөледі:

1) қоғамда сотты болғандардың салмағын азайтып жаппай қылмыстық қудалауды азайту;

2) әділет органдарына жұмсалатын қоғамның материалдық шығындарын қысқарту;

3) бас бостандығынан айыру орындары мен тергеу абақтыларындағы шамадан тыс отырғандардың жазасын жеңілдету, себебі мемлекет олардың ең төменгі деңгейдегі жағдайын жасай алмай отыр;

4) сотқа айыптау қортындымен кететін істерді азайтып, соттарды тек қоғамға өте қауіпті болып саналатын қылмыстармен ғана айналысуға мүмкіндік беру;

5) алдын ала тергеу мерзімін азайту, қылмыстарды ашуда, дәлелдемелерді жинаудағы қылмыстық әділет органдарымен жұмсалатын шығындарды азайту;

6) қылмыстың қайталануына тосқауыл болу, себебі бұрын сотты болғандарымен қайталап қылмыс жасап, бас бостандығынан айыру орындарында отырғандар ол жақтан тәрбие алмай қайта аса ауыр қылмыс жасауға барады;

7) қылмыс жасаған адамдарды қылмыс барысындағы келтірген зиянды өтетуге, қылмыс зардаптарын алдын алуға үйрету, бұндай жол олар тарапынан басқа қасақана қылмысқа баруға тосқауыл болады;

8) кінәлі адамдарды қылмыстық әділет органдарымен достастық негізде болу;

9) адамдардың денсаулығы мен өмірі қылмыс жасаған адамның қолында болғанда, оларды құтқару;



10) мемлекет тарапынан адамдардың арасындағы жанұялық, тұрмыстық, шаруашылық тұрғыдағы қарым қатынасына араласпау [4, б. 55].

Х.Д. Аликперов пен К.Ш. Курбанованың көрсетіп отырған қылмыстық жауаптылықтан босатудың мақсаттары мен міндеттері толығымен өзінің нормасына сай болып отыр.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қабылданғанда заңның сандық, сапалық жағы елеулі өзгерістерге ұшырап, қылмыстың жаңа сипаттамалары мен үрдістері ескерілді. Осыған орай жаңа кодексте қылмыстың ауырлығы мен санкциясына байланысты қылмыстарды санаттарға бөлу орын алып, қылмыстық жауапкершіліктен босатудың жаңа түрлері енгізілді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекске соңғы жылдары енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың дені онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстарға бағытталып, аталған қылмыс санатындағы қылмыс жасағандарға жазаны жұмсарту, яғни жазаның бас бостандығынан айыру түрлерін, бас бостандығынан айыруға байланысты емес балама жаза түрлерімен алмастыру және қылмыстық жауаптылықтан босату түрлерін көбірек қолдану бағытында болды.

Заң ғылымдарының докторы, профессор Е.І. Қайыржанов қазіргі уақытта қылмыстық кодексте орын алып отырған қылмыстық жауаптылықтан босату нормасы жөнінде қылмыстық жауаптылықтан босату институты қылмыс жасаған адамның мемлекет алдында жасаған қылмысы үшін жауап беруден босануы болып танылады деген түсінік береді [5, б. 205].

Е.І. Қайыржановтың қылмыстық жауаптылықтан босату нормасы туралы берген түсінігімен келісе отырып қылмыс жасаған адам мемлекет алдында өзінің мемлекетпен қабылданған азаматтардың арасындағы қылмысқа қатысты қарым қатынасты реттейтін заңмен жауап беруі міндеттілігінен мемлекет тарапынан босатылады. Атап айтар болсақ қылмыс жасаған адам Мемлекетпен қабылданған заң нормасында көрсетілген жаза шегінде жауапқа тартылуы қажет. Алайда ол осы жазадан емес жауаптылықтан босатылып отыр. Жаза мен жауаптылық арасын ажырататын болсақ қылмыстық жаза дегеніміз Е.І. Қайыржановтың түсінігі бойынша «Жаза – қылмыс жасаған кінәлі болып табылған адамға қылмыстық заңмен бекітілген тәртіп бойынша сотпен қолданылатын мемлекеттік зорлау шарасы» – деген түсінік беретіндігін көрсетеді [5, б. 184].

Е.І. Қайыржановтың қылмыстық жазаға берген түсінігінен қылмысқа кінәлі болып танылған адамды қылмыстық құқық заңы бойынша мемлекетпен қаралған еріксіз шараны сотпен қолдану болып табылады. Осы жердегі алдында қылмыстық жауаптылықтан босату нормасына берілген түсінік пен қылмыстық жаза арасындағы түсінікті салыстырар болсақ екеуінің айырмасы қылмыстық жаза қылмыс жасаған адамға тек сот арқылы қолдану болып танылса, қылмыстық жауаптылықтан босату сотпен ғана қолданылмай қылмыстық іс жүргізу органдарының барлығымен қолданылып, қылмыс жасаған адамның іс әрекетін қылмыс деп танудан бас тарту болып отыр.

Осы жерде айта кетер жағдай қазіргі уақытта елімізде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 67-бабының негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылып жатқан қылмыс жасаған адамдар тарапынан басқа қылмыстар немесе ауыр қылмыстар жасалмауын кімдер қадағалап, кімдер профилактикалық жұмыстар жүргізіп жатқандығы не заңмен немесе басқа құқықтық актілермен бекітілмеген. Бұл дегеніміз, мемлекет тарапынан қылмыс жасаған адамдар тарапынан басқа қылмыстар жасалмауын бақылау жүргізілмеу дегенді білдіреді. Негізінен мемлекеттің басты мақсаты мен міндеті қылмыстың алдын алу және қылмысты ескерту болып саналады. Осыған байланысты мемлекет тарапынан бұрын қылмыс жасап, қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамдармен профилактикалық

жұмыстар жүргізуді міндеттейтін заң нормасы немесе мемлекеттің салалық құқықтық актілері қабылдануы қажет деп санаймыз.

Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамдармен Мемлекет арасындағы қарым-қатынас қалай реттелетіні қаралмаған. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 2-бабы бойынша Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңдарының мақсаттары мен міндеттері жаза тағайындалған, сотталған адамдарға байланысты болып отыр [6, б. 3]. Сондықтан жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамдарға Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару заңын қолданыла алмаймыз.

Осыған дейін қолданыста болған Қазақ ССР-нің Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 89-бабында орын алған жеке айыптау істері болып Қазақ ССР-нің Қылмыстық кодексінің 97 (Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру), 99-бабының 1-бөлігі (ұрып соғу және азаптау), 118-бабының 1-бөлігі (жала жабу), 199-бабы (қорлау) ғана саналып, аталған қылмыстар бойынша қылмыстық қудалау тек жәбірленушінің арызы негізінде жүргізіліп жәбірленушінің сезіктімен немесе айыпталушымен татуласуы негізінде қылмыстық қудалаудан бас тартылған [7].

Жеке айыптау қылмыстық істері қазіргі қолданыста жүрген Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінің 33-бабының 1-бөлігінде орын алып онда Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекстің 105-бабына, 111-бабына, 112-бабына, 123-бабына, 129-бабына, 130-бабына, 136-бабына, 140-бабына, 142-бабына, 144-бабының 1 және 2-бөлігіне, 145-бабының 1-бөлігіне, 188-бабының 1-бөлігіне, 300-бабының 1-бөлігіне қатысты екендігі орын алып отыр. Қазіргі қолданыстағы жеке айыптау қылмыстық істерінің төңірегінде ұлғайғандығы білініп тұр. Осы аталған қылмыс түрлері бойынша қылмыс жасаған адам жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу заңының 33-бабының 1-бөлігі бойынша татуласуына байланысты қылмыстық істі жүзеге асыруға тек сот органы құзырлы болып отыр. Қылмыстық құқықта орын алып отырған жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормасы кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмыстарға қолданылады және аталған норманы анықтау органы, тергеу, прокурор, сот барлығы қолдануға құқылы. Осыған қарап Қылмыстық іс жүргізу құқығындағы татуласуына байланысты, яғни жәбірленушінің айыптаудан бас тартуы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босату мен қылмыстық құқықтағы жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормасы бір біріне ұқсас болып отыр.

И.Ш. Борчашвили, Р.Б. Кульжакаева, А.Н. Ералиндердің айтуы бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 67-бабына берген түсінігінде жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормасы қылмыстық іс жүргізу тәртібін толықтырып отырған норма болып саналатынын айтады [8, б.171]. Бұл жерде И.Ш. Борчашвили, Р.Б. Кульжакаева, А.Н. Ералиндердің айтқандарымен толық келісуге болады себебі «жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату» институты шыныныда да өзінің құрылымы бойынша және қылмыстық құқықтағы рөлі бойынша қылмыстық іс жүргізу құқығын толықтырып отырған заң нормасы болып саналады. Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормасын қолдану барысында қылмыстық құқық бойынша қылмыстық қудалау органдары мен сот органдары қылмыстық іс жүргізу құқығы мен азаматтық құқық негізінде шешім қабылдай алады.

Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормасының іс тәжірибеде қалай қолданылуда екендігі және оның негізгі мақсаттарының бірі қылмысқа тосқауыл болу және қылмыстың алдын алу, жасалған



қылмыстарды анықтап қылмыскерлерді анықтау. Осы аталған норма мақсатына жете алды ма анықтау қиын. Себебі аталған норма бойынша құқықтық статистикада толық мәлімет жоқ. Оған себеп жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормасын қолдануға байланысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне және Қылмыстық кодексіне бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп оның іс-тәжірибеде бір қалпы қолданылуына өз кедергісін келтірді. Іс-тәжірибеге сүйенер болсақ жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормасы қылмыстық құқықтың негізгі мақсаты-қылмысқа тосқауыл болуда өз көздегеніне жеткен жоқ деп айтуға болады. Яғни айтқанда, жасалып жатқан қылмыс азайған жоқ. Қылмыстық құқықтың негізгі мақсаты өзінің жаза түрімен еріксіз және сендіру арқылы қылмыстың алдын алып азаматтармен қылмыс жасалмауды көздейді. Осыған орай қылмысқа жол бермеу барысында қылмыстық құқық негізгі рөл атқаруы тиіс.

В.В. Скибицкий қылмыстық жауаптылықтан босату жөнінде қылмыстық жауаптылықтан босату дегеніміз – қылмыстық жазаны тәрбиелік шаралармен ауыстыру процесі болып табылатындығын айтады [9, б. 162]. В.В. Скибицкийдің пікірі бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату тәрбиелік шара деп танып отыр, жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормасын тәрбиелік шара деп айтуға келмейді, себебі қылмыс жасаған адамды ешкім тәрбиеге алуға міндеттеме алып отырған жоқ. Осы жерде толығырақ тоқталар болсақ жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормасы негіздері бойынша қылмыс жасаған адамды, негіздердің барлығы орындалған жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатады да, ал, қылмыс жасаған адам алдағы уақытта қылмыс жасамауына ешқандай кепілдеме бермейді. Бұл дегеніміз қылмыс жасаған адам өзінің қылмыс жасағандығын мойындай отырып, қылмыс барысында келген зиян орнын өтеп қылмыстық құқықтың жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормасы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылады да, өзінің қылмыс жасағаны үшін жазаланбай, еш қылмыс зардаптарын сезінбей, тағы қылмыс жасауға баруы мүмкін, себебі оның тарапынан алдағы уақытта қылмыс жасамауын бақылап отыруды ешкім мойнына алған жоқ және оған ешкім жауап бермейді.

Мысалы, С.Г. Келина қылмыстық жауаптылықтан босату институты жөнінде өзінің ой пікірін: «Қылмыстық жауаптылықтан босату институтына, қылмыс жасап кінәлі болып табылатын адамды қылмыстық жауаптылықтан босату дегеніміз, қылмысқа кінәлі адамның жасаған іс – әрекетіне айыптау үкімі негізінде теріс баға беруден босату болып табылады» - деген түсінігімен толық баға береді [10, б. 31]. Осы жерде С.Г. Келинаның пікірімен келісуге болады, өйткені жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормасы қылмыс жасаған адамның қылмыстық әрекетін қылмыс қатарынан алып тастап отырмыз. С.Г. Келинаның пікірін одан ары жалғастыратын болсақ, қылмыс жасаған адамды қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, оның жасаған қылмысын қылмыс қатарына жатқызбай отырмыз. Демек, ондай қылмысты қылмыс қатарына жатқызбайтын болсақ онда қылмыстық құқықтағы орын алып отырған кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмыстарды қылмыстық құқықтан алып әкімшілік немесе азаматтық құқыққа берген дұрыс.

«Қылмыстық жауаптылықтан босату» институты қылмыс жасаған адамның әрекеті қоғамға қауіптілігі аз және қылмыс жасаған адамды қылмыстық жазаны қолданбай-ақ түзеу мүмкін болған жағдайда қолданылады. Осыған байланысты қылмыстық құқық - қылмыстық жауаптылықтан босату институтын орнықтырған. Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату институты Қылмыстық кодекстің қылмыстық жауаптылықтан босату бөліміндегі жеке бап болып көрсетілген бір түрі.



Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату, қылмыс жасаған адамға, қылмыстық заңда көрсетілген санкцияны қолданбау емес, оны осы қылмыстық санкциядан босату болып табылады.

Жауаптылық дегеніміз – қылмыс жасаған адамның іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі үшін заң алдында жауап беру міндеттілігі, яғни жасаған қылмысына қарай қылмыс санкциясында көрсетілген шара төңірегінде жауап беру. Әр бір қылмыс жасаған адам заң алдында жауап беруге міндетті. Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормасын қолдануда қылмыс жасаған адамды заң алдында жауап беруден босату болып табылады.

Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату институты қылмыстық жауаптылыққа тартудың алғашқы этапы болып табылады, яғни жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылатын адам қайталап қылмыс жасаған жағдайда оған қылмыстық жауапталық тағайындалуы қажет немесе қылмыстық жазадан босату нормасы қолданылуы керек.

И. Рогов қазіргі уақыттағы еліміздің құқықтық саясаттағы бағыты жөнінде, қылмыстық саясат алдағы уақытта кішігірім қылмыстарды қылмыс қатарына жатқызбай оларды әкімшілік пен азаматтық жауаптылыққа жатқызуды қарастыруда және азаматтарға келген, кез келген шығынды өндіру негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатуға жататын қылмыстар аумағын кеңейтуді қарастыруда екендігін көрсетеді. И. Роговтың сөзінен біз алдағы уақытта жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормасы қолданылатын қылмыстар саны өсуі мүмкіндігін аңғарамыз [11, б. 16]. Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормасы қолданылатын қылмыс түрлерінің көбейуі қылмыстық құқыққа тағы өзінің өзекті мәселелерін ала келетіні анық.

Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату институты Қазақстан Республикасының қылмыстық заңындағы гуманизмді шығару, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстарды жасаған адамдарды, олардың қылмыс жасағанына қарамастан, қылмыстық жауаптылықтан босата отырып оның түзелуіне сеніммен қараушылық болып табылады.

Негізінен жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату институты белгілі бір мөлшерде қазіргі біздің қоғамымыздың жаңадан қалыптасуына өз үлесін қосуда.

Қазіргі қылмыстық саясаттың талабына сай жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату институты Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығында өз орнын толық алды деуге ерте болып отыр. Себебі аталған норма жөнінде заңгер ғалымдар арасында әлі де болса бір бағыттағы түсінік жоқ, сондықтан әлі де болса талас тудыратын жақтары жетерлік. Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормасы Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығында ғана орын алып отырған институт емес ол бұрынғы КСРО- мемлекеттері арасындағы Республикалардың да Қылмыстық құқығында орын алып отыр. Біздегі туындап отырған проблемалар басқа да Республикаларда кездесуде. Қылмыстық кодекстің 67-бабында орын алған жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормасы негізінен батыс мемлекеттердің қылмыстық құқығында орын алып, сол мемлекеттерде кеңінен қолданыста болған заң нормасы, сондықтан алдағы уақытта сол батыс мемлекеттерінің тәжірибесіне көп көңіл бөлініп, олардың осы бағыттағы қылмыстық құқықта орын алып отырған алдыңға қатарлы іс-тәжірибелерін өзімізге үлгі ретінде алып өзіміздің әдет-ғұрпымызға сәйкестендіруіміз керек. Қылмыстық құқықта жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату нормасы қылмыстық құқықта өз орнын алу үшін аталған норма әлі де болса кең талқылауды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 67-бабындағы көрсетілген заң нормасының, қылмыспен күресуде және қылмыстың алдын алуда өзіндік рөлін жетілдіру бағытында жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату заң нормасына келесі міндеттер мен мақсаттарды жүктейтін өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі қажеттігі туындап отыр деуге болады.

Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату заң нормасы, қылмыс бойынша жәбірленген тұлғаның мүддесін ғана қорғамай мемлекет мүддесін де қорғауы қажет. Бұған себеп болып отырған қылмыс жасаған адамға мемлекет тарапынан қолданылатын шараларды қылмыс бойынша жәбірленген тарап бұзады да қылмыс жасаған адамды қылмыстық жауаптылықтан босату жөнінде шешім жасайды. Бұл дегеніміз, мемлекеттің қылмыспен күресудегі беделін түсіріп, қылмыскерлер алдында мемлекет беделін төмендетеді дегенді білдіреді. Сондықтан, жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату заң нормасын қолдануда мемлекет тараптардың татуласуына, тараптар арасындағы туындап отырған дауды шешуге араласуы тиіс дегенді алға тартамыз.

Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату заң нормасының қылмыспен күресудегі және қылмыстардың алдын алу барысындағы міндеттері мен мақсаттарын және қылмыстық құқықтағы рөлін жетілдіру тұрғысында жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамдарды есепке ала отырып, олардың мінез-құлқын бақылауда ұстап олар тарапынан басқа да қылмыстар жасалмауын бақылап, профилактикалық жұмыстар жүргізуді реттейтін нормативтік құқықтық актілер қыбылдануы қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Жеті жарғы, 2003. – 93 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасы Президенті Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. – Алма-Ата: РГЖИ «Дәуір». 1992. – 56 б.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (2012.01.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). – Алматы. ЮРИСТ, 2012. – 139 б.
4. Аликперов Х.Д., Курбанова К.Ш. УК РФ некоторые проблемы освобождения от уголовной ответственности // Государство и право. № 1. 2011. – С. 54-60.
5. Каиржанов Е. Уголовное право Республики Казахстан (Общая часть). – Алматы, 2003. – 254 с.
6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық - атқару кодексі. – Алматы: Юрист, 2011. – 79
7. Қазақ ССР-нің Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы: ТОО «Аян Әдет», 1995. – 120 б.
8. Комментарий к Уголовному кодексу РК / Под ред. д.ю.н., профессор Борчашвили И.Ш., к.ю.н., доцент Рахимжановой Г.К. – Караганда: РК ПО «Полиграфия», 1999. – 960 с.
9. Скибицкий В.В. Освобождение от уголовной ответственности и отбывания наказания. – Киев: Наукова думка, 2010. – 182 с.
10. Келина С.Г. Теоретические вопросы освобождения от уголовной ответственности. – М.: Издательство «Наука», 1974. – 231 с.
11. Рогов И. Уголовная политика Республики Казахстан // Фемида. № 4. 2012, – С. 14-23.



ӘОЖ 541.124

## **АДАМ САУДАСЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫ САРАЛАУ БАРЫСЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Қожабекова Г.Е.**

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы*  
[gulmira.elubekovna@mail.ru](mailto:gulmira.elubekovna@mail.ru)

*Ғылыми мақалада қылмыстық құқық саясатының өзекті мәселесі ретінде адам саудасының криминологиялық аспектілері және бұл қылмыстың алдын алу жолдары қарастырылған.*

*В научной статье как актуальная тема уголовно-правовой политики, рассмотрены криминологические аспекты торговли людьми и ее предупреждение.*

*In this article highlights the spotlight issue of criminal-legal policy, considers criminological aspects of human trafficking and its prevention.*

Қазіргі заманда адам саудасы, соның ішінде әйелдер мен балаларды саудалау шынайы көрініс. Құлдық осыдан екі жүз жыл бұрын болғанына қарамастан қазіргі таңдағы құлдық мәселесі соған сәйкестендірілген институттардың туындауына әкеп соқты. Сарапшылардың зерттеулерінше әлем бойынша жыл сайын жеті жүз мыңнан төрт миллионға дейін ерлер, әйелдер, балалар сатылуда, оларды құлдықтың түрлі жағдайларына байланысты бостандыққа жібермей ұстап отыр. Орталық Азияның басқа мемлекеттерімен салыстырғанда, Қазақстан экономикасы қарқынды мемлекет, соған байланысты жұмыс іздеушілер де, оларды жұмысқа еліктіруде біздің елімізде орын алуда. Міне соның нәтижесінде жұмыс іздеп келген азаматтарды алдау, арбау, еліктіру, сату саласындағы қылмыстық топтарға түсіп қалып жатады. Адам саудасы сарапшыларының пайымдауынша, ұйымдасқан қылмыстық саласында қару-жарақ және нашаны сатудан кейінгі үшінші орынға ие. Сонымен қатар, адамдарды сатудан түскен пайда өз тарапынан халықаралық террорлық әрекетті қаржылық жағынан қамтамасыз етуге өз үлесін қосатынын ескерген жөн. Ұйымдасқан әлемдік адам саудасының негізін ұйымдасқан қылмыс және жемқорлық құрап отыр. Адам саудасы саласындағы қылмыстардың ерекшегінің бірі ретінде Қазақстанда дамыған елдерден келген мигранттарға еліктіретін жер болып табылатындығы және де криминалдық эксплуатациялау мақстанында адамдарды уақытша шығару және қабылдау алу жерінің орталығы болмақ. Бұл құбылыстың кеңінен таралу себептерінің бірі - мәселенің латентті сипаты; халық арасындағы кедейшіліктің болуы; гендерлік стереотиптер; құқық қорғау саласындағы кәсіби мамандардың дайындықсыздығы; сауатсыздығы, профилактикалық жұмыстың аздығы. Қазақстандағы адам саудасы саласындағы жағдайды төмендететін факторлар қатарына миграциялық үрдістердің өсуі жатады. Сонымен қатар ішкі істер органдарының кәметке толмағандарға арналған бейімделу және уақытша изоляциялау орталықтарының мәліметтеріне сүйенсек кәметке толмағандар арасындағы интенсивті миграция байқалады, оның 10 пайызын ТМД елдерінің тұрғындары құрайды. ЮНИСЕФ-тің әлеуметтік мәліметтеріне сүйенсек, балаларды сатудың ең көп таралған формалары коммерциялық секс, еңбек эксплуатациясы, қайыршылықпен айналысумен сипатталады екен. Балалар көп жағдайда алданып калу, алдап кету және қорқыту, күш жұмсау негізінде адам саудасының құрбандарына айналады. Балаларға жыныстық сипатта жұмыс жасау үшін балаларға спирттік сусындар, наша заттары, психотропты заттарды қолданады. Балалардың денсаулығы мен өмірі адам саудасы құрбандары – ерекше қатерге ұшырайды. Сонымен қатар балалар - трафик құрбаны, білімдік және өмірлік



дағдыларды дамыту мүмкіндіктерінен, өз өміріне деген жауапкершіліктен және мінез қылығындағы қалыпты қылықтардан айырылады. Адамдарды сатуды болдырмау үшін анти-трафиктік элементтер бизнесті дамыту, кедейшілікті қысқарту және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру жөніндегі бағдарламаларға қатысты болады.

Заңсыз адамды сатумен күресуде ең алдымен халықаралық механизмдерге сүйенетін мемлекет аралық әріптестікті дамыту қажет. Адам саудасының алдын алу және болдырмау сұрақтарында негізгі мақсат мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, халықаралық қауымдастық бірігуі үлкен өл атқаратыны белгілі. Адам саудасы мәселесін және эксплуатациялаудың нақты жағдаяттарын, кемсіту, адам құқығын таптау ретінде қабылдап, қоғамның қауіпсіздігі үшін атойлау қажет. Біздің республикамызда қазіргі кезде адам саудасымен күресу бойынша арнайы механизмдер құрылған:

- Адам саудасын заңсыз сыртқа шығару, сатумен күресу сұрақтарымен айналысатын ведомства аралық комиссия құрылды;
- Сондай істерге жауапты мемлекеттік орган анықталынды- Әділет министрлігі;
- ПМ криминал полицияның Комитетінің, сонымен қатар Астана, Алматы қалаларында, облыстық аймақтарда осы саладағы қылмысты анықтаумен, зерттеумен айналысатын, адам саудасымен күресетін арнайы бөлімшелер құрылған.

Еліміздің жағдайына көз жүгіртсек, біздің еліміз адам саудасын өткізу, тасымалдау, алдап, арбау сияқты сипатқа ие болады. Яғни, бұл мәселе біздің республикамызға көп профильді сипатқа ие болып, оның криминалдылығын күшейтуге ие болған. 2012 жылы ішкі істер органдары адам саудасына қатысты 20 фактіні анықтаса, соның ішінде 5 кәмелетке толмаған жастар болды. Эксплуатациялау мақсатында адамдарды ұрлау бойынша 4 іс қозғалды, ал жөзекшелікпен айналысу бойынша 11 іс қаралып, 226 жөзекшелікке адамдарды еліктіру және сондай істерді ұйымдастырған притондар ұсталынды. 2013 жылда адам саудасына қатысты 10 іс қарастырылып, соның ішінде 5 іс кәмелетке толмаған балаларға, 2 іс адамдарды ұрлау және эксплуатациялауға қатысты, жөзекшелікке еліктіру бойынша 80 іс қозғалған.

Адам саудасының мәселесі және оларды эксплуатациялау мәселесін шешу мықты ұйымдастырылған заңдық жүйесіз аспайды. Халықаралық міндеттемелерді Қазақстан қосылғаннан кейін жергілікті заң актілерінде біраз өзгерістер енгізілді. Қылмыстық Кодексте, Қазақстан республикасының әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Елеулі өзгерістер адам саудасының құрбандарын қорғау бөлімінде болды, сонымен қатар осы адам саудасы қылмысын ұйымдастырған топтарға алдау, арбау, сыртқа шығару және адамды сату, сонымен қатар түрлі келісім шарттар жасасу, адамдарды эксплуатациялау үшін де жазаларға тартылып, жауапкершілікті жүктеу жағы да қарастырылды.

2008 жылдың 5 ақпанында Қазақстан Республикасының ПМ әзірлеген ҚР №19-IV «1953 жылғы 25 қыркүйекте бекітілген құлдыққа қарсы Конвенцияны ратификациялау туралы Конвенцияны және 1956 жылғы 7 қыркүйектегі құлдыққа ұқсас, дәстүр, институттар, құл сату, құлдық рәсімдер туралы Қосымша конвенцияны, 1926 жылы 25 қыркүйектегі құлдық туралы конвенцияға өзгерістер енгізу Хаттамасына қол қойды». Сонымен қатар Қазақстан Республикасының №40-IV «трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы Біріккен Ұлттар ұйымдарының Конвенциясын ратификациялау туралы» Заң іске қосылды. Адам саудасымен, заңсыз нашаны және психотропты заттарды тасымалдаумен, террорлықпен және басқа да қылмыс түрлерімен күресу саласында мемлекет аралық 20 жобаны жүзеге асыру бойынша келісім шарт әзірленіп жатыр. Ол Греция, Израиль, Испания, Иордания, Италия, Норвегия, Біріккен Араб Эмираттары, Сауд Аравиясы, Сирия, Франция, Швеция елдерімен бірлесе жүзеге аспақ.

Соңғы он жыл ішінде балаларға қарсы, яғни оларды порнобизнеске еліктірумен күресті жүзеге асыратын топтарды қылмыстық жауаптарға тартуда қадағалау облысындағы халықаралық стандарттардың тенденциялары бақылауға алынуда. Порнография нарығы елеулі жетістіктерге жеткізетін көлеңкелі экономикада пайдалы секторының біріне айналды. БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) мәліметтерінше, осындай іспен айналысатындардың жылдық айналысы 2,2 және 3,3 млрд. ЕВРО. Егерде алып қарасақ, 2010 жылы порнография бойынша 21, ал 2011 жылы 37, ал 2012 жылы 68, 2013 жылы 116 фактілер анықталған. Сонымен қатар Интернетте балалар порнографиясының өсуі күннен күнге көбеюде. 2012 жылы 7, ал 2013 жылы 14 нақты мәліметтер болса, оның 2 қазақстандық Интернет сегменті болған. [1].

Ақпараттық технологиялардың дамуы «балалар порнография» феноменіне жаңа аспектілер береді. Ақпараттық технология саласындағы қылмыстар динамикасы балар порнографиясын үгіттеуге арналған жарнамалық сайттарды пайдалану, құқыққа қарсы сипатта болатын ақпараттарды Интернет арқылы алу тұрақты тенденцияны дамытуға ықпал ететіндігін ескерген жөн. Қылмыскерлер өз іздерін жоғалту негізінде белгісіз прокси-серверлер, IP адресстерін өзгертеді, Интернетте шетел зоналарында доменді тіркеу арқылы халықты хабарсыздыққа соқтырады. 04.07.2001 жылы Қазақстан Республикасы №219-2 «2000 жылдағы 25 мамырдағы баланың құқықтары туралы, балалар порнографиясы, балалар жөзекшеліктері, бала саудасы мәселелеріне қатысты БҰҰ Конвенциясына факультативті хаттаманы ратификациялау туралы» Заңына қол қойды.

Халықаралық Қылмыстық заңдылықтардың нормаларына сәйкес, көптеген елдерде порнографиялық өнімдерді таратылуы үшін жауакершілікке тартылып, «балалар» порнографиясын таратқаны үшін қылмыстық істер жеке қозғалды. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының қылмыстық заңында ҚК-нің 273-бабына сәйкес, бұл жерде заңсыз порнографиялық материалдар немесе заттарды тарату ғана ескерілген, ал балалар порнографиясын тарату үшін жауакершілікке шектеу қойылмаған.[2]. Кәмелетке толмағандарды жыныстық эксплуатациялаумен күресу мақсатында, балалар порнографиясының таратылуына жауакершілікті тағайындауда жеке заңды нормалар, қылмыстық процессуалды заңды өзгерістер енгізуде ұсыныстарды қарастыру қажет деп ойлаймын.

Жоспар негізінде мемлекеттік органдар, Үкіметтік емес ұйымдар немесе азаматтық қоғамның басқа да институттар тарапынан адам саудасының құрбандарына әлеуметтік баспаналар құрылу көзделініп отыр. Бұл әлеуметтік баспаналарда біз олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуіміз қажет., оларға кеңестер және ұсыныстар беруіміз керек, алғашқы медициналық көмек, басынан өткен жарақатты бойынан өткізгенше уақыт беру жағы да қамтамасыз етілген. Адам саудасының құрбандарына сот үрдісінде куәгер болу жайлы уақыт бергенде олардың болашақтағы қауіпсіздігін ескеру қажет екендігін тәжірибе көрсетіп отыр. Бұл жерде жәбірленушінің сот тағайындалынған елде қауіпсіз екендігін қамтамасыз етуде 1 айдан 6 айға дейін ешқандай да шартқа отырмай ақ қорғалынуы қажет. Оған мысал ретінде мемлекеттік органдармен міндетті түрде әріптестігін атап өткен жөн. Бұл аталған норма халықаралық құқықтың бір бөлігі болып саналады, ал 2008 жылы адам саудасымен күресу туралы Европа Кеңесінің конвенциясында айқын көрініс берген. Тәжірибе көрсеткендей, адам саудасының құрбанының уақытша депортациялауына дейінгі әлеуметтік баспананы ұсыну, уақытша немесе тұрғылықты тұратын мекен жай ұсыну бір жағына, құқық қорғау құрылымының өкілдеріне де, екінші жағынан, жәбірленушінің өзіне де өте ыңғайлы нәрсе. Егерде жәбірленуші өзін қауіпсіз жағдайда екендігін толығымен сезінсе, онда ол мемлекеттік органдармен толығымен әріптес болуға дайын болады. Оның осындай жағдайға келуі құқық қорғау органдарына қылмыс жасағандарды тез қолға түсіруіне өте ықпалын тигізеді.



ОБСЕ-нің орталығы жыныстық, сонымен қатар еңбектік эксплуатацияға ерекше көңіл аударады, өйткені, әлемдік дағдарыстық кезеңде ел ішінде де және оның сыртында да жалданған жұмысшылар эксплуатацияға ұшырап отырады. ОБСЕ, сонымен қатар Европа Кеңесі және Европалық Одақ сияқты Ұлттық баяндаушы механизміне ерекше көңіл аударады. Адам саудасымен күресу туралы Европа Кеңесінің Конвенциясы осындай механизмді қолдануды ұсынып отыр. Бұл конвенция Европа Кеңесінің мүшелігіне кірмейтін мемлекеттердің қол қойылуына ашық және де Қазақстан үшін бұл Конвенцияға қол қою өте маңызды шешуші қадам болып табылады. Өйткені, Қазақстан өз тарапынан қолданылып жатқан институтционалды құқықтық базаны жетілдіру және еуропалық құқықтық стандартқа сай жүзеге асырудың өзі соған итермелейді.

2007 жылы ЮНИСЕФ тарапынан жүргізілген Орталық Азиядағы адам саудасы бойынша жағдаяттарды талдау жөніндегі зерттеулер бұл жағдаятты тек Қазақстан Республикасы көлемінде қарастырған жоқ, өйткені адамдарды сату тек бір елде ғана болуы мүмкін емес, трафик сұрақтары шекаралас ерекшелікті сипатта болатынын зерттеу көрсетті. Зерттеулердің көрсетуінше, келесі топтағы балалар адам саудасының құрбаны болып жатады: жағдайы төмен отбасылардан шыққан; жетім балалар, көше балалары; мигрант балалар; білімі төмен отбасылардан шыққан балалар; мүгедек балалар; үй ішілік зомбылықтың кәмелетке толмаған жәбірленушілері; спирттік сусындарды, нашаны қолданатын балалар; заңмен қақтығыстағы кәмелетке толмаған балалар және бұрын соңды адам саудасының құрбандары. Орталық Азияның көптеген елдерінде балалар жөнінде ресми ақпараттардың жетіспеушілігін зерттеулер нәтижесі анықтап берді. Бұның себебі балалардың көбісі 18-ге толмағандар және ересектермен бірге жүретіндіктен, есепке тұрмаған, адам саудасы мен балаларды сатумен күресетін мекемелердің мониторинг және мәліметтерінің аздығы болып табылады. Егерде ресми мәліметтерге жүгінсек, Қазақстан адам саудасы мен балаларды сатудың түп-тегі, тағайындау орны, оларды транзиттеу мемлекеті болып табылады. Қазақстан территориясына жыныстық эксплуатациялау мақсатында әкелетін немесе әкететін балаларды кедей мемлекеттер қатарынан, яғни Қырғызстаннан, Өзбекстаннан немесе Тәжікстаннан болатыны байқалған. Сондай-ақ адам саудасының құрбандарын Қазақстаннан Ресейге, Түркияға, ОАЭ-на, Израилге, Сирияға, Пәкістанға, Грекияға, Кипрге, Чехия Республикасына, Румынияға, Албанияға, Португалияға, Италияға, Бельгияға, Нидерландыға, Францияға, Швейцарияға, Ирландияға, Қытайға және Кореяға өткізетіні белгілі болған.

Ел ішінде адам саудасы жөніндегі мәліметтер базасы әлі де болса жетілдіруді қажет етеді, бірақ та қолда бар нақты мәліметтерге қарасақ, адам саудасы ел ішінде Алматы, Атырау, Орал, Көкшетау және Астана қалаларының арасында жүргізілетінін көруге болады. Бірақ та соған қарамастан, адамдарды қорғауға қатысты бірнеше сұрақтар аймақтағы адам саудасымен күресу жөніндегі Ұлттық жоспарларға еніп, оларды қорғаудың тиімді тәсілдері мен саралау ерекшеліктерін жоспарланған шаралар аясына кіргізуді ұсынамын. Қазақстанда жергілікті жағдайларды жұмыс модельдеріне бейімделу негізінде экспериментальды аула мен жобалардың нәтижелері жинақталған, ал қазір оның нәтижелерімен, стандарттарын қаржыландыруды негіздеу қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Адамды саудаға салу проблема ретінде: ЕҚЫҰ конференциясына шолу. Қыркүйек 1999.-варшава, 2001.-15-17 бб.
2. ҚР Қылмыстық Кодексі «Параграф» ақпараттар жүйесінен 2014ж.
3. Уголовное право Казахстана (Ерекше бөлім). ЖОО арналған оқулық/ з.ғ.д., профессор С.М.Рахметовтың редакциясында.- Алматы, ЖШС «Баспа», 2001.-96 б.



## ЭКОНОМИКА

ӘОЖ 657.372

## БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТИҢ МӘНІ

Адетбекова Д.Е. - магистранты

Ғылыми жетекші - философия ғылымдарының кандидаты, доцент **Әлікенова К.Н.**

*І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ-сы*

*Daniya\_a@mail.ru*

*Бұл мақалада бухгалтерлік есептің мәні бүгінгі күні ғана емес, сонымен қатар ертедегі заманда да болғаны жайлы жазылған. Бухгалтерлік есептің қалай және қандай жолмен дамығаны, қай елде қалай жүргізілгені туралы баяндалады. Сонымен қатар, дебеттік және кредиттік жазудың пайда болуы да қарастырылған.*

*В данной статье значение бухгалтерского учета рассматривается не только в данный период времени но и в древнее время. Как и где появился бухгалтерский учет и как оно велось. А так же рассматривается появление дебиторской и кредиторской записи.*

*This article the value of accounting is considered not only at a given time but also in ancient times. How and where appeared accounting and how it was conducted. And also seen the emergence of accounts receivable and accounts records.*

**Кілт сөздер:** *Есеп регистрлары, екі жақты жазу, есеп айырысулар, дебет, кредит, цифрлар, өлшемдер, материалдық құндылықтар, есеп ақпараттары, өлшем, шоттар.*

Бухгалтерлік есептің шығу тарихын біле келе, оның экономика саласында мәні аса зор болғандығын және экономиканың сатылы кезеңдерге сай қайта құрылуына байланысты шаруашылық үрдістегі фактілердің қалыптасу кезеңдерін сипаттай аламыз.

Ерте заманда бухгалтерлердің өз таңбасы болған деген жорамал бар. Бухгалтерлердің интернационалдық таңбасында — Күн, Таразы және Бернуллидің қисық сызығы белгіленіп, бұл таңбаға «Ғылым — Ұлттық — Тәуелсіздік» деген сөздер жазылған.

Күн — қаржылық әрекеттің жарық болуын, таразы — баланстық теңдікті, ал Бернулли сызығы — есептің бір кезде пайда болып, өмір бойы жүргізілетіндігін бейнелеген. «Есеп» термині құдайдың құпиясы мағынасында қаралған. Ертедегі Египетте фараондар үйінің «бас бухгалтері» Неферхотеп дейтін философ болыпты. «Ақылы терең, жүрегі шыдамды, шындық іске қуанатын, әділетсіздікке сыртын көрсететін, қолы таза, жамандықты қуатын, шындықты жаза білетін, өтірікке бармайтын» [1,8б.]

Ертедегі Египетте материалдық есеп пен жұмсалған шығындардың сметалық есебінің элементтері біріктіріліп, негізінен материалды құндылықтар қозғалысының күнделікті есебі жүргізіліпті. Мұндай қарапайым есеп жүргізу мысалына: құдық қазушыларға, жалдамалы жұмыскерлерге, дәрігерлерге, құлдарға, күзетшілерге, үй қызметшілеріне, іс қағазын жүргізушілерге т.б. берілетін бір айлық тамақ нормалары, бидай, ет т.с.с. шығындар сметасын белгілеу фактілері жазылып отырған. Босатылған, жұмсалған құндылықтар қозғалысын жүргізуші құжаттар екі, үш данаға бөлініп жазылған. Даналап жазудың негізі Вавилонда салынып, мұнда жұмсақ балшықтарға жазылған мәліметтер қате болған жағдайда балшық тақтайшалар жойылып, түзу жазулар басқа балшық тақтайшаларға жазылып отырған.

Ерте заманда есеп мәліметтері жазылған материалдар (балшық тақтайшалар, жапырақтар, сүйектер.) арнайы құндылықтар болып саналған. Есеп құжаттары «осы жылғы», «келесі жылғы» құжаттарға топтастырылып, арнайы жәшіктер мен дорбаларға салынып, бұлардың аузын белдіктер, жіптер т.б. байлап белгілер соғатын болған. Бұдан соң «есеп жасаушылар» мүліктер құрамына кіретін заттардың жеке атауларын, малдар мен құралдардың т.б. құндылықтар қозғалысын атап жазуды үйренген. Жекелеген

құндылықтардың пайда болуының қасиетіне қарай, бұларды ірілендірілген топтарға топтастырып санап отырған. Құндылықтарды топтастырып, бір өлшемге келтіру нәтижесінде шартты өлшеммен өлшеу қажеттігі туындаған. Ертедегі Вавилонда «шартты кірпіш» және «адам күні» өлшемімен өлшеу әдісі қолданылған. Бұдан соң шартты өлшемдерді қолданудың нәтижесінде және құндылықтардың пайда болуының қасиеттерін жекелей өлшеу қажеттілігінен есептер ұғымы пайда болған.

Біздің жыл санауымыздың XVIII ғасырына дейін Вавилонда бухгалтерлік есептің жекелеген құқықтық қасиеттері заңды түрде таныла бастаған. Мысалға, Хаммурапи саудагер купецтердің тәуелсіз есеп жүргізуін талап еткен. Шіркеулер мен мешіттерге берілетін құндылықтар мемлекеттік тұрғыда қадағаланып, бұларға берілетін ақшалар сомасы тиісті адамдардың қол қойып растауынсыз есепке алынбаған.

Тағы бір айта кететін жағдай — есеп айырысу фактілері жеке дара (бір адам арқылы) немесе ұжымдық (бірнеше адамдардың) қатысуымен орындалып отырған. Осылайша есеп айырысулар қалалар мен шаруашылықтар деңгейінде жүргізілген. Мемлекетпен есеп айырысу қаражаттарды бөлу мен қайта бөлу мақсатында натуралды өлшеммен жүргізілген. Жеке меншік иелерімен есеп айырысу тауар айырбастау операцияларымен орындалған. Бірегей ақшалай өлшем болмағандықтан және тауарлық ақша қатынастарының жеткіліксіз дәрежеде дамымауына байланысты несиелік қаражаттар белгіленген міндеттерді ғана орындап отырған. Несие беру тек қана арнайы қабылданған заң шеңберінде жүргізілген. Несиелендіруші мекемелер несиелік алушы жақтардан (клиенттерден) арнайы сенімхаттар алып, қарызға түсетін қаражат жөнінде ресми келісім-шарт негізінде несиелік беріп отырған. Қарыз алушы клиенттерге берілген және қайтарылмаған несиелік сомаларының деңгейін анықтап отыру үшін сенімхаттағы және келісім-шарттағы сомалардың көлемі тексеріліп, несиеледегі сомалар жөншеп мәліметтер салыстырылып отырған.

Мақалада мемлекеттік жастар саясатының басты басымдылығы қоғам мүддесін ескере отырып, жастардың өз мүдделеріне, бейімділігіне, сәйкес олардың еркін әлеуметтік даму, құқығын іске асыруға және жастар саясатына стратегиялық жоспарланған бағыттардың іске асуы, басқа мемлекеттермен салыстырғанда жастар саясатының әлеуметтік жағдайының даму кезеңдері, бағыттары көрсетілген.

В статье указано свободное социальное развитие и реализация прав относительно адаптации и интересов молодежи, учитывая общественный интерес основных направлений молодежной политики, реализация стратегически запланированных направлений молодежной политики, этапы и направления развития социологического положения молодежной политики в сравнении с другими государствами.

Article presents a free social development and implementation of adaptation and rights of youth interests, given the public interest in the main areas of youth policy, implementation of the planned strategic youth policy, steps and direction of the sociological situation of youth policy in comparison with other states.

**Кілт сөздер:** Молодежная политика, «Концепция - 2020», «Стратегия «Казахстан-2050»

Қазақстанды дамытудың маңызды мәселелері арасында жастар тақырыбы ерекше орын алады. Алты миллионнан астам қазақстандық Тәуелсіздік жылдарында өмірге келді. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында жаңа бағыттың қозғаушы күші ретінде жастарды нақты атап көрсетті.

Жастар саясаты, оның қарқыны мен тиімділігі мемлекеттің мүмкіндіктеріне тәуелді. Алайда, екінші жағынан, жастарсыз мемлекеттің өздігінен дамуы мүмкін емес, бұл жастарға қатысты саясаттың озық сипатын, оның мемлекет қызметінің басқа бағыттары арасында көш басында орын алуымен шарттастырылады [1].

«Қазақ КСР-ғы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заң КСРО республикаларында алғашқы заңдардың бірі ретінде 1991 жылғы шілдеде қабылданды. Сондықтан осы заңды жүзеге асыруда проблемалардың туындауы, әсіресе қаржыландыру саласында, кездейсоқтық болмады. Біршама аз уақыт ішінде оған өзгерістер енгізу, кейінірек жаңа заң 1999 жылғы тамызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы» мақұлданды, ал 2004 жылғы 7 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңға қол қойылды. Мемлекеттік жастар саясаты мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі ретінде қалыптасты [3].

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңының жаңа жобасы әзірлену сатысында, оның қабылдануы мемлекет дамуының қазіргі кезеңіндегі мемлекеттік жастар саясатын қалыптастырудың және іске асырудың құқықтық негіздерін анықтауы тиіс.

«Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» ЖҚ І съезінде Елбасы қазіргі кезеңде мемлекеттік жастар саясатының мәнін белгілейтін қағидалық ережелерін атап көрсетті. Ол, бірінші жағынан, жастардың өзіндік белсенділігін ынталандыруға зиянын тигізетін,



керенаулыққа алып келетін тым артық қамқорлық және қайырымдылық көрсетуден тартыну қажеттілігін атап өтті. Екінші жағынан, мемлекеттік жастар саясаты жастардың елдің толыққанды азаматтары болып қалыптасуына үлкен мүмкіндік беруі тиіс. Бұл білікті кәсіби білім алу, жалақысы лайықты деңгейдегі тұрақты жұмысының және отбасы құру үшін меншікті тұрғын үйінің болуы, салауатты өмір салтын ұстану.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XIX сессиясында сөйлеген сөзі мемлекеттік жастар саясатын жетілдіруге жаңа қарқын берді. Онда көтерілген мәселелер Мемлекет басшысының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында және Президенттің Назарбаев университетіндегі «Қазақстан білім қоғамы жолында» интерактивті лекциясында одан әрі жалғасын тапты. Елдің болашағы үшін жас ұрпақтың мәнін атап көрсете отырып, Н.Ә. Назарбаев білім беруді жаңғыртуға, қазақстандық жастарды өз бетінше өмір сүруге бейімдеудің тиімді жүйесін құруға, бастамашыл еңбекке, жас мамандар үшін жұмысқа орналастыруға кепілдік туралы құқықтық нормалар мен әлеуметтік пакетті әзірлеуге, жастар тәжірибесін ұйымдастыру тәртібіне ерекше назар аударды [4].

Президент 2012 жылғы қарашада «Жас Отан» ЖҚ ІІ съезінде бірнеше жаңашыл идеяларын айқын көрсетті. Бұл барлық министрліктер мен әкімдіктердің стратегиялық жоспарларына жастармен жұмыс жөніндегі индикаторларды енгізу және бұл бағытта жастар ұйымдарымен өзара қарым-қатынасты нығайту; жастар бірлестіктері өкілдерін ҰЕҰ-мен жұмыс кеңесіне ендіру және жастар бастамалары қорын құру; жастар саясатын тігінен басқаруды әрбір қала мен ауылға дейін жеткізу және ірі өндірістік ұжымдар мен ұлттық компанияларда жастар ісі жөніндегі комитеттердің рөлін нығайту; студенттер мен жастардың жатақханасын салуды қоса алғанда жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету және т.б. [5].

2013 жылғы ақпанда ҚР Үкіметі 2020 жылға дейінгі Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасын бекітті. Бұрын республика Үкіметі мемлекеттік, өңірлік және салалық бағдарламаларды әзірлеу кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдар ұсынған Жастардың бәсекеге қабілеттілігін қолдау және дамытудың 2008-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіткен болатын.

Мемлекеттік жастар саясатының басты басымдылығы қоғам мүддесін ескере отырып, жастардың өз мүдделеріне, бейімділігіне, дене мүмкіндіктеріне сәйкес олардың еркін әлеуметтік даму, құқығын іске асыруға жағдай жасау болып табылады.

Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.

2012-2013 жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан мемлекеттік жастар саясатын тиімді іске асыруға бағытталған шамамен 30-ға жуық арнайы нормативтік-құқықтық актілер әзірленді және іске асырылуда [6].

Қазіргі кезеңдегі жастар саясатын іске асыруда мемлекеттің көзқарасын белгілейтін басты құжат – негізгі мақсаты жастарды әлеуметтендіру болып табылатын «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы ( бұдан әрі – Тұжырымдама ) [7].

Тұжырымдаманың басты ерекшелігі – арнайы көзқарас және жастардың барлық санаттарын қамту, бұрынғы мемлекеттік актілер мен бағдарламалар негізінен білім алушы жастарға бағытталған болатын. Алғаш рет жастардың маңызды мүдделері мен қажеттіліктерін ескеретін арнайы бағыттар белгіленген (жұмысқа орналастыру үшін жағдай жасау, жастарға арналған қолжетімді баспана жүйесін дамыту, жас отбасыларға қолдау көрсету және т.б.).

Жастар саясатының басым бағыттары қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық тіршілігінің негізгі бағыттарын қамтитын бірнеше мемлекеттік және салалық бағдарламаларға біріктірілген.



Жастар саясатының мәселелері орталық және жергілікті атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларында көрініс тапқан.

Сонымен қатар, әлеуметтік зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақстандық жастардың басым бөлігі мемлекеттің басты құжаты – Қазақстан Республикасы

Конституциясымен танысқан (77 %). Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, жастардың 41 %-ы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен танысқан. Керісінше, жастардың көпшілігі Тұжырымдамамен таныс емес, бұл жастар саясатын мемлекеттік институттарының ақпараттық түсіндіру жұмысының төмен екендігі туралы куәландырады. Тұжырымдама секілді маңызды құжат әрбір қазақстандық жас тұлғаның «үстелүсті кітабына» айналуы тиіс.

Институционалдық қамтамасыз ету.

Соңғы екі жыл ішінде жастар ортасындағы процестерді басқарудың жаңа институционалдық үлгісі құрылды.

2012 жылғы шілдеде жастар саясаты саласындағы министрлігі құрылымында жастар саясаты стратегиясын әзірлеу, оны жоспарлау, нормативтік қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың қызметіне мониторинг жүргізу және бағалау, сондай-ақ осы салада бақылау секілді өкілеттігі кең Жастар ісі жөніндегі комитет (бұдан әрі – ҚР БҒМ ЖІК) құрылды [8].

Жастар саясатын басқарудың 3 деңгейін белгілеуге болады:

- республикалық – ҚР БҒМ ЖІК; ҚР Президенті жанындағы, ҚР Үкіметі жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестер, республикалық жастар ҰЕҰ;

- облыстық – Астана, Алматы қалаларының және облыстардың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармалары; Астана, Алматы қалалары және облыстары әкімдіктерінің жанындағы жастар ісі жөніндегі кеңестер; жергілікті жерлердегі жастар ресурстық орталықтары, өңірлік ҰЕҰ;

- аудандық – аудандық ішкі саясат бөлімдері, ауылдық жерлердегі жастармен жұмыс жөніндегі нұсқаушылар, қалалар мен аудандардың жастар ресурстық орталықтары, жастар ұйымдары.

Бұдан басқа, институционалдық құрылымға көрсетілген кеңестер тұлғасындағы консультативті-кеңестік органдардың үш деңгейі, сондай-ақ басқа да консультативті-кеңестік органдар (ҚР БҒМ жанындағы Жастар ұйымдарын дамыту жөніндегі үйлестіруші кеңес, ШЫО Жастар кеңесі, ТМД кеңесі және т.б.) енеді.

Мемлекеттік жастар саясатын дамытудағы маңызды қадам 2013 жылғы наурызда құрылған «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы болып табылады. Оның миссиясы – жастардың бәсекеге қабілеттігін дамыту және оларды Қазақстанды жаңғырту процесіне тарту мақсатында мемлекеттік жастар саясаты институттарын ғылыми-зерттеу, ақпараттық және консультациялық қамтамасыз ету. Бұл ретте мемлекетті дамыту және жаңғырту, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру межелерін бағындыратын жастарға жүктелетін жауапкершілік жүгі салмақты.

Қазіргі заманғы жастардың тыныс-тіршілігі, оларды толғандыратын өзекті мәселелер, жас буынның әлеуметтік-экономикалық мәртебесі, болашақтағы басымдықтары – мемлекеттік жастар саясатын тиімді іске асыруға, жастардың негізгі проблемаларын шешуге негізгі өзек болатын басты мәселелер.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Зайниева Л.Ю. Государственная молодежная политика: Казахстан в контексте мирового опыта// Алматы: «Дайк-Пресс», 2006, с.185-189
2. Подзаконные нормативные правовые акты //Официальный сайт Министерства образования и науки РК [http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/podzakonnye\\_normativnye\\_pravovye\\_akt/](http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/podzakonnye_normativnye_pravovye_akt/)

3. Нормативные правовые акты в сфере молодежной политики// Астана, 2008, с. 63
4. Газета «Казахстанская правда», 28 апреля, 10 июля и 6 сентября 2012
5. Газета «Казахстанская правда», 17 ноября 2012
6. Подзаконные нормативные правовые акты // Официальный сайт Министерства образования и науки РК [http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/podzakonnye\\_normativnye\\_pravovye\\_akty/](http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/podzakonnye_normativnye_pravovye_akty/)
7. Подзаконные нормативные правовые акты // Официальный сайт Министерства образования и науки РК [http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/podzakonnye\\_normativnye\\_pravovye\\_akty/](http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/podzakonnye_normativnye_pravovye_akty/)
8. Положение о государственном учреждении «Комитет по делам молодежи Министерства образования и науки Республики Казахстан» // Официальный сайт Министерства образования и науки РК [http://www.edu.gov.kz/ru/struktura/polozhenija\\_komitetov/polozhenie\\_o\\_komitete\\_po\\_delam\\_molodezhi/](http://www.edu.gov.kz/ru/struktura/polozhenija_komitetov/polozhenie_o_komitete_po_delam_molodezhi/)

ӘОЖ 336. 717

## **ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫН ЖАНДАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ФАКТОРИНГ - ҚАРЖЫЛАНДЫРУ МЕН НЕСИЕЛЕНДІРУДІҢ ЕҢ ПАЙДАЛЫ НЫСАНЫ**

**Лухманова Г. К.,** э.ғ.к., доцент

**Нұрәлі Д. Қ.,** магистрант

*І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған, Irada\_010109@mail.ru*

*Қазақстан экономикасын жандандыру жағдайында факторинг есептік – несие механизмнің негізгі құралы болып айқындалады. Факторинг айналым капиталының қысқа мерзімді қаржыландыруы көзі болып табылады.*

*Факторинг является важным инструментом расчетно-кредитного механизма в условиях модернизации казахстанской экономики. Факторинг представляет собой инструмент краткосрочного финансирования оборотного капитала. Привлекательность его обусловлена тем, что он выполняет важные функции: инкассацию задолженности клиента; финансирование оборотного капитала; ответственность за риск неплатежа; гарантии оплаты товаров поставщику; управление дебиторской задолженностью; ведение учета реализации продукции поставщика.*

*Factoring is an important tool for cash-credit facility in the modernization of the Kazakh economy. Factoring is a tool of short-term working capital financing. Its appeal due to the fact that it performs important functions for collection of debt client; finance working capital; responsibility for the risk of default, the guarantee of payment to the supplier of goods, accounts receivable management, accounting sales of products supplier.*

**Кілтті сөздер:** факторинг, факторингтік операциялар, факторингтік несие, инкассациялау.

Қазіргі сатыда Қазақстанның мемлекеттік саясатының басым тұстары әлемдегі бәсекеге недәуір қабілетті 30 мемлекеттің қатарына ену жөніндегі Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев белгілеген стратегиялық мақсатқа сәйкес қалыптастырылған.

Бұл бағыттағы маңызды аспект Қазақстанның қаржылық ұйымдары мен қаржы секторының бәсекеге қабілеттілігін қаржы жүйесінің жұмысына нақты экономика секторының қаржы ресурстарына қажеттілігін қанағаттандыратын және еркін бәсекелестік жағдайында қаржы институттарының сапалы қызметін ұсынатын жағдайлар қалыптастыру арқылы арттыру қажеттілігі болып табылады. Осыған орай,

қазақстандық экономиканың бәсекеге недәуір қабілетті секторларының бірі болған қаржы секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыру контексіндегі ролі недәуір кеңірек және Қазақстандағы экономикалық қатынастарды модернизациялаудың маңызды қатысушысы тұрғысынан анықталуы керек.

Қазақстанда факторингтің қаржы тәуекелдерін басқару, факторингтік операцияларды реттеу, факторингтік операцияларды жүргізудің дұрыс және уақтылы процедуралары жүзеге асырылатын жеткілікті дәрежеде орнықты нарығының әзірше қалыптаса қоймағанын ескерсек, осы үдерістердің барлығын жүйелі түрде зерттеу барынша өзекті болып табылады.

Дүниежүзілік қаржы нарығында факторинг қаржы индустриясының қуатты дербес саласына айналды. Оны әр алуан қызмет саласындағы, сатып алушыларға тауарлық несие, яғни төлемді кейінге қалдыруды ұсынатын жүз мыңдаған компаниялар пайдаланады. Осыған байланысты соңғы жылдары «факторингті» нақты анықтау, оны несиелік немесе таза қаржылық операцияларға, факторингтің нақты қатысушыларына және т.б. жатқызу мәселесі бойынша көптеген даулы сәттер жиі пайда болып жүр, осыған орай біз өзіміз қорғайтын ережелерді теориялық тұрғыдан дәйектеуге әрекет жасадық.

Факторинг – бұл тауарды (қызметтерді) жеткізушіден төлем талаптарын сатып алу. Мұнда, әдетте, әңгіме қысқа мерзімді талаптар жөнінде болады. Факторингтің мақсаты – кез келген несие операциясының ажырамас бөлігі болып табылатын тәуекелді жою. Дамыған нарықтық экономикалық елдерде төлем талаптарын сақтауға баса назар аударылады. Факторинг компанияларының және банктердегі факторинг бөлімдерінің қызметтері жеткізушілер мен сатып алушылар арасындағы қарым-қатынастардағы төлем тәуекелдері мен мерзімдері проблемасын шешуге және осы қатынастарға недәуір тұрақтылық беруге бағытталған.

Экономикалық тұрғыдан факторинг - жеткізілген тауарларға, орындалған жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге төленбеген төлем-талаптарын клиент-жеткізушінің банк пайдасына ұсынуына байланысты делдалдық операция немесе комиссиялық-делдалдық қызмет және, сәйкесінше, солар бойынша төлем алу құқығы, яғни клиенттің дебиторлық қарызын инкассациялау (төлем құжаттарымен қаражаттарды алу) [1]. Банк төленбеген төлем талаптарының меншік иесіне айналады және қарыздарлардың несие қабілеттілігі алдын ала тексерілгенмен де, олардың төленбеу тәуекелін өзіне жүктейді.

Факторингтің төмендегідей қызметтері бар:

- жеткізушіні жеткізілген тауар үшін авансылау;
- сатып алушының төлем қабілеттілігін талдау;
- жеткізушіге тауарлардың төленуіне кепілдік беру;
- несиелік тәуекелдерді қабылдау;
- дебиторларды басқару;
- төлем талаптарын сатып алу;
- төлем талаптарын инкассациялау;
- статистикалық есептілікті енгізу;
- төлемдерді өндіріп алу.

Факторингтің басты экономикалық артықшылықтарын атап көрсетуге болады: өтімділікті, рентабельділікті және пайданы ұлғайту; дебиторлық қарызды қолма-қол ақшаға аудару; жеткізушілердің барлық шоттарын тез арада төлеген жағдайда жеңілдік алу мүмкіндігі; дебиторлар тарапынан төлем мерзімінің сақталуынан тәуелсіздік және еркіндік; айналым көлемін кеңейту мүмкіндігі; табыстылықты арттыру; жеке капиталды үнемдеу; қаржылық жоспарлауды жақсарту.

Факторингтік қызметтер ұсынатын қаржы институттары фактор-фирмалар деп аталады. Олар көбінесе ірі банктердің жанындағы еншілес фирмалар түрінде болады



(немесе банктер/факторинг бөлімдері факторингтік операцияларды өздері жүзеге асырады), бұл факторингтік мәмілелердің сенімділігінің жоғарылығын және клиенттер үшін шығындардың аздығын қамтамасыз етеді.

Әр түрлі елдердегі кәсіпорындарға факторингтік қызмет көрсетуге арналған арнайы филиалдардың тармақталған желілерін ірі трансұлттық корпорациялар құрған. Халықаралық деңгейде "Factor Chain International" ассоциясы әрекет етеді, әлемнің 40 елінің 95% факторинг компаниялары оның мүшесі болып табылады. Бұл ассоциацияға бір елден 3-4 банктен артық банк мүше бола алмайды. Факторингке арналған қаражатты қалыптастыру көздері банктің жеке қаржысы (пайда, қорлар), тартылған және қарызға алынған қаражаттар болып табылады. Олардың арасындағы қатынасты банк басқармасы белгілейді. Факторинг бөлімі жеке қаражаттарын өз банкінен алады және олардың одан ары қарайғы өсімі өздері жүргізген операциялардан түскен пайданың есебінен жүзеге асырылады. Бөлім өзінің міндеттемелерін орындау үшін жоспардан тыс несиелерді тартуды қажет еткен жағдайда, банк оған қысқа мерзімді несие бере алады. Бөлім, сондай-ақ, жедел депозиттерге қаражаттар тарта алады.

Ю. А. Бабичеваға жүгінсек, ол тауарлар мен қызметтерді коммерциялық несие жағдайында сату үдерісінде контрагенттердің арасында пайда болатын қарыз талаптарын (шот-фактураларды немесе вексельдерді) жеткізушінің бухгалтерлік, ақпараттық, өткізу, сақтандыру, заң және басқа қызмет көрсету элементтерімен бірге факторинг компаниясының пайдасына беруі ретінде көрсеткен [2].

Факторинг аясындағы қаржылық қатынастар факторинг келісім-шартымен рәсімделеді. Келісім-шартта қаржыландыру түрі қолданыстағы заңға және келісім-шарт бойынша тараптардың мүдделеріне сәйкес анықталады. Факторингтік қызмет көрсету дебиторлардың қарыздарын дер кезінде өтемеуіне және олар үшін несиелеу көздеріне қол жеткізудің шектеулілігіне байланысты дәстүрлі түрде қаржылық қиындықтарға ұшырап отыратын шағын және орта кәсіпорындар үшін едәуір тиімді.

1988 жылы Халықаралық жеке құқықты сәйкестендіру институты қабылдаған Халықаралық факторинг туралы конвенцияға сәйкес, операция ол төмендегі төрт белгінің кем дегенде екеуін қанағаттандырған жағдайда ғана факторинг болып есептеледі [3]:

- 1) қарыз талаптарын алдын ала төлеу формасындағы несиелеудің болуы;
- 2) жеткізушінің бухгалтерлік есепті, ең әуелі, сату есебін жүргізуі;
- 3) оның қарыздарын инкассациялау;
- 4) жеткізушіні несиелік тәуекелден сақтандыру.

Солай болғанмен, шағын немесе орта бизнес санатына жататын кез келген кәсіпорын факторинг компаниясының қызметін пайдалана алмайды. Мысалы, факторингтік қызмет көрсетуге жатпайды:

- әрқайсысының қарыздары шағын сома болатын дебиторларының саны көп кәсіпорындар;
- стандартты емес немесе тар мамандандырылған өнім өндірумен айналысатын кәсіпорындар;
- субмердігерлермен жұмыс істесетін құрылыс фирмалары және басқа фирмалар;
- өз өнімдерін сатудан кейінгі қызмет көрсету жағдайында сататын, өтемақылық (бартерлік) мәмілелермен айналысатын кәсіпорындар;
- өз клиенттерімен ұзақ мерзімді шарттар жасасатын және шоттарды жұмыстың белгілі бір сатысы орындалғаннан кейін немесе жеткізілімдерді жүзеге асыру басталғанға дейін (аванстық төлемдер) беретін кәсіпорындар [4].

Факторингтік операциялар, сондай-ақ, жеке тұлғалардың, кәсіпорындардың филиалдары мен бөлімшелерінің қарыздық талаптары бойынша жүргізілмейді. Мұндай шектеулер көрсетілген жағдайларда факторинг компаниясының несие тәуекелін

бағалауының жеткілікті дәрежеде қиындығына немесе өзіне артық жұмыс көлемін жүктеудің немесе жеткізушінің келісім-шартта көрсетілген қандай да бір міндеттемесін орындамауы салдарынан төлемі жасалмауы мүмкін мұндай талаптарды пайдасына беру кезінде туындайтын қосымша тәуекел алудың пайдасыздығына байланысты орын алған.

Бұдан басқа, жеткізуші жоғары сапалы тауарлар өндіруі және қызметтер көрсетуі, өндірісті жедел кеңейту және пайданы ұлғайту мүмкіндігіне ие болуы қажет (тек осы жағдайда ғана кәсіпорынға факторинг компаниясы көрсететін қызметтің қымбат бағасын төлеу тиімді болады). Ақша құралдарының жеткіліксіздігінің уақытша себептері – дебиторлардың қарыздарын дер кезінде өтемеуі, сондай-ақ пайданың жеткіліксіз деңгейі, тауар қорының шектен тыс көп болуы және өндірістік процеспен байланысты қиындықтар.

Факторинг – бұл жеткізушінің айналым құралдарын толықтыруға бағытталған ақша талаптарының есебінен қаржыландыру (аванстық төлемдерді төлеу) ғана емес, бұл қызмет көрсетулер кешені. Бұл жеткізушінің кәсіпорындарына олардың сатып алушымен жұмыстарын ұйымдастыру, сатып алушыларды тауарлық несиелеуді бақылау тұрғысында көрсетілетін қызмет. Бұл сауда компанияларының тәуекелдерін басқару және оларды сақтандыру. Бұл клиенттерге ақпараттық-талдаулық қолдау көрсету.

Жеткізушілерде көбінесе банк оның клиенттерімен әдепті жұмыс істей ала ма деген қауіп туады. Банк жеткізушінің клиенттік базасын сақтап қалуға жеткізушіден кем емес дәрежеде мүдделі. Банктің өз мүддесі бар – жеткізушіде клиенттер қаншалықты көп болса, оның айналымы, сәйкесінше комиссиясы соғұрлым жоғары. Қаржылық аспектіде факторингті пайдаланудың тиімділігі айналым құралдарының айналымдылығын жеделдетуден, кассалық үзілістерді жоюдан, айналым құралдарын банк қаражаты есебінен толықтырудан көрінеді. Коммерциялық нәтиже, жекелеп алғанда, тауардың барлық ассортиментін сатып алушылардың сұранысын қамтамасыз етуге қажетті көлемде ұстап тұру мүмкіндігінен көрінеді. Қаражатты банктен жүкті түсіргеннен кейін алу мүмкіндігі сатып алушыға сатып алудың недәуір жеңілдікті жағдайын ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, қолда бар сатып алушыларға сату көлемінің өсуіне және жаңа сатып алушыларды тартуға, сондай-ақ ұзақ мерзімді іскери байланыстарды орнату мен нығайтуға ықпал етеді. Келесі жағдайға баса назар аударған жөн. Факторингтік қызмет көрсетудің тиімділігін қамтамасыз ететін жағдайлардың бірі банктің ұзақ уақыт бойы жеткізушінің барлық немесе барлық дерлік жеткізілімдерін қаржыландыруы болып табылады. Тек осындай жағдайда ғана жеткізуші өзінің сауданы кеңейту бағдарламасын айналым құралдарының тапшылығына ұшыраудан қорықпай жүзеге асыруға үміттенеді.

Факторингтік операцияларға қатысушылардың барлығын қызықтыратын маңызды мәселелердің бірі – комиссияның көлемі. Нақты санды атау мүмкін емес. Факторингтік операциялар жүргізу кезіндегі банк қызметінің бағасы, біріншіден, қаржыландыруға қажетті (аванс төлемін төлеу) несие ресурстарының бағасынан, екіншіден, қызмет көрсету тарифтерінен (құжаттарды өңдеу, қосымша қызметтер көрсету), үшіншіден, тәуекел үшін сыйақыдан құралады.

Қазақстандық ғалым С. Б. Мақыштың пікірінше, факторинг компаниясы жеткізушіден алатын төлем екі элементтен тұрады [5].

Біріншіден, басқару үшін төлем, яғни өзінің жеке факторингтік қызмет көрсетуі үшін комиссия – есеп жүргізу, күмәнді қарыздардың пайда болуынан сақтандыру және т.б. Бұл төлемнің көлемі жеткізушінің жылдық айналымынан пайыз ретінде есептеледі және оның шамасы жеткізушінің өндірістік қызметінің масштабы мен құрылымына, компанияның жұмыс көлемін бағалауына, несие тәуекелінің дәрежесіне, сатып алушылардың несиеге қабілеттілігіне, сондай-ақ қандай да бір елдің қаржылық қызмет



көрсету нарығының спецификасы мен конъюктурасына қарай түрленіп отырады. Көпшілік елдерде жеңілдік 0,5-3,0 % көлемінде болады. Регресс болған жағдайда жеңілдік 0,2-0,5 %-ға жасалады. Шот-фактураларды есепке алу (дисконттау) үшін төлем жеткізушінің жылдық айналымының 0,1-1,0 %-ын құрайды.

Екіншіден, факторинг компаниясы жеткізушіге талаптарды мерзімінен бұрын алу мен инкассациялау күні аралығындағы кезеңде мерзімінен бұрын ұсынылатын (пайдасына берілген қарыздық талаптардың алдын ала төлемі түрінде) қаражат сомасынан ұстап қалатын есеп операциялары үшін төлем. Оның қойылымы әдетте ұқсас айналымды және несиеге қабілетті клиенттерді қысқа мерзімді несиеде банк қоятын қойылымнан 2-4 %-ға артық болады, бұл факторинг компаниясының қосымша шығындары мен тәуекелдерінің орнын толтырумен шарттасылады.

Сыртқы сауда факторингі ішкі факторингке қарағанда жоғары, себебі факторинг компанияларының шығыны өз елдерінен тыс жерлерде операциялар жүргізгенде недәуір жоғары. Сонымен қатар, төлем мөлшері нақты импорттаушы елге байланысты. Өзара факторинг кезінде экспортаушы елге қызмет көрсететін компания импорттаушы факторинг компаниясына несие тәуекелін сақтандырғаны, қарыздық талаптарды инкассациялағаны үшін белгілі бір сома төлейді.

Факторингтің кәсіпорындар үшін қаржы менеджменті ретіндегі жағымды тұстары мыналар:

- факторинг айналым құралдарын толықтыру проблемаларын шешеді;
- факторинг төлемеулерді «сөгуге» белсенді ықпал етеді;
- факторинг экспорттық операцияларды кеңейтуге тиімді көмектеседі;
- факторинг кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды алғышарты болып табылады;

- факторинг тараптардың – клиент пен қаржы агентінің өзара жауапкершіліктерін недәуір арттырады;

- факторинг бизнесті сақтандыру жүйесіндегі маңызды элемент болып табылады, себебі оның орбитасына жеткізушінің дебиторлық қарызын инкассациялау, несие тәуекелдерінен, күмәнді қарыздарды пайда болуынан сақтануға кепілдік беру кіреді;

- дебиторлардың қарызды дер кезінде қайтармауынан ғана емес, өндірістік цикл қабілетіне байланысты проблемалар салдарынан да ақша құралдарының перманентті жетіспеушілігіне ұшырап отыратын шағын және орташа кәсіпорындар факторингті пайдаланудың перспективалы саласы болып табылады. Оның үстіне шағын бизнестің жеке ресурстары өте шектеулі;

- мемлекет бюджет ресурстары есебінен шағын және орташа бизнесті ғана емес, ірі бизнесті де қолдауға ақша құралдарының жетіспеушілігі салдарынан қабілетсіз болған жағдайда, факторинг көптеген жағдайда кәсіпорындардың ақша құралдарын толтыруының, олардың қаржы жағдайын нығайтудың жалғыз құралы болуы мүмкін [6].

Өндіруші-жеткізушілердің де, тауарлар мен қызметтерді сатып алушылардың да, факторингтің компаниялардың (банктердің) да факторинг процесін ұйымдастырушылар ретінде біршама маңызды пайдаға ие болатындықтарын байқау аса қиындық тудырмайды. Мұның барлығы тұрақты қолданған жағдайда факторингтің экономиканы көтерудің, кәсіпорынның ақша ағымын басқаруды жетілдірудің өте көпқырлы, тиімділігі жоғары құралы ретінде қызмет атқаруы мүмкін екендігін айтуға мүмкіндік береді [7].

Факторинг операциясының мәні мынада: банктің факторинг бөлімі клиенттің қарыздық талаптарын (шот-фактураларын) жеткізілім бағасының 80%-ына дейін бірден төлеу және қалған бөлігін несие үшін пайызды және комиссиялық төлемдерді шегергеннен кейін дебиторлардан түсетін пайданың түскен-түспегеніне қарамастан, қатаң белгіленген уақытта төлеу шартымен сатып алады. Егер қарызгер шоттарды



мерзімінде төлемесе, төлемдерді оның орнына факторинг бөлімі төлейді. Факторингтік операцияның негізінде банктің жеткізушінің жеткізілген өнімге төлем талаптарын сатып алуы және жеткізушінің банкке сатып алушыдан төлемді талап ету құқығын беруі жатыр. Сондықтан факторингтік операцияларды жеткізушіні несиелеу немесе жеткізушіге факторингтік несие ұсыну деп атайды.

Факторингтік қызмет көрсету дебиторлардың қарыздарын дер кезінде өтемеуіне және олардың несиелеу көздеріне қол жеткізулерінің шектеулілігіне байланысты қаржылық қиындықтарға ұшырап отыратын шағын және орташа кәсіпорындар үшін өте тиімді.

Факторингтік операциялардың сызбасы жеткілікті дәрежеде қарапайым. Оның үш қатысушысы бар: жеткізуші, сатып алушы және банк [8]. Жеткізуші мен сатып алушы арасында сатып алу-сату келісім-шарты жасасылады, консигнация да емес, сату да емес, дәл сол жеткізілген тауар үшін төлем жасау – «төлемді кейінге қалдыру» шартымен сату-сатып алу келісімі жасасылады. Банк пен жеткізуші арасында факторингтік қызмет көрсету келісім-шарты жасалады. Тауар сатып алушының меншігіне өткен сәтте ақшалай талап пайда болады. Осы талап пайда болғаннан кейін ол банкке беріледі, жеткізуші ол туралы өзінің сатып алушысын хабардар етеді. Осы ақшалай талапқа қарсы банк жеткізушінің есеп шотына талаптың 90%-ы көлемінде аванстық төлем аударады (қаржыландыру жүргізеді). Осылайша, алдын ала төлем алады және ақшаны өзінің компаниясын одан әрі қарай дамытуға салуға мүмкіндік алады, ал сатып алушы – төлемді кейінгі қалдыру мүмкіндігін. Қаражаттың қалғанын (комиссияны шегеріп тастағанда 15%-дан жоғары) жеткізуші банктен сатып алушының осы жеткізілім сомасын банктегі арнайы ашылған транзиттік шотқа толық көлемде өтегеніне қарай алады.

Факторингтік операцияны жүзеге асырмас бұрын маңызды талдау жұмыстары жүргізіледі.

Факторингтік операцияларға үш тарап қатысады:

- факторинг компаниясы (немесе банктің факторинг бөлімі), яғни өз клиенттерінен шот-фактураларды сатып алатын арнайы мекеме;
- клиент (тауарды жеткізуші, кредитор) - факторинг компаниясымен мәміле жасасқан өнеркәсіптік немесе сауда фирмасы;
- кәсіпорын (қарыз алушы) – тауарды сатып алушы фирма [9].

Кәсіпорыннан өтінілім алғаннан кейін факторинг компаниясы әдетте 1-2 апта ішінде потенциалды клиенттің экономикалық және қаржылық жағдайын, оның іскери байланыстарының сипатын зерделейді. Егер кәсіпорын факторинг компаниясының клиенті болса, онда клиент факторинг компаниясына сатып алушыларға қойылған барлық шот-фактураларды жібереді. Әрбір құжат бойынша клиент төлемге келісім алуы қажет (төлем талаптарын акцептеу секілді). Факторинг компаниясы барлық шот-фактураларды зерделей отырып, сатып алушылардың төлем қабілеттіліктерін анықтайды. Бұл 24 сағаттан 2-3 күнге дейін созылуы мүмкін. Факторинг компаниясы шотты төлем мерзімі жеткенде немесе алдын ала төлей алады. Соңғы жағдайда ол банк қызметін атқарады, себебі клиентке мерзімінен бұрын ақша құралдарын ұсыну оған несие берумен бірдей. Мұндағы қызмет көрсетудің маңыздысы клиентке төлем кепілдігін беру болып табылады. Бұл кепілдік ішкі және халықаралық операциялардың толық көлемін қамтиды: факторинг компаниясы клиентке барлық акцептелген шот-фактураларды тіпті қарызгерлер төлемге қабілетсіз болған жағдайда да төлеуге міндетті [10].

Сонымен қатар, банк факторинг операциялары бойынша максималды соманы анықтайды, тауар жеткізілімі немесе қызмет көрсету сол соманың көлемінде төлемді ала алмай қалу тәуекелінсіз жүргізіле алады. Факторинг операцияларын жүзеге асыруға жасалған келісім-шартта шекті соманы төлеу тәсілі қарастырылуы керек және

факторинг бөлімі жеткізуші пайдасына төлем жүргізуге міндетті жағдайлар бейнеленуі қажет.

Дүниежүзілік тәжірибеде факторингтік қызметтердің бағасы екі элементтен құралады: 1) комиссиядан және 2) ұсынылған құжаттарды алдын ала төлеу кезінде алынатын пайыздардан [11].

Комиссия шот-фактураның сомасынан пайыз түрінде белгіленеді (әдетте 1,5-2,5% деңгейінде). Мәміле көлемінің ұлғаюына комиссияның есебі мен сомасы сәйкес келеді. Несие үшін пайыздық қойылым, әдетте, ақша нарығының (қысқа мерзімді несие нарығының) қойылымдарынан 1—2%-ға жоғары. Әдетте банк бір мезгілде шот-фактура бағасының 80-90%-ын төлейді; 10-20% – бұл дебитор қарыздың толық сомасын өтегеннен кейін қайтарылатын резерв. Әрбір айдың соңында банк өзіне тиесілі комиссиялық пайыздарды санайды, сондай-ақ инкассацияланбаған фактуралардың қалдығын анықтап, шот жазып, клиентке жібереді.

Факторинг бөліміне қарыз міндеттемелерінің толық бағасын алдын ала төлеу тиімсіз болатын бірқатар себептер бар. Ең әуелі есептеулер кезінде дау-таласты сәттер және қателіктер пайда болуы мүмкін. Егер жеткізуші өз жұмысын тоқтатса немесе қандай да бір себеппен факторингтік келісім-шарттың шарттарын бұзса, онда факторинг бөлімінің төлем талаптарынан басқа алдын ала төленген соманы сақтандыру көздері жоқ. Осылайша, шот-фактуралардың бағасынан 10-12% көлеміндегі айырмашылық қажет болған жағдайда алдын ала төленген соманы өтеу үшін керек. Бұл, біз жоғарыда көрсеткендей, дамыған нарықты экономикалы елдердің факторингтік тәжірибесіне толығымен сәйкес келеді.

Факторингтік қызмет көрсетулердің бағасына қызмет көрсеткені үшін төлем (комиссия) және қаражатты несиеге ұсынғаны үшін төлем кіреді [12].

Егер факторингтің қарастырылған анықтамаларын жинақтап, талдайтын болсақ, онда оны дебиторлық қарыздарды аванстау және инкассациялау, несие тәуекелдерін сақтандыру бойынша, одан әрі клиентке келісім негізінде және бекітілген төлем төлеу арқылы ақпараттық, бухгалтерлік, консалтингтік және заңдық қызмет көрсетумен жалғасатын, комиссиялық-делдалдық қызметтер кешені деп анықтауға болар еді. Факторинг қызметі саласына әдетте мыналар жатпайды: жеке тұлғалардың қарыздары, несие операциялары кезінде пайда болған қарыздар және жеткізуші немесе оның сатып алушысы тараптарынан келісім-шарттың одан әрі орындалуына байланысты кез келген қарыздар.

Біздің көзқарасымызша, факторингтің дұрыс анықтамасы – қаржыландырудың және несиелендірудің қазіргі жағдайдағы ең пайдалы формасы, оның негізінде төленбеген тауарларға, қызметтерге және т.б. төлем-талаптарын клиенттің банктің немесе факторинг компаниясының пайдасына қайта ұсынуы жатыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Банковское дело: Учебник / Под ред. Заслуженного деятеля РК, д.э.н. профессора У. М. Искакова.- Алматы: Экономика, 2011.- 552с
2. Банковское дело: справочное пособие / под.ред.к.э.н. Бабичевой Ю.А. –М.: Экономика, 2010. – 397 с.
3. Конвенция УНИДРУА о международном факторинге (по состоянию на 31 декабря 1995г.). – Оттава: Справочная система «Гарант», 1988.
4. Шурганова Н. П. Факторинг и финансирование под уступку денежного требования: общие черты и основные различия // Предпринимательское право. – 2009. – № 4. – С. 58-62.
5. Мақыш С.Б. Коммерциялық банктер операциялары: учеб. пособие. –Алматы: «ИздатМаркет», 2010. – С. 211-212.

6. Васин А.С. Системный подход к анализу рисков хозяйствующих субъектов при факторинговых операциях // Финансы и кредит. – М., 2011. – № 4. – С. 40-43
7. Банки и небанковские кредитные организации и их операции / под ред. Е.Ф.Жукова. – М.: Вузовский учебник, 2011. – С. 261
8. Банковское дело (Настольная книга банкира): учебное пособие / под науч. ред. А.А. Абишева. – Алматы: Экономика, 2011. – С. 142-144
9. Н.Н. Хамитов. Банк ісі. – Алматы: Экономика, 2011. – 216 б.
10. Миржакыпова С. Организация учета факторинговых, форфейтинговых и сейфовых операций в банках // Экономика и статистика. – Алматы, 2012. – № 4. – С. 64-69.
11. Мақыш С.Б., Ильяс А.А., Банковское дело: учеб. пособие. – Алматы: «Қазақ университеті», 2009. – 165 с.
12. Привман Л. Новация в гражданском законодательстве Республики Казахстан. Договор под уступку денежного требования (факторинг) // Предприниматель и право. – Алматы, 2010. – №15. – С. 2-5.

**ӘОЖ 336. 717**

### **ФАКТОРИНГТІ ЖӘНЕ ФАКТОРИНГТІК ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ТЕОРИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ**

**Лухманова Г.К., э.ғ.к., доцент  
Нүрәлі Д.Қ., магистрант**

*І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған, Irada\_010109@mail.ru*

*Қазақстан экономикасын жандандыру жағдайында факторинг есеттік – несие механизмнің негізгі құралы болып айқындалады. Факторинг Айналым капиталының қысқа мерзімді қаржыландыруы көзі болып табылады.*

*Факторинг является важным инструментом расчетно-кредитного механизма в условиях модернизации казахстанской экономики. Факторинг представляет собой инструмент краткосрочного финансирования оборотного капитала. Привлекательность его обусловлена тем, что он выполняет важные функции: инкассацию задолженности клиента; финансирование оборотного капитала; ответственность за риск неплатежа; гарантии оплаты товаров поставщику; управление дебиторской задолженностью; ведение учета реализации продукции поставщика.*

*Factoring is an important tool for cash-credit facility in the modernization of the Kazakh economy. Factoring is a tool of short-term working capital financing. Its appeal due to the fact that it performs important functions for collection of debt client; finance working capital; responsibility for the risk of default, the guarantee of payment to the supplier of goods, accounts receivable management, accounting sales of products supplier.*

**Кілтті сөздер:** факторинг, факторингтік операциялар, факторингтік несие, инкассациялау.

Қазіргі сатыда Қазақстанның мемлекеттік саясатының басым тұстары әлемдегі бәсекеге недәуір қабілетті 30 мемлекеттің қатарына ену жөніндегі Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев белгілеген стратегиялық мақсатқа сәйкес қалыптастырылған.

Бұл бағыттағы маңызды аспект Қазақстанның қаржылық ұйымдары мен қаржы секторының бәсекеге қабілеттілігін қаржы жүйесінің жұмысына нақты экономика секторының қаржы ресурстарына қажеттілігін қанағаттандыратын және еркін



бәсекелестік жағдайында қаржы институттарының сапалы қызметін ұсынатын жағдайлар қалыптастыру арқылы арттыру қажеттілігі болып табылады. Осыған орай, қазақстандық экономиканың бәсекеге недәуір қабілетті секторларының бірі болған қаржы секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыру контексіндегі ролі недәуір кеңірек және Қазақстандағы экономикалық қатынастарды модернизациялаудың маңызды қатысушысы тұрғысынан анықталуы керек.

Қазақстанда факторингтің қаржы тәуекелдерін басқару, факторингтік операцияларды реттеу, факторингтік операцияларды жүргізудің дұрыс және уақтылы процедуралары жүзеге асырылатын жеткілікті дәрежеде орнықты нарығының әзірше қалыптаса қоймағанын ескерсек, осы үдерістердің барлығын жүйелі түрде зерттеу барынша өзекті болып табылады.

Дүниежүзілік қаржы нарығында факторинг қаржы индустриясының қуатты дербес саласына айналды. Оны әр алуан қызмет саласындағы, сатып алушыларға тауарлық несие, яғни төлемді кейінге қалдыруды ұсынатын жүз мыңдаған компаниялар пайдаланады. Осыған байланысты соңғы жылдары «факторингті» нақты анықтау, оны несиелік немесе таза қаржылық операцияларға, факторингтің нақты қатысушыларына және т.б. жатқызу мәселесі бойынша көптеген даулы сәттер жиі пайда болып жүр, осыған орай біз өзіміз қорғайтын ережелерді теориялық тұрғыдан дәйектеуге әрекет жасадық.

Факторинг – бұл тауарды (қызметтерді) жеткізушіден төлем талаптарын сатып алу. Мұнда, әдетте, әңгіме қысқа мерзімді талаптар жөнінде болады. Факторингтің мақсаты – кез келген несие операциясының ажырамас бөлігі болып табылатын тәуекелді жою. Дамыған нарықтық экономикалық елдерде төлем талаптарын сақтауға баса назар аударылады. Факторинг компанияларының және банктердегі факторинг бөлімдерінің қызметтері жеткізушілер мен сатып алушылар арасындағы қарым-қатынастардағы төлем тәуекелдері мен мерзімдері проблемасын шешуге және осы қатынастарға недәуір тұрақтылық беруге бағытталған.

Экономикалық тұрғыдан факторинг - жеткізілген тауарларға, орындалған жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге төленбеген төлем-талаптарын клиент-жеткізушінің банк пайдасына ұсынуына байланысты делдалдық операция немесе комиссиялық-делдалдық қызмет және, сәйкесінше, солар бойынша төлем алу құқығы, яғни клиенттің дебиторлық қарызын инкассациялау (төлем құжаттарымен қаражаттарды алу) [1]. Банк төленбеген төлем талаптарының меншік несіне айналады және қарыздарлардың несие қабілеттілігі алдын ала тексерілгенмен де, олардың төленбеу тәуекелін өзіне жүктейді.

Факторингтің төмендегідей қызметтері бар:

- жеткізушіні жеткізілген тауар үшін авансылау;
- сатып алушының төлем қабілеттілігін талдау;
- жеткізушіге тауарлардың төленуіне кепілдік беру;
- несиелік тәуекелдерді қабылдау;
- дебиторларды басқару;
- төлем талаптарын сатып алу;
- төлем талаптарын инкассациялау;
- статистикалық есептілікті енгізу;
- төлемдерді өндіріп алу.

Факторингтің басты экономикалық артықшылықтарын атап көрсетуге болады: өтімділікті, рентабельділікті және пайданы ұлғайту; дебиторлық қарызды қолма-қол ақшаға аудару; жеткізушілердің барлық шоттарын тез арада төлеген жағдайда жеңілдік алу мүмкіндігі; дебиторлар тарапынан төлем мерзімінің сақталуынан тәуелсіздік және еркіндік; айналым көлемін кеңейту мүмкіндігі; табыстылықты арттыру; жеке капиталды үнемдеу; қаржылық жоспарлауды жақсарту.

Факторингтік қызметтер ұсынатын қаржы институттары фактор-фирмалар деп аталады. Олар көбінесе ірі банктердің жанындағы еншілес фирмалар түрінде болады (немесе банктер/факторинг бөлімдері факторингтік операцияларды өздері жүзеге асырады), бұл факторингтік мәмілелердің сенімділігінің жоғарылығын және клиенттер үшін шығындардың аздығын қамтамасыз етеді.

Әр түрлі елдердегі кәсіпорындарға факторингтік қызмет көрсетуге арналған арнайы филиалдардың тармақталған желілерін ірі трансұлттық корпорациялар құрған. Халықаралық деңгейде "Factor Chain International" ассоциясы әрекет етеді, әлемнің 40 елінің 95% факторинг компаниялары оның мүшесі болып табылады. Бұл ассоциацияға бір елден 3-4 банктен артық банк мүше бола алмайды. Факторингке арналған қаражатты қалыптастыру көздері банктің жеке қаржысы (пайда, қорлар), тартылған және қарызға алынған қаражаттар болып табылады. Олардың арасындағы қатынасты банк басқармасы белгілейді. Факторинг бөлімі жеке қаражаттарын өз банкінен алады және олардың одан ары қарайғы өсімі өздері жүргізген операциялардан түскен пайданың есебінен жүзеге асырылады. Бөлім өзінің міндеттемелерін орындау үшін жоспардан тыс несиелерді тартуды қажет еткен жағдайда, банк оған қысқа мерзімді несие бере алады. Бөлім, сондай-ақ, жедел депозиттерге қаражаттар тарта алады.

Ю. А. Бабичеваға жүгінсек, ол тауарлар мен қызметтерді коммерциялық несие жағдайында сату үдерісінде контрагенттердің арасында пайда болатын қарыз талаптарын (шот-фактураларды немесе вексельдерді) жеткізушінің бухгалтерлік, ақпараттық, өткізу, сақтандыру, заң және басқа қызмет көрсету элементтерімен бірге факторинг компаниясының пайдасына беруі ретінде көрсеткен [2].

Факторинг аясындағы қаржылық қатынастар факторинг келісім-шартымен рәсімделеді. Келісім-шартта қаржыландыру түрі қолданыстағы заңға және келісім-шарт бойынша тараптардың мүдделеріне сәйкес анықталады. Факторингтік қызмет көрсету дебиторлардың қарыздарын дер кезінде өтемеуіне және олар үшін несиелеу көздеріне қол жеткізудің шектеулілігіне байланысты дәстүрлі түрде қаржылық қиындықтарға ұшырап отыратын шағын және орта кәсіпорындар үшін едәуір тиімді.

1988 жылы Халықаралық жеке құқықты сәйкестендіру институты қабылдаған Халықаралық факторинг туралы конвенцияға сәйкес, операция ол төмендегі төрт белгінің кем дегенде екеуін қанағаттандырған жағдайда ғана факторинг болып есептеледі [3]:

- 1) қарыз талаптарын алдын ала төлеу формасындағы несиелеудің болуы;
- 2) жеткізушінің бухгалтерлік есепті, ең әуелі, сату есебін жүргізуі;
- 3) оның қарыздарын инкассациялау;
- 4) жеткізушіні несиелік тәуекелден сақтандыру.

Солай болғанмен, шағын немесе орта бизнес санатына жататын кез келген кәсіпорын факторинг компаниясының қызметін пайдалана алмайды. Мысалы, факторингтік қызмет көрсетуге жатпайды:

- әрқайсысының қарыздары шағын сома болатын дебиторларының саны көп кәсіпорындар;
- стандартты емес немесе тар мамандандырылған өнім өндірумен айналысатын кәсіпорындар;
- субмердігерлермен жұмыс істесетін құрылыс фирмалары және басқа фирмалар;
- өз өнімдерін сатудан кейінгі қызмет көрсету жағдайында сататын, өтемақылық (бартерлік) мәмілелермен айналысатын кәсіпорындар;
- өз клиенттерімен ұзақ мерзімді шарттар жасасатын және шоттарды жұмыстың белгілі бір сатысы орындалғаннан кейін немесе жеткізілімдерді жүзеге асыру басталғанға дейін (аванстық төлемдер) беретін кәсіпорындар [4].



Факторингтік операциялар, сондай-ақ, жеке тұлғалардың, кәсіпорындардың филиалдары мен бөлімшелерінің қарыздық талаптары бойынша жүргізілмейді. Мұндай шектеулер көрсетілген жағдайларда факторинг компаниясының несиелік тәуекелін бағалауының жеткілікті дәрежеде қиындығына немесе өзіне артық жұмыс көлемін жүктеудің немесе жеткізушінің келісім-шартта көрсетілген қандай да бір міндеттемесін орындамауы салдарынан төлемі жасалмауы мүмкін мұндай талаптарды пайдасына беру кезінде туындайтын қосымша тәуекел алудың пайдасыздығына байланысты орын алған.

Бұдан басқа, жеткізуші жоғары сапалы тауарлар өндіруі және қызметтер көрсетуі, өндірісті жедел кеңейту және пайданы ұлғайту мүмкіндігіне ие болуы қажет (тек осы жағдайда ғана кәсіпорынға факторинг компаниясы көрсететін қызметтің қымбат бағасын төлеу тиімді болады). Ақша құралдарының жеткіліксіздігінің уақытша себептері – дебиторлардың қарыздарын дер кезінде өтемеуі, сондай-ақ пайданың жеткіліксіз деңгейі, тауар қорының шектен тыс көп болуы және өндірістік процеспен байланысты қиындықтар.

Факторинг – бұл жеткізушінің айналым құралдарын толықтыруға бағытталған ақша талаптарының есебінен қаржыландыру (аванстық төлемдерді төлеу) ғана емес, бұл қызмет көрсетулер кешені. Бұл жеткізушінің кәсіпорындарына олардың сатып алушымен жұмыстарын ұйымдастыру, сатып алушыларды тауарлық несиелеуді бақылау тұрғысында көрсетілетін қызмет. Бұл сауда компанияларының тәуекелдерін басқару және оларды сақтандыру. Бұл клиенттерге ақпараттық-талдаулық қолдау көрсету.

Жеткізушілерде көбінесе банк оның клиенттерімен әдепті жұмыс істей ала ма деген қауіп туады. Банк жеткізушінің клиенттік базасын сақтап қалуға жеткізушіден кем емес дәрежеде мүдделі. Банктің өз мүддесі бар – жеткізушіде клиенттер қаншалықты көп болса, оның айналымы, сәйкесінше комиссиясы соғұрлым жоғары. Қаржылық аспектіде факторингті пайдаланудың тиімділігі айналым құралдарының айналымдылығын жеделдетуден, кассалық үзілістерді жоюдан, айналым құралдарын банк қаражаты есебінен толықтырудан көрінеді. Коммерциялық нәтиже, жекелеп алғанда, тауардың барлық ассортиментін сатып алушылардың сұранысын қамтамасыз етуге қажетті көлемде ұстап тұру мүмкіндігінен көрінеді. Қаражатты банктен жүкті түсіргеннен кейін алу мүмкіндігі сатып алушыға сатып алудың недәуір жеңілдікті жағдайын ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, қолда бар сатып алушыларға сату көлемінің өсуіне және жаңа сатып алушыларды тартуға, сондай-ақ ұзақ мерзімді іскери байланыстарды орнату мен нығайтуға ықпал етеді. Келесі жағдайға баса назар аударған жөн. Факторингтік қызмет көрсетудің тиімділігін қамтамасыз ететін жағдайлардың бірі банктің ұзақ уақыт бойы жеткізушінің барлық немесе барлық дерлік жеткізілімдерін қаржыландыруы болып табылады. Тек осындай жағдайда ғана жеткізуші өзінің сауданы кеңейту бағдарламасын айналым құралдарының тапшылығына ұшыраудан қорықпай жүзеге асыруға үміттенеді.

Факторингтік операцияларға қатысушылардың барлығын қызықтыратын маңызды мәселелердің бірі – комиссияның көлемі. Нақты санды атау мүмкін емес. Факторингтік операциялар жүргізу кезіндегі банк қызметінің бағасы, біріншіден, қаржыландыруға қажетті (аванс төлемін төлеу) несиелік ресурстарының бағасынан, екіншіден, қызмет көрсету тарифтерінен (құжаттарды өңдеу, қосымша қызметтер көрсету), үшіншіден, тәуекел үшін сыйақыдан құралады.

Қазақстандық ғалым С. Б. Мақыштың пікірінше, факторинг компаниясы жеткізушіден алатын төлем екі элементтен тұрады [5].

Біріншіден, басқару үшін төлем, яғни өзінің жеке факторингтік қызмет көрсетуі үшін комиссия – есеп жүргізу, күмәнді қарыздардың пайда болуынан сақтандыру және т.б. Бұл төлемнің көлемі жеткізушінің жылдық айналымынан пайыз ретінде есептеледі



және оның шамасы жеткізушінің өндірістік қызметінің масштабы мен құрылымына, компанияның жұмыс көлемін бағалауына, несие тәуекелінің дәрежесіне, сатып алушылардың несиеге қабілеттілігіне, сондай-ақ қандай да бір елдің қаржылық қызмет көрсету нарығының спецификасы мен конъюктурасына қарай түрленіп отырады. Көпшілік елдерде жеңілдік 0,5-3,0 % көлемінде болады. Регресс болған жағдайда жеңілдік 0,2-0,5 %-ға жасалады. Шот-фактураларды есепке алу (дисконттау) үшін төлем жеткізушінің жылдық айналымының 0,1-1,0 %-ын құрайды.

Екіншіден, факторинг компаниясы жеткізушіге талаптарды мерзімінен бұрын алу мен инкассациялау күні аралығындағы кезеңде мерзімінен бұрын ұсынылатын (пайдасына берілген қарыздық талаптардың алдын ала төлемі түрінде) қаражат сомасынан ұстап қалатын есеп операциялары үшін төлем. Оның қойылымы әдетте ұқсас айналымды және несиеге қабілетті клиенттерді қысқа мерзімді несиеде банк қоятын қойылымнан 2-4 %-ға артық болады, бұл факторинг компаниясының қосымша шығындары мен тәуекелдерінің орнын толтырумен шарттасылады.

Сыртқы сауда факторингі ішкі факторингке қарағанда жоғары, себебі факторинг компанияларының шығыны өз елдерінен тыс жерлерде операциялар жүргізгенде недәуір жоғары. Сонымен қатар, төлем мөлшері нақты импорттаушы елге байланысты. Өзара факторинг кезінде экспортаушы елге қызмет көрсететін компания импорттаушы факторинг компаниясына несие тәуекелін сақтандырғаны, қарыздық талаптарды инкассациялағаны үшін белгілі бір сома төлейді.

Факторингтің кәсіпорындар үшін қаржы менеджменті ретіндегі жағымды тұстары мыналар:

- факторинг айналым құралдарын толықтыру проблемаларын шешеді;
- факторинг төлемеулерді «сөгуге» белсенді ықпал етеді;
- факторинг экспорттық операцияларды кеңейтуге тиімді көмектеседі;
- факторинг кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды алғышарты болып табылады;
- факторинг тараптардың – клиент пен қаржы агентінің өзара жауапкершіліктерін недәуір арттырады;
- факторинг бизнесті сақтандыру жүйесіндегі маңызды элемент болып табылады, себебі оның орбитасына жеткізушінің дебиторлық қарызын инкассациялау, несие тәуекелдерінен, күмәнді қарыздарды пайда болуынан сақтануға кепілдік беру кіреді;
- дебиторлардың қарызды дер кезінде қайтармауынан ғана емес, өндірістік цикл қабілетіне байланысты проблемалар салдарынан да ақша құралдарының перманентті жетіспеушілігіне ұшырап отыратын шағын және орташа кәсіпорындар факторингті пайдаланудың перспективалы саласы болып табылады. Оның үстіне шағын бизнестің жеке ресурстары өте шектеулі;
- мемлекет бюджет ресурстары есебінен шағын және орташа бизнесті ғана емес, ірі бизнесті де қолдауға ақша құралдарының жетіспеушілігі салдарынан қабілетсіз болған жағдайда, факторинг көптеген жағдайда кәсіпорындардың ақша құралдарын толтыруының, олардың қаржы жағдайын нығайтудың жалғыз құралы болуы мүмкін [6].

Өндіруші-жеткізушілердің де, тауарлар мен қызметтерді сатып алушылардың да, факторингтің компаниялардың (банктердің) да факторинг процесін ұйымдастырушылар ретінде біршама маңызды пайдаға ие болатындықтарын байқау аса қиындық тудырмайды. Мұның барлығы тұрақты қолданған жағдайда факторингтің экономиканы көтерудің, кәсіпорынның ақша ағымын басқаруды жетілдірудің өте көпқырлы, тиімділігі жоғары құралы ретінде қызмет атқаруы мүмкін екендігін айтуға мүмкіндік береді [7].

Факторинг операциясының мәні мынада: банктің факторинг бөлімі клиенттің қарыздық талаптарын (шот-фактураларын) жеткізілім бағасының 80%-ына дейін бірден

төлеу және қалған бөлігін несиелесу үшін пайызды және комиссиялық төлемдерді шегергеннен кейін дебиторлардан түсетін пайданың түскен-түспегеніне қарамастан, қатаң белгіленген уақытта төлеу шартымен сатып алады. Егер қарызгер шоттарды мерзімінде төлемесе, төлемдерді оның орнына факторинг бөлімі төлейді. Факторингтік операцияның негізінде банктің жеткізушінің жеткізілген өнімге төлем талаптарын сатып алуы және жеткізушінің банкке сатып алушыдан төлемді талап ету құқығын беруі жатыр. Сондықтан факторингтік операцияларды жеткізушіні несиелеу немесе жеткізушіге факторингтік несиелесу деп атайды.

Факторингтік қызмет көрсету дебиторлардың қарыздарын дер кезінде өтемеуіне және олардың несиелеу көздеріне қол жеткізулерінің шектеулілігіне байланысты қаржылық қиындықтарға ұшырап отыратын шағын және орташа кәсіпорындар үшін өте тиімді.

Факторингтік операциялардың сызбасы жеткілікті дәрежеде қарапайым. Оның үш қатысушысы бар: жеткізуші, сатып алушы және банк [8]. Жеткізуші мен сатып алушы арасында сатып алу-сату келісім-шарты жасасылады, консигнация да емес, сату да емес, дәл сол жеткізілген тауар үшін төлем жасау – «төлемді кейінге қалдыру» шартымен сату-сатып алу келісімі жасасылады. Банк пен жеткізуші арасында факторингтік қызмет көрсету келісім-шарты жасалады. Тауар сатып алушының меншігіне өткен сәтте ақшалай талап пайда болады. Осы талап пайда болғаннан кейін ол банкке беріледі, жеткізуші ол туралы өзінің сатып алушысын хабардар етеді. Осы ақшалай талапқа қарсы банк жеткізушінің есеп шотына талаптың 90%-ы көлемінде аванстық төлем аударады (қаржыландыру жүргізеді). Осылайша, алдын ала төлем алады және ақшаны өзінің компаниясын одан әрі қарай дамытуға салуға мүмкіндік алады, ал сатып алушы – төлемді кейінгі қалдыру мүмкіндігін. Қаражаттың қалғанын (комиссияны шегеріп тастағанда 15%-дан жоғары) жеткізуші банктен сатып алушының осы жеткізілім сомасын банктегі арнайы ашылған транзиттік шотқа толық көлемде өтегеніне қарай алады.

Факторингтік операцияны жүзеге асырмас бұрын маңызды талдау жұмыстары жүргізіледі.

Факторингтік операцияларға үш тарап қатысады:

- факторинг компаниясы (немесе банктің факторинг бөлімі), яғни өз клиенттерінен шот-фактураларды сатып алатын арнайы мекеме;
- клиент (тауарды жеткізуші, кредитор) — факторинг компаниясымен мәміле жасасқан өнеркәсіптік немесе сауда фирмасы;
- кәсіпорын (қарыз алушы) – тауарды сатып алушы фирма [9].

Кәсіпорынан өтінілім алғаннан кейін факторинг компаниясы әдетте 1-2 апта ішінде потенциалды клиенттің экономикалық және қаржылық жағдайын, оның іскери байланыстарының сипатын зерделейді. Егер кәсіпорын факторинг компаниясының клиенті болса, онда клиент факторинг компаниясына сатып алушыларға қойылған барлық шот-фактураларды жібереді. Әрбір құжат бойынша клиент төлемге келісім алуы қажет (төлем талаптарын акцептеу секілді). Факторинг компаниясы барлық шот-фактураларды зерделей отырып, сатып алушылардың төлем қабілеттіліктерін анықтайды. Бұл 24 сағаттан 2-3 күнге дейін созылуы мүмкін. Факторинг компаниясы шотты төлем мерзімі жеткенде немесе алдын ала төлей алады. Соңғы жағдайда ол банк қызметін атқарады, себебі клиентке мерзімінен бұрын ақша құралдарын ұсыну оған несиелесу беруден бірдей. Мұндағы қызмет көрсетудің маңыздысы клиентке төлем кепілдігін беру болып табылады. Бұл кепілдік ішкі және халықаралық операциялардың толық көлемін қамтиды: факторинг компаниясы клиентке барлық акцептелген шот-фактураларды тіпті қарызгерлер төлемге қабілетсіз болған жағдайда да төлеуге міндетті [10].



Сонымен қатар, банк факторинг операциялары бойынша максималды соманы анықтайды, тауар жеткізілімі немесе қызмет көрсету сол соманың көлемінде төлемді ала алмай қалу тәуекелінсіз жүргізіле алады. Факторинг операцияларын жүзеге асыруға жасалған келісім-шартта шекті соманы төлеу тәсілі қарастырылуы керек және факторинг бөлімі жеткізуші пайдасына төлем жүргізуге міндетті жағдайлар бейнеленуі қажет.

Дүниежүзілік тәжірибеде факторингтік қызметтердің бағасы екі элементтен құралады: 1) комиссиядан және 2) ұсынылған құжаттарды алдын ала төлеу кезінде алынатын пайыздардан [11].

Комиссия шот-фактураның сомасынан пайыз түрінде белгіленеді (әдетте 1,5-2,5% деңгейінде). Мәміле көлемінің ұлғаюына комиссияның есебі мен сомасы сәйкес келеді. Несие үшін пайыздық қойылым, әдетте, ақша нарығының (қысқа мерзімді несие нарығының) қойылымдарынан 1—2%-ға жоғары. Әдетте банк бір мезгілде шот-фактура бағасының 80-90%-ын төлейді; 10-20% – бұл дебитор қарыздың толық сомасын өтегеннен кейін қайтарылатын резерв. Әрбір айдың соңында банк өзіне тиесілі комиссиялық пайыздарды санайды, сондай-ақ инкассацияланбаған фактуралардың қалдығын анықтап, шот жазып, клиентке жібереді.

Факторинг бөліміне қарыз міндеттемелерінің толық бағасын алдын ала төлеу тиімсіз болатын бірқатар себептер бар. Ең әуелі есептеулер кезінде дау-таласты сәттер және қателіктер пайда болуы мүмкін. Егер жеткізуші өз жұмысын тоқтатса немесе қандай да бір себеппен факторингтік келісім-шарттың шарттарын бұзса, онда факторинг бөлімінің төлем талаптарынан басқа алдын ала төленген соманы сақтандыру көздері жоқ. Осылайша, шот-фактуралардың бағасынан 10-12% көлеміндегі айырмашылық қажет болған жағдайда алдын ала төленген соманы өтеу үшін керек. Бұл, біз жоғарыда көрсеткендей, дамыған нарықты экономикалы елдердің факторингтік тәжірибесіне толығымен сәйкес келеді.

Факторингтік қызмет көрсетулердің бағасына қызмет көрсеткені үшін төлем (комиссия) және қаражатты несиеге ұсынғаны үшін төлем кіреді [12].

Егер факторингтің қарастырылған анықтамаларын жинақтап, талдайтын болсақ, онда оны дебиторлық қарыздарды аванстау және инкассациялау, несие тәуекелдерін сақтандыру бойынша, одан әрі клиентке келісім негізінде және бекітілген төлем төлеу арқылы ақпараттық, бухгалтерлік, консалтингтік және заңдық қызмет көрсетумен жалғасатын, комиссиялық-делдалдық қызметтер кешені деп анықтауға болар еді. Факторинг қызметі саласына әдетте мыналар жатпайды: жеке тұлғалардың қарыздары, несие операциялары кезінде пайда болған қарыздар және жеткізуші немесе оның сатып алушысы тараптарынан келісім-шарттың одан әрі орындалуына байланысты кез келген қарыздар.

Біздің көзқарасымызша, факторингтің дұрыс анықтамасы – қаржыландырудың және несиелендірудің қазіргі жағдайдағы ең пайдалы формасы, оның негізінде төленбеген тауарларға, қызметтерге және т.б. төлем-талаптарын клиенттің банктің немесе факторинг компаниясының пайдасына қайта ұсынуы жатыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Банковское дело: Учебник / Под ред. Заслуженного деятеля РК, д.э.н. профессора У. М. Искакова.- Алматы: Экономика, 2011.- 552с
2. Банковское дело: справочное пособие / под.ред.к.э.н. Бабичевой Ю.А. –М.: Экономика, 2010. – 397 с.
3. Конвенция УНИДРУА о международном факторинге (по состоянию на 31 декабря 1995г.). – Оттава: Справочная система «Гарант», 1988.



4. Шурганова Н. П. Факторинг и финансирование под уступку денежного требования: общие черты и основные различия // Предпринимательское право. – 2009. – № 4. – С. 58-62.
5. Мақыш С.Б. Коммерциялық банктер операциялары: учеб. пособие. – Алматы: «ИздатМаркет», 2010. – С. 211-212.
6. Васин А.С. Системный подход к анализу рисков хозяйствующих субъектов при факторинговых операциях // Финансы и кредит. – М., 2011. – № 4. – С. 40-43
7. Банки и небанковские кредитные организации и их операции / под ред. Е.Ф.Жукова. – М.: Вузовский учебник, 2011. – С. 261
8. Банковское дело (Настольная книга банкира): учебное пособие / под науч. ред. А.А. Абишева. – Алматы: Экономика, 2011. – С. 142-144
9. Н.Н. Хамитов. Банк ісі. – Алматы: Экономика, 2011. – 216 б.
10. Миржакыпова С. Организация учета факторинговых, форфейтинговых и сейфовых операций в банках // Экономика и статистика. – Алматы, 2012. – № 4. – С. 64-69.
11. Мақыш С.Б., Ильяс А.А., Банковское дело: учеб. пособие. – Алматы: «Қазақ университеті», 2009. – 165 с.
12. Привман Л. Новация в гражданском законодательстве Республики Казахстан. Договор под уступку денежного требования (факторинг) // Предприниматель и право. – Алматы, 2010. – №15. – С. 2-5.

**ӘОЖ: 658.011.46**

## **ҚР АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАУЫШЫ**

**Сырлыбаева М. Т., магистрант**

*Ғылыми жетекшісі: Кантуреев М.Т. э.ғ.д., профессор*

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорғанқ.*

*[s.makpal-84@mail.ru](mailto:s.makpal-84@mail.ru)*

*Мақалада ҚР агроөнеркәсіптік кешенінің экономикалық дамуы мәселесі қарастырылған.*

*В статье рассматривается экономическое развитие агропромышленных комплексов РК.*

*The article touches the issue of agricultural development in the Republic of Kazakhstan.*

***Кілт сөздер:** Агроөнеркәсіп, экономика, инновация, инфрақұрылым, технология*

Агроөнеркәсіп кешені республикадағы экономикасы жоғары потенциалды, мүмкіндігі мол, ұдайы өндірістік және әлеуметтік мәнді негізгі саланың бірі болып саналады. Мұнда, қазіргі кезде жалпы республикада тұратын халықтың 43%-ы, экономикалық белсенді халықтың үштен бір бөлігі тұрады.

Агроөнеркәсіп кешені (АӨК) – ауыл шаруашылығы шикізатынан соңғы өнімнің ұдайы өндірісін тікелей қамтамасыз ететін өзара байланысты салалар жиынтығы. Оның тұрақты даму динамикасы тұтас АӨК-де және оның әрбір құрылымдық бөлімшелерінде, әсіресе оның басты саласы – ауыл шаруашылығында тұрақты ұдайы өндіріске қол жеткізген кезде қамтамасыз етіледі.

Елімізде агроөнеркәсіп инфрақұрылымының дамуынан ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізатын өндеумен, оларды сақтау мен тасымалдаумен айналысатын сфералар мен салалар қызметі жолға қойылады. Елімізде әлі де болса қолда бар

элеваторлық қуаттар астықты өндеуді толық қамтамасыз ете алмайды. Осының салдарынан өндіріс өнімі көлемінің 30% –ға жуығы ысырапқа ұшырауда. Мысалы, Қазақстанда бір пагон километр автожол жүйесіне көрсеткіш – 54 м., Өзбекстанда - 129 метр, Украинада – 324 метр, Эстонияда – 600 метрге жуық. Халықтың аз орналасуы да (бір км<sup>2</sup>- ге 7 адам). Республиканың агроөнеркәсіптік өндірісін орналастыру мен дамытуға бұл кәдімгідей әсер етеді. Міне, осындай қиыншылықтарға қарамастан, егістік жерлердің орасан көп болуы, топырақтық-климаттық аймақтың көптүрлілігі мен олардың биоклиматтық потенциалының мол болуы, ауыл шаруашылығы өсімдіктері жергілікті сорттарының және мал тұқымдарының генетикалық мүмкіндіктерінің болуы, ауыл шаруашылығын жүргізудің ғасырлар бойғы дәстүрі қалыптасқан елімізде агралық саланы дамытуға негіз бары айқын.

Қазіргі кезеңде мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде де АӨК дамыту болып айқындалады. Оның ішінде, Елбасымыз айтқандай, әлемдік нарықта өзге елдердің тауарларымен бәсекеге түсе алатын егін және мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеп, дайын өнім ретінде шығаруға баса назар аударылуда. Мысалы, соңғы он жылдың ішінде аграрлық сектордағы жалпы өнім көлемі 3,5 есеге, ауыл шаруашылығы өнімдер экспорты 3 есе өсіп, ұн мен бидай экспортынан әлемде көшбасшы орындардан көрініп келеміз. Екінші жағынан, еліміздің алдында 2015 жылға дейін еттің экспорттық әлеуетін 60 мың тоннаға жеткізу міндеті тұр. Болжам бойынша, егерде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің жылдық орташа өсімі 2012-2016 жылдары 4,8 % құраса, тамақ өнімдерін өндіру шамамен жылына 10,2 % өсіп отыраы анық. Ал, 2013-2020 жылдары аралығында АӨК дамыту бағдарламасын іске асыруға арналған республикалық және жергілікті көзделетін жалпы шығыстар барлығы 3 194,5 млрд. теңгені құрайды [1].

АӨК кейбір саласы жыл маусымына және ауа райына тәуелді, яғни ол көктемгі егіс пен күзгі жиын-терім аяқталған кездегі түпкі өнімге бағынышты. Тағы бір ерекшелігі – ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне артықшылық берілуінде, өйткені өткізу арнасы жоқ болса жұмыс қиындайды. Сондықтан, кез келген мемлекет ауыл шаруашылығы саласын белгілі бір мөлшер мен шектерде реттейді, ал реттеудің өзі мемлекеттік қолдау түрінде жүзеге асады. Себебі, ауыл шаруашылығы өнімдері қағаз өндірісінде, жеңіл, тамақ және химия өнеркәсібінде және басқа да өнеркәсіп салаларында шикізат болып табылады. Сонымен қатар, халықты жұмыспен қамту көздерінің бірі.

Қазіргі кезде ауыл шаруашылығы тауары саудасын реформалаудың принциптері мен механизмдерін және Қазақстан үшін тиімді АӨК саясатын анықтау маңызды болып отыр. Соның бір дәлелі - АӨК өндірісіне инновация мен ғылыми жаңалықтарды енгізу жылдамдығы мен экономикалық және технологиялық бәсекелестік қарқынды дамуы. Кәсіпорындар мен фирмалар жаңа технологияны, жаңа білімді ізденуде, іргетасты зерттеулер жүргізуге қатысуға ұмтылуда, өндірістік жағдайға тез бейімделу мақсатында тікелей өндіріске инновацияны игеруді ұйымдастыруда [2]. Жалпы, АӨК саласында отандық белсенді-инновациялық кәсіпорындар көп емес. Сондықтан да Елбасы елдегі инновациялық белсенділіктің артуына, инновациялардың дамуына, инновациялық қызметке мемлекеттік қолдаудың көрсетілуіне баса назар аударып отыр.

Инновациялық қызметтің бастапқы өнімі жаңа өнім немесе қызмет көрсетулерді қалай өндіру туралы жаңа білімдер болып табылады. Білімнің өзі бәсекелес емес ортада болады, басқаша айтқанда, оларды белгілі бір «ойлап табушы» бола тұрса да, оларды бір бірінен тәуелсіз әр түрлі компаниялар немесе мемлекет төмен пайдамен пайдаланды. Негізгі шектеу патенттер мен авторлық құқықтар болып табылады, оларды қорғау көптеген мемлекеттерде, оның ішінде біздің елімізде де шартты түрде ғана болады. Кейбір ғылыми жетістіктер патенттелмейді және кез келген оқырман адамға

қолжетімді. Бұл адамзаттың жалпы өмір сүру жағдайына оң әсер етеді, себебі білім мен технологияға ашық қолжетімділік барлығына тиімді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, инновациялық қызмет мемлекеттік басқаруды және едәуір қаржы салуды талап етеді. Инновациялық қызметке төмендегі факторлар әсер етеді:

- ғылыми-зерттеу жұмыстарына жұмсалатын шығын көлемі;
- ғылыми сыйымдылығы жоғары өнімді жасауға қабілетті ғылыми қызметкерлердің саны;
- бітіруші мамандардың саны мен сапасы;
- инновациялық қызметтің инфрақұрылымы;
- инновация негізінде еңбек, материал және қаржы қорларын тиімді қолдануға қабілетті салалық басқаруды ұйымдастыру.

Бұл агроөнеркәсіп өндірісін мамандандыру жөнінде көптеген міндеттерді нақтылауды, агроөнеркәсіп өндірісінде әртүрлі қызметтердің ауыл шаруашылық өндірістің тепе-теңдігін сақтауда, технология, ұйымдастыру, басқару және инновациялық басқару саласында мамандар даярлауда көптеген міндеттерді нақтылауды қажет ететін үрдіс [3].

Агроөнеркәсіп өндірісінде инновацияны игеру тәжірибесі негізінде технологиялық, техникалық құралдар мен қондырғылар, нақты агроклиматтық және өндірістік жағдайларды есепке ала отырып өсімдіктің жаңа немесе жетілдірілген сорты мен нәсілді малдарды қолдану қажет. Сол үшін инновациялық үрдістерді дамыту, инновациялық қызметтердің жаңа түрлерін құру, агроөнеркәсіп өндірісінің аймақтық ерекшеліктерін есепке алу, ғылыми техникалық және инновациялық саясатты қалыптастыру өте өзекті мәселеге айналуға.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ел экономикасында ғылым мен білімге, инфрақұрылымдық жобаларды дамыту мен инновацияны қолдау, өндірісті заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету дамудың даңғыл жолына апаратын қадам болып табылады.

Елімізде аграрлық ғылым жүйесі де агроөнеркәсіп кешенін дамыту мақсатында жаңадан реформаланғаны белгілі. Аграрлық салаға қызмет етіп жатқан барлық ғылыми-зерттеу институттарынан негізінде «Қазагроинновация» АҚ құрылды. Негізгі қызметі – аграрлық саладағы ғылыми ұйымдардың қызметін үйлестіре отырып, аграрлық саланы дамытудың стратегиялық бағыттарын, ғылыми жаңалықтарды коммерцияландыру, ғылыми идеяларды трансферттеу және бүгінгі күнге бейімдеу болып табылады.

Дамыған индустриялы елдерде технологиялардан, құрал-жабдықтардан, кадрлар даярлаудан, өндірісті ұйымдастырудан көрініс табатын жаңа ілімдер үлесіне ЖІӨ өсімінен 80-нен 95%-ына дейін келеді. Бұл елдерде жаңа технологияларды енгізу нарықтық бәсекелестіктің өзекті факторы өндіріс тиімділігін арттырудың және тауарлар мен қызметтер сапасын жақсартудың негізгі құралы саналады [4].

Қазіргі уақытта ғылымды көп қажетсінетін отандық өндірісті дамыту, бәсекеге қабілетті өнімдерді алуға бағдарланған ғылымды көп қажетсінетін жаңа технологияларды және ақпараттық технологияларды әзірлеу мен игеру республиканың өнеркәсіп пен ғылыми-техникадағы әлеуетін сақтау мен дамыту есебінен ұлттық экономикалық қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз ету Қазақстан экономикасының өзекті стратегиялық міндеті болып табылады.

Қазақстанның ғылыми-технологиялық саясаты инновациялық үдерістерді жандандыруға, жаңа технологиялық құрылымдарды енгізуге, өнеркәсіптегі жаңа қайта бөліністерді игеруге, ұлттық ғылыми-техникалық әлеуетті жандандыруға, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты жоюға, индустриялық қызметті ынталандыруға, озық шетел технологиясының нақты трансферті мен халықаралық стандарттарды енгізуді қамтамасыз етуге бағытталуы керек.



Бүгінгі күні инновацияны дұрыс пайдалану ертеңгі күнгі дамыған экономика екенін дамыған Батыс елдерінің тәжірибесі дәлелдеп отыр. Осыны дұрыс аңғарған отандық фирмалар мен кәсіпорындар АӨК-інде де инновацияны жетілдіру, дамыту және дұрыс пайдалану нәтижесінде ертеңгі күні табысқа жетпек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған бағдарлама. - 19-20 бб.
2. Пипия Л.К.Современные тенденции в формировании научной и инновационной политики // Инновации - 2009 - №12 (222)
3. Алимкулова Э. С Нарық жағдайында агроөнеркәсіпкешенін инновациялық дамыту// Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Түркістан, 2010
4. Бүкіләлемдік сауда ұйымына енуі жағдайындағы Қазақстанның аграрлық мүдделерін қамтамасыз ету бағыттары// Вестник Университета международного бизнеса.- №1.-Алматы, 2009

**ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА**

УДК 811

## МЕЖКУЛЬТУРНО-КОММУНИКАТИВНАЯ МОДЕЛЬ ПИСЬМЕННОГО ДЕЛОВОГО ОБЩЕНИЯ

**Бакирова Ж.Б.**

магистрант 2-го курса

Научный руководитель: к.п.н., проф. **Кармысова М.К.**

*КазУМОиМЯ имени Абылай хана, г. Алматы*

*Берілген мақала студенттерді (тіл тасушылар мен шетелдіктерді) оқыту мәселесіне және іскерлік мәдениетаралық қарым-қатынас үлгісіне арналған. Мақалада сонымен қатар, мәтіндік құжаттарды ұйымдастырудың негізгі сипаттамалары берілген.*

*Данная статья посвящена проблеме обучения студентов (носители языка и иностранцев), межкультурно-коммуникативной модели письменного делового общения. В статье также описаны основные характеристики организации текстового документа.*

*This article deals with the problem of teaching students (both native speakers and foreigners) to intercultural communicative modeling of written business texts. The paper also describes the main characteristics of the organization of a text document.*

**Ключевые слова:** Межкультурная коммуникация, дискурс, деловое письмо, письменное деловое общение

Глубокие изменения, произошедшие в нашей стране в последние годы в связи с переходом к открытой рыночной экономике, затронули все сферы жизни и деятельности общества. Одновременно эти изменения позволили странам по-новому позиционировать себя в современном мире, в котором, не смотря на все противоречия и конфликты, страны становятся все более взаимосвязаны и взаимозависимы как в экономической, так и в политической областях. Ведущая тенденция нынешнего этапа развития человечества получила название «глобализация». Она выражается во все большем расширении и углублении международных связей в сфере инвестиций, производства, обращения, снабжения и сбыта, финансов, научно-технического прогресса, образования. Постепенно на базе транснациональных корпораций складываются мощные международные хозяйственные комплексы, действующие во всеохватывающих, глобальных масштабах и ведущие конкурентную борьбу за рынки сбыта, материальные и финансовые ресурсы на мировой арене [1 55].

Деловое общение, которое обозначает официальное речевое взаимодействие людей в профессиональной и непрофессиональной деятельности, следует рассматривать как обычный социальный механизм. С помощью этого механизма осуществляется – в рамках сложившихся в нем норм и правил – коммуникативное поведение индивидов в том или ином социуме. Действие данного механизма распространяется на все области социальной активности, в том числе на межкультурную среду. На основе указанных норм и правил реализуется общение людей и в конкретной сфере предметно-практической деятельности. Специфика этой деятельности накладывает свой отпечаток на процесс деловой коммуникации специалистов соответствующего профиля, следствием чего является жанровая диверсификация текстовых произведений, функционирующих в данной сфере.

Общение в ходе деловых контактов в рамках межкультурного сотрудничества является важным фактором, определяющим успех в достижении целей этого сотрудничества. Каждый конкретный акт такого общения и все оно в целом направлены на решение тех профессиональных задач, которые стоят перед партнерами по коммуникации. Эффективность решения этих задач в немалой степени зависит от знания коммуникантами закономерностей и особенностей самого процесса



коммуникации, степени учета национальных особенностей каждой стороны, а также соблюдения норм и правил делового общения, сложившихся в международной практике[2, 91].

Успешность межкультурного делового общения существенно зависит от такого фактора, как национальная специфика общающихся. Эта специфика влияет на непосредственную организацию и осуществление процесса коммуникации между бизнес – партнерами, что, в конечном счете, определяет достижение целей профессиональной деятельности в сфере международного сотрудничества. В связи с этим чрезвычайно важным является всестороннее рассмотрение некоторых национальных особенностей его участников.

Решение этой проблемы неразрывно связано с рассмотрением понятия «культура», которое, подобно общению, принадлежит к числу емких и всеобъемлющих понятий, позволяющих трактовать данный феномен с разных позиций и под разными углами зрения. Одним из таких подходов к интерпретации этого понятия, позволяющим оценить степень влияния культурного фактора на деловое общение разноязычных индивидов, является рассмотрение культуры как коллективного программирования мыслей, отличающего одну категорию людей от другой. Подобное программирование охватывает все процессы жизни и деятельности человека, начиная с момента его рождения до смерти[3, 110].

Деловая переписка сегодня носит более личный и динамичный характер, сто требует адекватного и уместного умения четко излагать суть вопроса, положение дел, однозначно формулировать предложение, просьбу, претензию, убедительно обосновать свои выводы.

При составлении деловых писем необходимо учитывать несколько законов, формирующих содержательный аспект письма.

**1. Концептуальный закон (К).** предполагает систематизацию материала обсуждения, всесторонний анализ предмета речи и выстраивание знаний о нем (концепция, замысел). Согласно концептуальному закону, требуется определение тематического и видового разнообразия деловых писем: автор информирует адресата о каких-либо событиях, фактах, представляющих взаимный интерес, систему ценностей и жизненных ориентиров и может сопоставить ее с собственным видением ситуации. Здесь важно знание различных типов дискурса и правил из построения, а также умение их создавать и понимать с учетом ситуации общения.

**2. Закон моделирования аудитории (М).**предусматривает знание аудитории: по статусу автора и корреспондента, по количеству адресатов, по иерархии органов власти, организаций.

**3. Стратегический закон (З).**исходя из характеристик аудитории (собеседника) и на основе концепции замысла, выстраивается стратегия, конкретная программа действий. Автор сообщает об условиях участия в мероприятии и уместно подает другую вспомогательную информацию, используя несколько ситуативно-оценочных моделей, что порождает необходимость их полезного размещения. Согласно стратегическому закону, запрашивается информация; выражается осведомленность об актуальных политических, экономических, культурных и др.событияхв мире и в Казахстане.Все это требует умения корректно вступать в контакт с зарубежными коллегами по профессии, быть инициатором общих проектов, направленных на реализацию намерения говорящего/пишущего в контексте определенной коммуникативной ситуации, включающих умения субъекта осознавать коммуникативное намерение и планировать коммуникативное событие в целях общения. То есть важным для реализации стратегического закона является способность планировать речевое поведение.

**4. Тактический закон (З).** Предусматривает на основе выработанной стратегии в процессе общения использовать те или иные тактические приемы для того, чтобы заинтересовать, вызвать на размышление и обсуждение предмета речи собеседника. Автор определяет объем информационного насыщения, т.е. то целесообразное количество информации, которое оно в себя включает для стимулирования интереса. Тактический закон требует сформированности у субъекта речи умений передавать информацию в связных, логичных и аргументированных высказываниях, анализировать коммуникативную ситуацию и отбирать адекватные ей и наиболее оптимальные для данного лингвистического сообщества средства и способы достижения коммуникативного намерения субъекта.

**5. Закон словесно-речевого выражения (СВ).** Предусматривает умение облекать мысль в действенную речевую форму. Он требует использования опорных логико-структурных схем, реализации познавательной функции документа с установкой на интенсивное накопление информации, которое происходит в речевых единицах – «актах сообщения», где разный объем информации коммуникантов о некотором предмете ведет к формированию интереса. С учетом интереса должно быть представлено корректное сообщение о некоторой ситуации и дана оценочная модель этой ситуации с описанием находящихся в логическом единстве, целеориентированных компонентов письма.

**6. Закон эффективного общения (ЭО).** Предусматривает умение устанавливать, сохранять и закреплять контакт с аудиторией (собеседником), завоевывать ее симпатии, внимание и интерес. Для этого необходимо управлять собственным поведением, управлять поведением аудитории, корректировать, если необходимо, план встречи. Невыполнение требований, предъявляемых к деловой корреспонденции, с одной стороны – ведет к затруднению работы с официальными документами, а с другой, лишает письмо юридической и практической значимости.

**7. Системно-аналитический закон (СА).** Предусматривает умение анализировать полученный результат и эффективно организовать и обработать информацию. Языковой стандарт в деловой переписке сосуществует с экспрессией и с элементами диалогической речи., переработка информации позволяет мобилизовать необходимый объем локальной и глобальной информации, достаточной для восприятия смысла текста.

Последние два закона являются слагаемыми собственно управленческого аспекта мыслеречевой деятельности. Отношения между этими законами выражаются в формуле речевого поведения, которую можно представить таким образом:

$$\text{ДП} = \text{К} + \text{А} + \text{С} + \text{Т} + \text{СВ} + \text{ЭО} + \text{СА}.$$

Деловое письмо является самым распространенным видом переписки. Понятно, что при составлении делового письма необходима коммуникативная точность, которая придает документу юридическую силу. Из практики делового общения мы знаем, что любая фраза, любое предложение должны иметь только одно значение и толкование, что неизбежно требует стандартизации языка деловых бумаг.

К языку документов, к которым относятся и письма, предъявляются требования как денотативной точности (денотат – предмет или явление окружающей нас действительности, с которым соотносится данная языковая единица), так и коммуникативной точности – адекватного отражения действительности, отражения мыслей автора в речевом фрагменте (предложении, тексте). По словам А.И. Новиковой: «Автор текста при его порождении и реципиент в процессе его восприятия решают разные задачи. Собственно когнитивную задачу решает адресат, в то время как автор – преимущественно коммуникативную»[4: 920]

Применительно к составлению письменных текстов следует выделить два принципиально отличных подхода – процессуальный, куда относим стратегические и



тактические характеристики деятельности, и результативный, к которым относятся жанровые и текстовые характеристики.

Для того, чтобы текст стал эффективным средством достижения коммуникативной цели, необходимо владеть специальными стратегиями и тактиками дискурса. *Дискурсивная стратегия* – это способ коммуникативного поведения человека, направленный на достижение цели общения: решение коммуникативных задач. Приемы коммуникативного поведения, направленные на решение коммуникативных задач, называют *дискурсивными тактиками*.

По цели коммуникативного воздействия выделяют следующие *виды дискурсивных стратегий*: стратегия информирования; стратегия побуждения; стратегия убеждения; стратегия обязательства.

*Стратегия информирования* предполагает констатацию, изложение фактов, информации без воздействия на адресата. Используется в таких жанрах деловых писем, как сопроводительное письмо, информационное письмо, письмо-подтверждение и др.

*Стратегия побуждения (директива)* имеет целью побудить адресата совершить действия, необходимые автору делового письма. Используются такие тактики побуждения, как вежливая просьба, категорическая рекомендация и даже принуждение. Эта стратегия используется при составлении административных документов (приказы, уведомления, извещения и т.д.), государственных и внутрикорпоративных; а также и в деловых письмах (предупреждения, просьба, запрос, напоминание и т.д.).

*Стратегия убеждения* направлена на воздействие на адресата, апеллирование к его логике и разуму. Эта стратегия используется в разных жанрах деловых писем: письмо- претензия, просьба, уведомление, рекламация и т.д.

*Стратегия обязательства* реализуется в таких жанрах, как гарантийное письмо, претензия, жалоба, письмо– извинение, ответ на рекламацию и т.д., где автор выражает сожаления, приносит извинения и обязуется изменить сложившееся положение дел.

Письменную речь характеризует большая осознанность, по сравнению с речью устной, для первой характерно структурная развернутость, полнота, конкретность, точность, систематичность, связность, смысловая насыщенность. Подчеркнутая логичность, безэмоциональность изложения при стандартном расположении текстового материала на листе так же существенно отличают письменную деловую речь от устной.

Большое значение имеет структура текста и уровень типизации текста, что ложится в основу классификации деловых писем: регламентированные и не регламентированные.

**Регламентированные письма** имеют следующие признаки:

- 1) составление по определенному образцу;
- 2) стандартный аспект содержания (вводная часть ( причина), основная часть ( просьба);
- 3) определенный формат бумаги;
- 4) одинаковый состав реквизитов и т.д.

**Функциональное предназначение регламентированных писем:**

- а) решать типичные вопросы регулярных экономика-правовых ситуаций;
- б) объяснения причины обращения;
- в) приводятся ссылки, на основании которых делаются заявления;
- г) указываются цели отправителя.

Регламентированные письма в зависимости от назначения в деловой деятельности имеют четкую структуру, как правило, состоящую из двух частей: в первой, вводной, части, излагаются причины, указываются цели отправителя и приводятся ссылки, на основании которых излагаются просьбы, осуществляются речевые действия, представляющие вторую, основную часть письма.



Вышеизложенное позволяет сделать следующие **выводы**:

**1. Составитель документа должен знать:**

- доминанту и основные черты официально- делового стиля (т.е. требования, предъявляемые к языку документа);
- арсенал устойчивых формул и правила их использования в том или ином жанре деловой письменной речи;
- характеристики жанров и их привязанность к той или иной ситуации делового общения.

**2. Составитель документа должен уметь:**

- адекватно использовать речевые средства в тексте при соблюдении языковых норм;

- моделировать тексты на основе классификационного и ситуативного фреймов;

- грамотно составить проект документа и (или) отредактировать его.

**3. Для делового письма важны такие категории текста** как концептуальность, информативность, когерентность, когезия, композиция и юридическая значимость.

Знание дискурсивных стратегий и тактик письменной деловой речи, а также законов, формирующий содержательный аспект письма, умение использовать их в соответствии с целями и условиями коммуникации является залогом успешной деловой коммуникации на русском языке.

#### ЛИТЕРАТУРА

- 1 Колтунова М.А. Как составить деловое письмо.– М., 2006.-55с.
- 2 Новиков А.И. Семантика текста и ее формализация –М., 1983.-91с.
- 3 Пиз А., Пиз Б. Язык делового письма. –М., 2003.-110с.
- 4 Синякина Н.Л. Современное деловое общение в российской и межкультурной коммуникации // 1-я междунар. науч.- практ. конф. « Состояние и перспективы методики преподавания русского языка и литературы» : Сб. статей. РУДН, 1-4 ноября 2008г. –М., 2008.-920 с.

ӘОЖ: 378.016:811.111

### **ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЛИНГВОЕЛТАНЫМ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕОРИЯЛАРЫ**

**Есімжанова Ш.М.** - магистрант

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор **Исмаилова Фатима Есмагамбетовна**

*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық  
қатынастар және әлем тілдері университеті  
Алматы, [shiko\\_bella\\_90@mail.ru](mailto:shiko_bella_90@mail.ru)*

*Бұл мақала шеттілдік білім берудегі мәселелер яғни қазіргі заманға сай студенттердің басқа елдермен тең дәрежеде қарым-қатынасқа түсе алу біліктілігі мен құзіреттіліктерін қалыптастыру, соның ішінде ЖОО студенттерінің лингвоелтанымдық құзіреттілігін қалыптастыруға арналған мәселелерді қамтиды. Тілін оқыт жатқан елдің мәдениетімен танысу басты өзекті мәселе. Сол себептен, білім беру жүйесінде лингвоелтанымдық аспектіден қарастыру қажеттілігі туындайды. Бұл аспект қазіргі кездегі университеттік оқыту жүйесінің контекстіне, барлық сұраныстарына бірден-бір сай келетін теория болып табылады.*

*Статья посвящена проблемам иноязычного образования формированию лингвострановедческой компетенции у учащихся языковых ВУЗов с использованием современных технологии обучения. Ознакомление с культурой страны изучаемого языка*

является одним из самых актуальных задач иноязычного образования. Поэтому лингвострановедческий подход в контексте теории иноязычного образования способствует современным требованиям университетского образования.

*The article is devoted to the problems of foreign language teaching to the formulating of linguistic and area oriented competence of lingual university students. An acquaintance with another culture is the most actual task of foreign language teaching process. Because of this in the educational system linguistic and area oriented context responds to the all contemporary actual demand's of foreign language teaching in the university education.*

**Тірек сөздер:** шеттілдік білім беру, мәдениетаралық қатысым, құзіреттілік, лингвоелтану, лингвоелтанымдық құзіреттілік.

Елбасымыз Назарбаев өзінің 2050 стратегиясында былай дейді «Біздің мемлекетіміз өсіп, өркендеу үстінде. Жас ұрпағымыз да жетіліп келеді. Олар жауапкершілікті түсінетін, саналы және қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде еркін сөйлейтін білімді азаматтар болады» [1, 18 б]. Ендеше біздің алдымызда, яғни болашақ шеттілдік білім беру мамандарының алдында үлкен жауапкершілік тұр.


Осыған байланысты, қазіргі заманға сай дұрыс әрі тиімді білім беру сияқты көптеген жауапты дүниелер алдымызда өте көп. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықты игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Жалпы алғанда, «құзырлылық» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылық ұғымы - соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы «competense» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді [2].

Шеттілдік білім беруде лингвоелтаным мен мәдениетаралық қарым-қатынастың алар орны ерекше деп айтуға болады. Шетел тілін уақыт талабы қойып отырған шеттілдік білім берудің бірыңғай жүйесі ретінде зерттеу мен меңгеру нысаны ретінде қарастыру қажеттілігі туындап отыр. Жағдайдың пародаксалдығы сонда, оқытудың қатысымдық әдісі оқытудың еш деңгейінде жүзеге асырылмастан ХХІ-ғасырдағы жаңа әлеуметтік тапсырыстың талабы болып отырған тілді мәдениетаралық қатысым құралы ретінде оқытуға жол берді [3]. Осыған орай мәдениетаралық қарым-қатынас құзіреттілігімен қоса ЖОО студенттерінің лингвоелтанымдық құзіреттілігін қалыптастыру мәселесі де қарастырылады. Бұл мәселе өз алдына өте аз мөлшерде зерттелген.

Лингвоелтаным шетел тіліне оқытудың мақсатты қызметін ақарады деген сөз. Сол себептен, білім беру жүйесінде лингвоелтанымдық аспектіден қарастыру қажеттілігі туындайды, осы ең басты артықшылық болып табылады. Бұл бағыт, әсіресе, педагогикалық оқу орындарында өзекті болып келеді. Себебі, шетел тілін еркін меңгеріп, этикалық және эстетикалық құндылықтардың интерпретациясын түсініп, әр түрлі елдің ұлттық-саяси мәдениеті және мемлекеттік-құқықтық жүйесінің ерекшеліктерін түсінетін ең басты тәрбиелеуші фактор және оларды, өз бетінше әлем кеңістігінде өмір сүріп, білім алуына бірден бір жол ашатын адам ол – педагог. Лингвоелтанымдық алдын-ала дайындық тілдік жоғарғы оқу орындары студенттерінің лингвоелтанымдық құзіреттілігін қалыптастыруға көмектесетін, соның ішінде оқытылатын тілдің ұлттық ерекшеліктерін, ұлттық өзін-өзі ұстау стереотиптерін, ойлану формаларын, бағалы бағдарлауларды түсінудің шешімін қамтамасыз етеді. Шетел тілдерін оқытудың мазмұны қазіргі кезеңде әдістеме ғылымында көкейкесті мәселе болып табылады. Осыған орай, тілге үйретуде тіл тек қана қарым-қатынас

құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге мәдениетке тарту құралы ретінде де қарастырылады.

Шеттілдік білім беруде әлуеметтік-мәдени компонентің өте жоғары потенциалы ол мәдениеттер диалогының дамуындағы жалпы адмзаттық мәдениетте дамуы. Сол тілде сөйлеушімен қарым-қатынаста болмауы, тілі оқылып жатқан елдің жалпы білім беру шартын күшейте түсетіні мәлім. Лингвоелтанымдық ақпарат жайында ең көп ақпарат Р.К. Миньяр-Белоручевте көрсетілген, ол өзіне білім, лексикалық фонды және ұлттық реалийлерді қосады. Е. М. Верещагин және В. Г. Костомаров барлық тіл деңгейлері мәдениет тасығаш болып келеді, яғни елтанымдық жоспары бар деп бекітеді [4]. Ең мақтақа бағытталған қатынас ол «мәдени компонент» лексикасына бағытталған *эквивалентсіз және фондық лексика*.



Студенттерді оқытылатын тіл елінің әдебиеті, тарихымен, оның дәстүрімен, көрнекті жазушыларымен, олардың шығармаларының аударма нұсқаларымен таныстыру арқылы олардың бойында әдеби-елтанымдық, мәдениетаралық-коммуникативті, аудармашылық және лингвоелтанымдық біліктілікті қалыптастыру, жеке авторлардың шығармаларының аудармаларына талдау жасау; мәдени - тарихи шындықтармен танысу; лингвоелтану бойынша білімді бекіту арқылы лингвоелтану күзиреттілігін қалыптастыруға болады. Тілін оқитын елдің мәдениетінің ұлттық ерекшеліктерін қамтитын тілдік құбылыстарды үйрету, фондық білім жайында мағлұмат беру, аударма процесі кезінде кәсіби деңгейде қатынас құралы ретінде қолданылатын шет тілін меңгеру үшін қажет мәдениаралық және елтанымдық біліктерін қалыптастыру болып келеді. Лингвоелтанудың теориялық негіздерін, жүріс-тұрыс, мінез-құлық ерекшеліктерін, халықтың ұлттық психологиясын, тілде сөйлеушілердің фондық білімдерінің бастау алуын, фразеологиялық фонның ұлттық мәдени ерекшеліктерін білуі тиіс. Тілін оқитын елдің әдебиетіндегі, мәдениетіндегі, тарихындағы, саясатындағы ерекшеліктерді түсініп, аударма процесі кезінде кәсіби деңгейде қатынас құралы ретінде қолданыла алады.

Шетел тілін үйретуде халықтың тіл түсінігін тіл иеленуші түсінігіне жақындатып қосу. Егер олай етпеген жағдайда әр түрлі мәдениет өкілдері сөйлеу қарым қатнасында бір бірін түсінбейді. Мысалы, ағылшын тілінде еркін сөйлейтін яғни ағылшын тілін негізгі тіл ретінде оқитын студенттерге (тілдік ЖОО студенттеріне) мынандай реалиилар түсінікті: *Back woodsman* - мәжіліске көп қатыспайтын лорд палатасының мүшесі. *Band of Hope* - күйеу іздеп жүрген кәрі қыз. Ал басқа мәдениет өкілдеріне немесе ағылшын тілін қосымша пән ретінде ғана оқитын студенттерге бұл қалыптасқан сөз, әр сөздің бөлек мағынасын білген жағдайда да түсініксіз.

Ауызша емес тіл құралында да айырмашылықтар кездеседі. Орыс немесе қазақ халқы машинаны тоқтату үшін қол көтереді, ал француз халқы бұл жағдайда үлкен



саусағын көтеріп баратын бағытын көрсетеді. Сол сияқты сөйлеу этикетінде де көптеген айырмашылықтар кездеседі. Кездескен, қоштасар кезде орыс пен қазақ халқы қол алысса, ал жапондықтар қоштасып, амандасқанда бір біріне иіліп сәлем береді.

Сонымен студенттерге шетел тілін үйретуде қарым-қатынас жасап, толыққанды түсінісіп сөйлесу үшін, сол тілін үйреніп жатқан елдің әлеуметтік мәдениет білімі мен дәстүрін меңгеруі тиіс. Бұдан мынандай қорытынды шығады. Мәдениет пен салт - дәстүрді қоса оқыту жалпы тіл үйрету мен тәрбие беруге көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар көптеген толық нақтылы практикалық іс-шаралардың мақсатына жеткізеді.

Ал мұндай нәтижеге жету үшін, оқытушы алдында мынадай мақсат-міндеттер қоюға тиіс:

-өз ойын шет тілінде ауызша, жазбаша түрде дұрыс және өздігінше жеткізе алу;

- беріліп отырған материалдарды сын көзбен, бағалай білу және онымен белсенді жұмыс жасай білу;

-керекті әдебиеттер мен сөздіктерді қолдана білу;

-шешім қабылдап, өз ойын дәлелдей ала білу;

-проекттік жұмыстарды орындап, реферат жасай білу;

-өз бетінше және коллективте жұмыс жасай білу;

Томахин Г.Д. «Лингвострановедение: что это такое?» атты өзінің жұмысында оқытылып жатқан шетел тілінің мәдениетімен танысу бұрынғы заманнан келе жатқан басты міндеттердің бірі деп жазады [5]. Авторлардың ойынша бұл терминнің астында оқушылар сол оқып жатқан тілдің ұлттық мәдениетінің өткені мен қазіргі жағдайын тіл арқылы танысу үрдісі деген түсінік жатыр.

Бұл аспектінің негізгі мақсаты ол тілдік жоғарғы оқу орнының студенттеріне жеке тұлғалық мәдениетаралық қарым-қатынасты еркін меңгеруі болашақта өз ісінің маманы болу үшін дамыту болып келеді. Томахинның көзқарасынша, лингвистикалық дисциплина болып табылады, лингвоелтанудың пәні ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін көрсететін, тіл арқылы оқылатын тілдің фактілері, яғни таңдауға, суреттеуге, презентация қолдануға және лингвоелтанудың материалына лингвистикалық әдістер қолдануға болады [5].

Лингвоелтанудың негізін қалаушылар Е. М. Верещагин мен В. Г. Костомаров осының астарында шет тілін оқудың тапсырмалары мен қажеттіліктеріне бағытталған мәдениеттануды түсінеді [6].

Лингвоелтанымдық күзиреттілік тілдік жоғарғы оқу орын студенттерінің лингвоелтанымдық ой-өріс негізінде толыққанды мәдениетаралық қарым-қатынас орнату барысында лингвоелтанымдық білім, білік, дағды және мотивтерді жүзеге асыру жүйесі ретінде анықталған. Лингвоелтанымдық ақпараттардың құрамында үш: танымдық, праксиологиялық және мотивтік компонент бар деп білуге болады. Тілдік жоғарғы оқу орындары студенттерінің лингвоелтанымдық күзиреттілігін қалыптастыру лингвоелтанымдық ой-өріс негізінде толыққанды мәдениетаралық қарым-қатынас орнату барысында лингвоелтанымдық білім, білік, дағды және мотивтерді жүзеге асыру жүйесіне бағытталған студенттер мен оқытушылар арасындағы өзара белсенді қарым-қатынас үрдісі ретінде қарастырылады. Лингвоелтанымдық күзиреттілікті қалыптастыру үрдісінің қозғалтқыш күші танымдық, праксиологиялық және мотивациялық компоненттерінің арасында қарама – қайшылықтар туындайды. Осы кезде студенттерде шетел тілін оқу үрдісінің жаңа оқу міндеттері ол негізгі лингвоелтанымдық ақпарат пен тәжірибенің жетіспеушілігінен туындайтын қарама-қайшылықтарды қанағаттандыратын шынайы мүмкіндіктерді қолдану мәселелерін шешу.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Білім беру жүйесінің дамуы» I том 18 б.

2 Кенджаева Б.Б. «ЖОО студенттердің құзіреттілігін қалыптастыруда оқытушының рөлі» Педагогика мәселері. // Ғылыми–теориялық журнал. №1, 2006. –10б.

3 Құнанбаева С.С. «Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы», Алматы, 2011 ж.

4 Верещагин, Е. М. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного Текст. / Е. М. Верещагин, В. Г. Костомаров. 4-е изд., перер. и доп. - М. : Рус. яз., 1990. - 246 б.

5 Томахин Г.Д. «Лингвострановедение: что это такое?» // Иностранные языки в школе, №6, 1996. 15 б.

6 Верещагин, Е.М. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного Текст. / Е.М. Верещагин, В. Г. Костомаров. 4-е изд., перер. и доп. - М. : Рус. яз., 1990. - 246 б.

УДК 37.022

### ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Муратбекова Д.М., Сералиева Н.Ж.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, [dukssmbo@mail.ru](mailto:dukssmbo@mail.ru)

*Бұл мақалада оқушылардың шет тілі сабағында өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы қарастырылған. Сонымен қатар өзіндік жұмыстар түрлерінің оқыту барысында маңыздылығы көрсетілген.*

*В этой статье рассматривается организация самостоятельной работ ученика на уроках иностранного языка. Рассматриваемые виды самостоятельных работ при обучении являются основным и главным залогом при приобретении знаний и усвоения иностранного языка.*

*This article is about the organization of student's self-work at foreign lessons. The given types of people self-work in teaching are principle and main task in order to have knowledge and master foreign language.*

**Кілтті сөздер:** мегафондық жүйе, глоссарий, конспект, брейн-ринг, силлабус.

Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейін білім беру жүйесін дамытудың концепсиясы бүкіл білім беру жүйесін түгелдей қайта құру және жаңарту үрдісіндегі басты әдіснамалық құжат ретінде, қазіргі кезеңде әлемдік кеңістікте жүріп жатқан ағымдардың басты талаптарын басшылыққа қалып отыр. Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында жоғары оқу орындары алдында мынадай міндет қойылған: осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, (парасатты экономиканың) негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту [1,1].

Жоғары оқу орындары кредиттік оқыту жүйесіне көшкендіктен, олардың алдына болашақ мамандарды кәсіби әректінде өздігінен шығармашылықпен еңбектене алатындай етіп даярлау мақсаты қойылып отыр. Кредиттік оқыту жүйесінің міндеттерінің бірі – оқушылардың өзін-өзі ұйымдастыру, өздігінен білім алу мүмкіндіктерін дамыту болып табылады. Осындай инновациялық білім беру жүйесіндегі өзгерістердің бірі – оқытудың кредиттік жүйесі деуге болады. Оқытудың

кредиттік жүйесіне көшу жағдайындағы басты міндеттердің, қажеттіліктердің бірі-оқушылардың өзіндік жұмысын күшейту болып табылады. Сондықтан оны ұйымдастыру және жүргізу әдісіне еркіне көңіл бөлуді қажет етеді[2, 3].

Шетел тілі сабағында өзіндік жұмысы практикалық міндеттерді іске асырумен, яғни логикалық ойлауды дамытуды қамтамасыз етумен, творчестволық белсенділікті арттырумен, оқу материалдарын меңгеруде зерттеу тәсілін қолданумен байланысты. Шетел тілі сабағында оқушының өзіндік жұмысын үлкен екі формаға бөлуге болады. Бұл –оқытушының жетекшілігімен орындалатын оқушылардың өзіндік жұмысы, яғни аудиториялық оқу сабағы жүргізілу кезіндегі оқушылардың орындайтын өзіндік және аудиториялық сабақтан тыс уақытта оқушылардың өзіндік жұмысы. Оқушының өзіндік жұмысы оқытушының жетекшілігімен аралық бақылау жүргізу кезінде, лекция, семинар сабақтарында жүргізілуге тиісті. Оқушылардың өзіндік жұмысы оқытушының тікелей қатысуымен және белсенді болуы арқылы жүргізілуі қажет[3,32].

Шетел тілі сабағында оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру және жоспарлау кезінде бірінші кезектегі көңіл аударатын мәселе –үй тапсырмасы, яғни аудиториядан тыс жұмыс. оқушыларда болатын лекцияға үйде, кітапханада бірнеше тапсырманы орындап жасап келуге тиісті. Оқушы лекцияның тақырыбымен танысуы немесе оның негізгі тақырыптарын конспектілеу, глоссарий жасауы және орындауы керек. Оқытушы силлабусты жасау барысында лекция сабағында оқушы өзін қалай ұстауға және оған қалай дайындалуға тиісті сияқты сұрақтарға мұқият жауап беріп, жетекшілік жасауы керек. Ал лекцияның оқытылуы проблемалық тұрғыдан болуы қажет. Лекция оқу барысында тақырыптың ең күрделі сұрақтарына, оқушыларға түсініксіз мәселелерге ғана тоқталғаны жөн. Аудиториялық уақыттың бір бөлігі ғана лекцияны жүргізуге беріледі де, ал қалған бөлігі-өткен материалдарды тиініқты меңгеру үшін оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін оқушылардың өзіндік жұмысына арналады. Шетел тілі сабағында оқытушының жетекшілігімен өткізілетін оқушының өзіндік жұмысы семинар практикалық лабораториялық сабақтарда жүргізілуі мүмкін. Мұндағы мақсат оқушылардың білімін жақсарту, нығайту болып табылады.

становится дискурсом, когда мы переходим от анализа текстовых признаков (о которых говорилось выше) к их дискурсивному освещению. В связи с этим правомерен вопрос: где заканчивается текстуальный анализ и начинается дискурсивный? По замечанию В.Е. Чернявской, на уровне анализа текста «устанавливается коммуникативная функция текста, его коммуникативные центры, выявляется, что сообщается в тексте, кому адресовано сообщение, как актуализируется в текстовой ткани адресат, каковы стратегии тематического развёртывания, обеспечивающие связь отдельных высказываний между собой и их тематическую прогрессию, как актуализируются определённые сегменты знания и т. п.». Анализ дискурса начинается «с проецирования на элементы содержательно-смысловой и композиционно-речевой организации текста психологических, политических, национально-культурных, прагматических и других факторов» [2, с. 78-79]. Таким образом, в центре внимания дискурсивного анализа - максимально объёмная интерпретация текста, достигаемая посредством привлечения в ход интерпретации экстралингвистического контекста, основанная на учёте когнитивных процессов порождения и восприятия текста, прагматических параметров, связи с другими текстами. Итак, мы считаем, что и текст, и дискурс правомерно считать результатами речевой деятельности. Дискурс понимается нами как максимальная единица текста, предмет дискурсивного анализа. Дискурс, таким образом, будет обладать всеми текстовыми признаками, но рассматриваться они будут под призмой дискурс-анализа, то есть с учётом механизмов порождения и восприятия текста, коммуникативной ситуации, а также в свете широкого экстралингвистического и интертекстуального контекста. Вместе с таким пониманием не следует отказываться от определения дискурса как определённой совокупности текстов, с тем лишь уточнением, что это совокупность текстов дискурсивного уровня, то есть уровня дискурсивного анализа. Итак, в результате прослеженного нами соотношения понятий текста и дискурса намечилось два определения дискурса: дискурс как дискурсивный текст, то есть текст-дискурс, и дискурс как тип дискурса. Это позволяет определить дискурс следующим образом. Дискурс - это 1) текст, соотносимый с ситуацией общения (с историческим, социально-культурным, политическим, идеологическим, психологическим и др. контекстом), с системой коммуникативно-прагматических установок, с когнитивными процессами его порождения и восприятия; интегрированный в интертекстуальное пространство (дискурс как дискурсивный текст, текст-дискурс); 2) дискурс - это совокупность обозначенных текстов, основанных на общности некоторых признаков (дискурс как тип дискурса). Таким образом, обращение к выявлению соотношения понятий текста и дискурса имеет определяющее значение как для теории текста, так и для теории дискурса. Предложенный нами ход рассуждений - от определения текста, через выявление соотношения текста и дискурса, к определению дискурса - позволяет прийти к наиболее последовательному и непротиворечивому пониманию природы рассматриваемых понятий.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Баженова, Е.А. Текст / Е.А. Баженова, М.П. Котюрова // Стилистический энциклопедический словарь русского языка / под ред. М.Н. Кожинной. - М.: Флинта: Наука, 2006. - С. 528-533.
2. Богданов, В.В. Текст и текстовое общение: учебное пособие / В.В. Богданов. - СПб.: СПбГУ, 1993. - 67 с.
3. Васильев, Л.М. Общие проблемы лингвистики: теория и методы: учебное пособие / Л.М. Васильев. - Уфа: РИЦ БашГУ, 2012. - 206 с.
4. Гальперин, И.Р. Текст как объект лингвистического исследования / И.Р. Гальперин. -М.: Ком Книга, 2007. - 144 с.



**СПОРТ И КУЛЬТУРА**

ӘОЖ 612.825.8

## СЫРТҚЫ ТЫНЫС ФУНКЦИЯСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ОНЫ СПОРТШЫЛАРДА ЗЕРТТЕУДІҢ КЛИНИКАЛЫҚ-ЗЕРТХАНАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Қалибаева Қ.Қ. - магистрант

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы

*Мақала спортшылар артериялық қанының оттектен қанығуын және тіндеріндегі дене жаттығулары қарқындылығына тәуелді тотықтандыру-қайта құрылу процестерінің сыртқы тыныспен қамтамасыз етілуі туралы жазылған. Сыртқы тыныстың маңызды көрсеткіші ретінде оксигемометрия әдісі сипатталған. Артериялық қанның оттекке қаныққандық мөлшері организмнің функционалдық күйін анықтау үшін бапкерлер мен спорт дәрігерлеріне оксигемометрия маңызды сынама екені көрсетілген.*

*Статья посвящена зависимости насыщения артериальной крови и окислительно-восстановительных процессов в тканях организма спортсменов от величины физических нагрузок, связанных с внешним дыханием. Для тренеров и спортивных врачей одним из показателей насыщения крови кислородом является оксигемометрия, необходимая для оценки функционального состояния организма.*

*The article is devoted for depending saturation of arterial blood, and redox processes in the body tissues of athletes on the value of physical activity associated with the external breathing. For coaches and sports doctors one of the indicators of blood oxygen saturation is oximetry, which necessary to evaluation the functional state of the organism.*

*Кілт сөздер: сыртқы тыныс, ішкі тыныс, организм, оксигемометрия, альвеолярлық-капиллярлық мембрана, газдар диффузиясы, альвеолдар, зат алмасуы, газдар алмасуы, өкпенің тіршілік сыйымдылығы, бұлшық еттер тіндері, тотықтану-қайта құрылу процестер*

Тыныс адам организмнің оттекке қажеттілігін қанағаттандыратын физиологиялық процес. Тыныс үш жүйенің үйлесімді қызметімен іске асады, олар тыныс, қанайналым және қан жүйесі. Тынысты ішкі және сыртқы деп бөліп қарайды. Сыртқы тыныс қоршаған ауадағы және қандағы газдардың алмасуы. Ішкі тыныс капиллярлар қаны мен жасушалар арасындағы газдардың алмасуы.

Дене тәрбиесі мен спорттық медицинада негізінен сыртқы тыныс қызметі зерттеледі. Сыртқы тынысты зерттеу әдістері қарапайым және қолжетімді келеді. Сыртқы тынысты шартты түрде екі кезеңге бөледі. Бірінші кезеңіне сыртқы орта ауасы мен өкпе альвеолдары ауасы арасындағы газдардың алмасуын жатқызады. Екінші кезеңіне өкпе альвеолдары ауасы мен капиллярлар қаны арасындағы газдардың алмасуын жатқызады.

Сыртқы тыныстың бірінші кезеңі өкпенің желденуімен байланысты. Желденудің міндеті дем алған кезде оттекке бай сыртқы орта ауасын өкпеге кіргізу, ал дем шығарған кезде көмірқышқыл газына бай өкпе ауасын сыртқа шығару. Сыртқы тыныстың екінші кезеңі оттектен көмірқышқыл газдарының альвеолярлық-капиллярлық мембрана арқылы диффуздалуымен байланысты. Сыртқы тыныстың екі кезеңі нәтижесінде капиллярлармен өкпеге келген веноздық қан оттекке қанығады, көмірқышқыл газынан арылады, үлкен қанайналымының қаны артериялық болып саналады [1].

Газдарды альвеолярлық-капиллярлық мембрана арқылы диффуздайтын күшті парциальдық қысым деп атайды. Парциальдық қысым ауа құрамындағы әрбір жеке газдың меншікті қысымы. Мембрананың екі жағындағы парциальдық қысым айырмашылығы газдарды ерсілі-қарсылы өткізеді. Қалыпты жағдайда артериялық қан 96-98% оттектен қанығады. Дені сау адам қанындағы оттектің мөлшері 16-22 көл% [2].

Сыртқы тыныс функциясын бағалауға кіріскен кезде қанайналым, қан және жүйке жүйесі функцияларын ескеріп отырып зерттейді. Клиникалық зерттеуді анамнезден немесе сыртартқыдан бастайды. Сыртартқыда мынадай сұрақтар қойылады: жанұяда туберкулезбен ауырғандары болды ма-жоқ па; өзі қандай өкпе ауруларымен ауырған; өкпесі қабынып ауырды ма-жоқ па; тұмаумен қанша рет ауырған; кешке қарай субфебрильді температура, жөтел, еңтігу бола ма-жоқ па.

Тыныштық күйде адам минутына 14-16 рет дем алып-дем шығарады. Спортшы емес адамдардың дем алуы мен дем шығаруына қарағанда, спортшылардың дем алуы мен дем шығаруы сирегірек болады. Тыныс жиі және үстірт болса, еңтігу деп аталады. Тыныстану түрлері кеуделік, құрсақтық және аралас деп ажыратылады. Ауа өткізгіш жолдарымен және альвеолдармен жүрген ауа дыбыстар шығарады. Сол дыбыстарды арнайы фонендоскоппен тындайды. Дыбыстар мінездемесі ауа өткізгіш жолдарының жағдайына байланысты. Қалыпты жағдайда везикулярлық тыныс деп аталатын дыбыс естіледі. Бронхылар мен альвеолдарда дертті процестер пайда болса, кеудеден түрлі сырылдар естіледі.

Құрал-жабдықтармен зерттеу әдістері үш топқа бөлінеді. Бірінші топ әдістерімен өкпенің желденуі зерттеледі. Екінші топ әдістермен газдар диффузиясы зерттеледі. Үшінші топ әдістерімен артериялық қанның оттегімен қанығуы зерттеледі. Бұл үшін оксигемометрия қолданылады. Әдіс тек дәрігерлерге ғана құнды емес, бапкерлерге де өте пайдалы көрсеткіш болып келеді. Желденуін сипаттайтын параметрлер болып өкпенің көлемдері, дем алу мен дем шығару қуаты, тыныс бұлшық еттерінің күші, тыныстың жиілігі мен тереңдігі жатады [3].

Өкпе көлемдеріне жалпы сыйымдылығы, оны құрайтын тіршілік сыйымдылығы мен қалдық көлемі, тыныстың минуттық көлемі, өкпенің максималды желденуі кіреді. Өкпенің тіршілік сыйымдылығы максималды терең дем алған соң, зерттелушінің максималды терең дем шығарғандағы ауасының көлемі. Өкпенің бұл көрсеткіші спирометрмен өлшенеді.

Дені сау ересек адам өкпесінің тіршілік сыйымдылығы жалпы көлемінің 75-80% құрайды, ал 20-25% қалдық көлемі құрайды. Қалдық көлем қанша көп болса, альвеолярлық ауада қажетті парциальды қысымды ұстап тұру үшін сонша көп ауа жұту керек. Сондықтан қалдық көлемі үлкен және соған орай өкпесінің тіршілік сыйымдылығы аз адамда, әдетте еңтігу пайда болады [4].

Қорытындылай айтқанда, альвеолярлық ауа құрамының тұрақты болуы, қалдық көлем мөлшеріне байланысты. Сондықтан қалдық көлемді анықтау дене тәрбиесі мен спорт медицинасында өте маңызды.

Өкпе ауасының мөлшері көптеген факторларға тәуелді: кеуденің көлеміне, қабырғалар мен көк еттің қозғалмалылығына, өкпе тінінің созылмалылығына, тыныс бұлшық еттерінің күшіне, ауа өткізгіш жолдарының жағдайына. Өкпенің барлық көлемдерінің физиологиялық маңызы бар. Дем алудың резервтік көлемі, тыныстық көлем мен дем шығарудың резервтік көлемі, өкпенің тіршілік сыйымдылығын құрайды. Әртүрлі адамдарда және организмнің түрлі жағдайларында осылардың пайыздық ара-қатынасы бірдей емес: дем алудың резервтік көлемі 55-60%, тыныстық көлемі 10-15%, дем шығарудың резервтік көлемі 25-30%. Өкпенің желденуіне тыныс бұлшық еттерінің күші әсер етеді. Дем шығаруға қатысатын бұлшық еттер күшін күшенген кезде өлшейді. Ауыз қуысында қысым қанша көп жасалса, дем шығарушы бұлшық еттер күші сонша жоғары болады. Бұл көрсеткіш пневмотонометрмен өлшенеді. Өкпенің желденуін тыныстың минуттық көлемі сипаттайды. Тыныштық күйде тыныстың минуттық көлемі 4-10 л, қызу дене жұмысы кезінде 20-25 есе өседі де, 150-180 л дейін жетеді. Тыныс көлемінің орташа шамасы 300-900 мл [5].

Тыныстың минуттық көлемі дем алудың тереңдігі мен жиілігіне тәуелді. Дем алу мен дем шығарудың ара қатынасы тыныс циклы деп аталады. Дені сау адамда дем



шығарғаннан кейін тыныс циклында ұзақтығы әрқалай тыныс паузасы пайда болады. Тыныс паузасының болуы немесе болмауы және оның шамасы сыртқы тыныс жүйесінің функциялық күйіне байланысты. Сондықтан ол тіпті бір адамның өзінде де пайда болып және жоғалып кетуі мүмкін. «Дем алу – дем шығару» қатыстылығы 1:1,1, яғни дем алу дем шығарудан қысқа.

Альвеолярлық ауа мен капиллярлар қаны арасындағы газдар алмасуы болып келетін сыртқы тыныс функциясының екінші кезеңін бағалау үшін, сіңірілген оттег пен шығарылған көмірқышқыл газын анықтаудың маңызы зор. Сіңірілген оттекті, шығарылған ауа газдарын талдау арқылы анықтауға болады. Мұны ашық әдіс деп атайды. Мұнда зерттелуші сыртқы ауаны қабылдайды және оны Дуглас қабына қайта шығарады.

Белгілі бір уақыт ішінде деммен шыққан ауаны қапқа жинайды да, ондағы оттег пен көмірқышқыл газын арнайы құралмен анықтайды. Деммен кірген және шыққан ауадағы оттег пен көмірқышқыл газы концентрациясының айырмашылығы, сіңген оттектің және бөлінген көмірқышқыл газы мөлшерін есептеуге мүмкіндік береді. Атмосфералық ауада оттег пен көмірқышқыл газы тұрақты: оттег 20,93%, көмірқышқыл газы 0,02-0,03% (іс жүзінде ол нөлге тең). Деммен шығарылған ауа ішіндегі оттег пен көмірқышқыл газын заманауи құралдармен анықтау қиындық туғызбайды. Сіңірілген оттег пен бөлініп шығарылған көмірқышқыл газын тыныштық күйде, жұмыс кезінде және қайта құрылу процесінде тынымсыз зерттеуге мүмкіндік беретін ПТИ-1 типті құрал әсіресе құнды. Басқа типті талдаушы құралдар бір сәтте алынған ауа үлгісінен газды анықтайды. Олардың басқалар алдында артықшылығы, шамалы көлемі мен салмағында (бірнеше килограмм). Сондықтан оларды стадионда, спорт залында және тағы басқа жерде қолдануға болады. Мұндай құралдың бірі оттекті талдағыш ММГ-7, көмірқышқыл газын талдағыш ГУХ-1 болып келеді [6].

Қазіргі заманда оттекті максималды тұтыну көрсеткішін анықтау кең тараған. Осы көрсеткіш организмдегі аэробтық процестердің жалпы көрсеткіші. Оттекті максималды тұтыну дәрежесі сыртқы тыныс жүйесінің функциялық күйіне, өкпенің диффуздық мүмкіндігіне, өкпе қанайналымының жағдайына байланысты.

Оттекті максималды тұтынудың тура әдісі бар. Әдіс оттекті тұтыну мөлшерін жұмыс қуатымен сәйкестендіруді көздейді. Жүрек соғысы жиілігі минутына 170 ретке жеткен жағдайда оттекті максималды тұтыну болатыны тәжірибеде анықталған. Тұтынған оттег мөлшері Астранд ұсынған арнайы номограммамен есептеп шығарылады. Оттекті максималды тұтынуды PWC<sub>170</sub> сынамасы арқылы да табуға болады [7].

Тұжырымдай келе, артериялық қанның оттегпен қанығуын және организм тіндерінің тотықтану–қайта құрылу процестерін қамтамасыз ету сыртқы тыныстың маңызды функциясы екені белгілі болды. Осы сияқты маңызды тыныс көрсеткіштерінің бірі артериялық қанның оттегке қаныққанын оксигеметрия әдісімен анықтауға болады. Ал дене жүктемесі кезінде артериялық қанның оттегке қанығуын зерттеп білу бапкерлерге де, дәрігерлерге де - өте информативті ақпарат, себебі организмнің функциялық күйінің жоғарылағаны, не болмаса нашарлағаны туралы мағлұмат береді, әсіресе сыртқы тыныс жүйесінің жетіспеушілігін көрсетеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бұғыбаева С.М. Адам физиологиясы. - Алматы, ҚазСТА, 2003. – 166 бет
2. Рымжанов К.С. Тыныс физиологиясы.- Алма-Ата: РБК, 1994.- 60 б.
3. Сәтбаева Х.Қ., Нілдібаева Ж.Б., Өтепбергенов Ө.А. Адам физиологиясы.- Алматы, Білім, 1995. – 512 бет
4. Смаил Н.Н. Спорт физиологиясы.- Талдықорған, 2007.- 178бет

5. Потапов И.А., Париев Ө. Спорттық физиологияның негіздері. - Алматы, 1998. – 150бет
6. Дембо А.Г. Спортивная медицина. – М., Физкультура и спорт, 1975. - 363 с.
7. Карпман В.Л., Белоцерковский З.Б., Гудков И.А. Тестирование в спортивной медицине. – М.: Физкультура и спорт, 1988. – 208с.

**ӘОЖ 612.66.591.139**

**ЖАСӨСПІРІМ ҰЛДАР МЕН ҚЫЗДАРДЫҢ ЖҮРЕК-ҚАНТАМЫРЛАР  
ЖҮЙЕСІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ ЖӘНЕ  
ДЕНЕ ЖАТТЫҒУЛАРЫНА БЕЙІМДЕЛУ РЕАКЦИЯЛАРЫНЫҢ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Қалибаева Қ.Қ.**

*I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің магистранты,  
Талдықорған қаласы*

*Мақала жасөспірім ұлдар мен қыздардың жүрек-қантaмырлар жүйесі дене жаттығуларына бейімделу реакцияларымен - жүрек соғысының жиілеуімен, артериялық қысымның көтерілуімен, систолалық және минуттық қан көлемінің артуымен сипатталады. Жасөспірім қыздар мен ұлдар жүрек-қантaмырлар жүйесінің көрсеткіштері мектептегі дене шынықтыру бағдарламасы негізінде жақсарғаны байқалатыны жазылған.*

*Статья посвящена приспособительным реакциям сердечно-сосудистой системы подростков, выразившихся в виде учащения ритма сердечной деятельности, повышения артериального давления, увеличения систолического и минутного объемов крови в ответ на физические упражнения. Обсуждается положительное влияние программы физической подготовки школьников на показатели сердечно-сосудистой системы.*

*The article is devoted to adaptive responses of the cardiovascular system of adolescents, expressed as increased frequency of heart rhythm, high blood pressure, increased systolic and minute volumes of blood in response to physical exercise. Discusses the positive impact of a fitness program for schoolchildren on indexes of the cardiovascular systems.*

***Кілт сөздер:** жасөспірімдер, дене дамуы, жүрек-қантaмырлар жүйесі, артериялық, пульстық қысым, жүрек соғысының жиілігі, систолалық көлем, минуттық көлем, дене жаттығулары, дәрігерлік-педагогикалық бақылау.*

Жасөспірімдер организмi тынымсыз өсіп-даму процесiнiң үстiнде. Өсу мен даму процестерi тығыз байланыста. Өсу дененiң массасы көбейумен сипатталса, даму жаңа сапалардың пайда болуымен сипатталады. Организм дамуы ағзалардың арнайы қызметiн қамтамасыз етедi.

Дене дамуы көрсеткіштерi жасөспірімдерде өзгеріп отырады. Жүрек функциясының дамуын анықтау үшін, оның жұмысының көптеген көрсеткіштерін өлшеу керек. Мысалы, жүрек соғысы жиілігін, артериялық қысымын, айналушы қан көлемін және тағы басқа көрсеткіштерін [1].

Жасөспірім кезені жетілу немесе пубертатты деп аталады. Қыздардың жыныстық жетілу кезені 11-12 жаста, ұлдардың жыныстық жетілу кезені 13-14 жаста басталады. Өсу мен даму процесі бірнеше заңдылықтарға байланысты. Олардың қатарына өсу мен дамудың гетерохрондылығы, жыныстық дамуға тәуелділігі, мүшелер мен жүйелердің биологиялық берiктiгi, тұқым қуалаушылыққа және сыртқы орта жағдайларына тәуелділігі [2].

Жеке адамның дене дамуына баға беру үшін календарлық жас пен қатар биологиялық жасты есептеу қажет. Биологиялық жастың күнтізбелік жаспен сәйкес



келмеуі мүмкін. Биологиялық жас бірқатар көрсеткіштермен бағаланады. Солардың қатарында адамның бой ұзындығы, дене массасы, қаңқасының сүйектенуі, жыныстық жетілуі және тағы басқа болады [3].

Жыныстық жетілу кезеңінің бірқатар морфологиялық-функциялық ерекшеліктері бар. Олар қозу процестерінің басым, ажыратушы тежелулерінің нашар, сезімталдығының жоғары, психикасының тұрақсыздығы, жыныс бездерінің гормональдық белсенділігінің артуы.

Жыныстық айырмашылықтар қыздар мен ұлдардың өсіп-даму қарқыны арқылы білінеді. Жыныстық жетілу кезеңінің алғашқы жылдарында қыздар шапшаң өседі, ал ұлдар осы кезеңнің кейінгі жылдарында тез өсіп-жетіле бастайды.

Жүрек-қантамыр жүйесінің функциясы онтогенездің жедел дамуы кезеңінде ерекшеленеді. Жүрек соғысы жиілігі балаларда жоғары, ал жасөспірімдерде ол сирей бастайды, бірақ жүрек соғысының ырғағы жиі жағдайда тұрақсыз және тітіркендіргіштерге әсерленгіш келеді [4].

Мектеп жасындағы жасөспірім ұлдар мен қыздар денсаулығынан, өсу мен даму процестерінен, жұмыс істей алу қабілеттіліктерінен мағлұматты болу оқытушы-тәрбиелеуші педагогтарға өзекті мәселе. Кешенді профилактикалық медициналық тексерулер, екіншіше орай, тереңдетіле мектеп оқушыларына жүргізілмейді, себебі дәрігерлік-педагогикалық бақылаулар мектептерде ұтымды жолға қойылмаған. Дене тәрбиесі сабақтарының нәтижелері тек педагогикалық көрсеткіштермен ғана бағаланып, морфологиялық-физиологиялық әдістермен сыналмайды.

Жұмысымыздың мақсаты етіп, 14-15 жас арасындағы 10 қыз бен 10 ұлдың жүрек-қантамыр жүйесі көрсеткіштерін, дене жаттығуларына бейімделу реакцияларын зерттеп және оларды бағалауды алдық.

Жүрек-қантамырлар жүйесінің басты көрсеткіштері ретінде жүрек соғысының жиілігі, қанның систолалық, диастолалық, пульстық қысымдары, қанның систолалық және минуттық көлемі алынды.

Артериялық қысым мен жүрек соғысының жиілігі электрондық тонометрмен өлшенді. Пульстық қысым систолалық қысымнан диастолалық қысымды алу жолымен табылды. Қанның систолалық көлемі Старр формуласымен есептелді [5]. Формула кескіні мынадай:  $ҚСК = [(101 + 0,5 \times ПҚ) - (0,6 \times ДҚ)] - 0,6 \times А$ , мұнда: ПҚ – пульстық қысым; ДҚ – диастолалық қысым; А – зерттелушінің жасы. Қанның минуттық көлемі мынадай формуламен табылды:  $ҚМК = ҚСК \times ЖСЖ$ .

Жүрек-қантамырлар жүйесінің дене жүктемелеріне бейімделуін зерттеу үшін С.П.Летунов сынамасында көрсетілген жаттығулар алынды [6].

Біздің зерттеулерімізде жасөспірім қыздардың орта арифметикалық жүрек соғысы жиілігі  $102,0 \pm 1,0$  рет болса, жасөспірім ұлдардың жүрек соғысы жиілігі  $85,2 \pm 3,4$  рет. Қыздардың жүрек соғысы жиілігі ұлдардың жүрек соғысы жиілігінен артық болды.

Жасөспірім қыздардың орта арифметикалық систолалық қан көлемі тыныштық күйде  $66,8 \pm 2,6$  мл болса, ұлдардың орта арифметикалық систолалық қан көлемі  $63,6 \pm 3,3$  мл, ал минуттық қан көлемі қыздарда  $6,7 \pm 1,0$  л, ал ұлдарда  $5,4 \pm 1,6$  л.

Артериялық қысым жүректің қызметтік жағдайын білдіреді. Ересек адамның қалыпты артериялық қысымы 110-120/70-80 мм тең. Артериялық қысымы адамның жасына, жынысына, денсаулығына, жүрегінің жұмысына байланысты.

Балалардың артериялық қысымы әдетте, ересектер қысымына қарағанда, төмен болады. Жасөспірімдердің артериялық қысымы кейде көтеріледі. Мұны жасөспірімдік гипертония деп атайды және жыныстық жетілу кезіндегі нейрогуморальдық әсерлермен байланыстырады [7].

Жасөспірім оқушы қыздардың артериялық қысымы тыныштық күйде орта есеппен 97/57 мм болса, ұлдардың артериялық қысымы орта есеппен 102/57 мм болды,



демек қыздардың систолалық артериялық қысымы ұлдардың систолалық қысымына қарағанда төмен екені көрінді. Ал диастолалық қысымы қыздарда да, ұлдарда да тең болды.

Жүректің жұмысқа бейімделу механизмдері жақсы дамыған, бірақ ондай мүмкіндіктері шексіз емес. Олар шектелген кезде жүректе дертті процестер туа бастайды. Нәтижеде организм ауруға шалдығады, жұмыс істей алатын қабілеті төмендейді, кейбірде өлім туады.

Жасөспірімнің шамасынан артық жүктемелер, ұтымсыз берілген дене жаттығулары жүрек-қантамыр жүйесінде морфологиялық-функциялық ақаулар тұғызуы мүмкін [8].

Жүрек-қантамыр жүйесін тексергенде максималды, минималды және пульстық қысымды айырады. Максималды қысым жүректің сол қарыншасының систоласы кезінде жасалады. Оның деңгейі систола күшіне тәуелді. Минималды қысым жүректің сол қарыншасының диастоласы кезінде жасалады. Оның деңгейі шеткі қантамырлар кедергісіне және артериялық жүйеден қанның таралуы шапшандығына тәуелді. Систола мен қантамырлардың шеткі кедергісі артериялық қысым деңгейін анықтаушы негізгі фактор. Пульстық қысым, максималды қысым мен минималды қысым айырмасы болып келеді де, жүректің соқпалы көлемі туралы мағлұмат береді. Пульстық қысым қанша көп болса, соқпалы көлем сонша көп деп тусіну керек.

Дені сау адамның артериялық қысымы мен жүрек соғысының жиілігі бір бағытта өзгереді. Дене жұмысына максималды қысымының көтерілуі оң реакция саналады. Осы реакцияға сәйкес шеткі артериялар өзектері кеңейеді, нәтижеде қанағымна кедергі азайып, минималды қысым төмендейді. Максималды қысымның көтерілуі, минималды қысымның төмендеуі, шеткі қантамырлар кедергілерінің азаюы, тіндер қанайналымын жақсартады. Пульстық қысымның көтерілгені, жүректің соқпалы көлемінің көбейгеніне нұсқайды. Барлық өзгерістер өзінің бастапқы қалпына 3-5 мин арасында қайтып келеді. Бастапқы қалыпқа қайтып келу уақыты қанша шапшаң болса, жүрек-қантамыр жүйесінің қызметі сонша жақсы деп бағаланады. Осындай реакция нормотониялық деп аталады [9].

Біздің зерттеулеріміз көрсеткендей жасөспірім ұл-қыздардың артериялық қысымы дене жүктемелері қарқынына орай өзгерістер берді. Қысым міндетті түрде көтеріліп, қайта қалыпқа келді. Мысалы, жасөспірім қыздардың артериялық қысымы 20 рет отырып-тұрғаннан кейін 97/57 мм-ден 112/55 мм көтеріліп, үш минутта қалыпқа келді (102/53 мм). 15 сек бір орында шапшаң жүгірістен соң артериялық қысымы орта есеппен 113/54 мм-ге көтерілді. Демалыстың төртінші минутында ол 99/56 мм-ге дейін төмендеп, қалпына толық келді. Бір орында үш минуттік жүгірістен соң артериялық қысым бірінші минутта 113/56 мм болса, қалыпқа келу кезеңінің бесінші минутында 98/57 мм дейін төмендеді. Тұжырымдай айтқанда, жасөспірім қыздардың жүрек-қантамырлар жүйесі дене жүктемелеріне жақсы бейімделгенін көрсетті.

Жасөспірім ұлдардың артериялық қысымы орта есеппен тыныштық күйде 102/57 мм болып, 20 рет отырып-тұру жаттығуларынан кейін көтеріліп және 3 минут демалыста 106/54 мм болды, демек бастапқы деңгейіне жетті. Екінші жаттығудан соң ұлдардың артериялық қысымы алғашқы минутта 117/57 мм болды, ал демалыс кезеңінің 4 минутында 102/60 мм дейін төмендеді, демек осы жаттығудан кейін де бастапқы қалпына келді. Үш минуттық жүгіріс жаттығуларынан соң ұлдардың артериялық қысымы 124/54 мм дейін көтерілсе, демалыс кезеңінің бесінші минутында 101/62 мм-ге дейін төмендеп, қайта қалыпқа келді. Осы деректер жасөспірім ұлдардың да дене жүктемелеріне бейімделуі жақсы екенін көрсетті.

Жүрек соғысы жиілігінің және артериялық қысымның бастапқы қалпына келу уақыты функциялық сынама қарқынына ғана байланысты емес, зерттелушінің дене дайындығына да тәуелді.

Қыздардың пульстық қысымы орта есеппен тыныштық күйде  $39 \pm 0,86$  мм болды. Әрбір орындалған жүктемеден соң пульстық қысым жасөспірімдерде заңды түрде көтерілді және бақылаудың алғашқы минуттарында  $57,0 \pm 0,63$  мм,  $58,0 \pm 0,9$  мм,  $58,0 \pm 0,8$  мм болды.

Ұлдардың пульстық қысымы тыныштық күйде  $40,0 \pm 1,9$  мм болды. Жұмыстан кейінгі бірінші минуттарында  $62,5 \pm 1,6$  мм,  $60,0 \pm 0,02$  мм,  $72,5 \pm 2,8$  мм-ге жетті және байқаудың үшінші-төртінші минутында қалыпты дәрежеге жетті. Ал үшінші жүктеменің бесінші минутында бастапқы дәрежеге жете алмады.

Қорытындылайтын болсақ:

1. Балалар мен жасөспірімдер дене дамуының және жүрек-қантамырлар жүйесінің көрсеткіштерінен жыныстық жетілу кезеңінде мағлұматты болу, дәрігерлік-педагогикалық бақылаудың маңызды мақсаты. Зерттеулер нәтижесі олардың денсаулықтарын сақтау мен нығайтудың кешенді медициналық-биологиялық, педагогикалық-психологиялық шараларды іске асыру үшін қажет.
2. Жүрек-қантамырлар жүйесі қызметінің көрсеткіштері орта есеппен жас шақтарына сай екені белгілі болды. Дегенмен қыздардың жүрек соғысы жиілігі ұлдардың жүрек соғысы жиілігінен, артериялық қысымынан, систолалық және минуттық қан көлемдерінен тыныштық күйде артық. Бұл деректер жасөспірім қыздар жыныстық жетілу процесінің ұлдар жыныстық жетілу процесінен қарқынды екенін байқатады.
3. Жасөспірім ұл-қыздардың жүрек-қантамырлар жүйесі стандарттық дене жаттығуларына типтік өзгерістермен - жүрек соғысының жиілеуімен, артериялық қысымның көтерілуімен, систолалық және минуттық қан көлемінің артуымен сипатталады.
4. Жасөспірім оқушы қыздар мен ұлдар жүрек-қантамырлар жүйесі көрсеткіштерінің жақсарғаны, мектеп бағдарламасы бойынша дене тәрбиесі сабақтарының ұтымды жүргізілуін көрсетеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дүйсембин Қ.З., Алияқбарова З. Жыныстық жетілу, жыныстық тәрбие. - Алматы, 2003. -215б.
2. Дүйсембин Қ.З., Алияқбарова З. Жасқа сай физиология және мектеп гигиенасы. - Алматы, 2007 – 400б .
3. Матюшонок М.Т., Турик Г.Г., Крюкова А.А. Балалар мен жасөспірімдер физиологиясы, гигиенасы. - Алматы, Мектеп, 1986- 218б.
4. Мустафина Т. Спорттық медицина.- Алматы: КазДТМИ, 1997.- 314 б.
5. Жұмабаев С. Жас ерекшелік физиологиясы мен мектеп гигиенасы.- Алматы: РИК, 1996.- 125 с.
1. Карпман В.Л., Белоцерковский З.Б., Гудков И.Л. Тестирование в спортивной медицине. - М., Физкультура и спорт, 1998. -208с.
1. Набидоллина Ш.С. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы.- Астана: Фолиант, 2007. - 280б.
2. Васильева Р.Н. Реакция срочной адаптации сердечно-сосудистой системы у детей и подростков на физические нагрузки разной мощности // Возрастные особенности физиологических систем. - М., 1985. - С.74.
3. Александрова Г.А., Кондратьева О.В. Возрастная анатомия, физиология и гигиена. – Великий Новгород, 2009. – 76с.

УДК 612.7.591.17

## ГРЕК-РИМ КҮРЕСІМЕН ШҰҒЫЛДАНУШЫ СПОРТШЫЛАР ОРГАНИЗІМІНІҢ ДЕНЕ ЖҰМЫСЫН ІСТЕЙ АЛАТЫН ҚАБІЛЕТІ МЕН ФУНКЦИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

Керимбаев Д.Т.

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің магистранты,  
Талдықорған қаласы*

*Мақалада жекпе-жек спорт түрлерінің ішіндегі үйлесімділік пен төзімділікті талап ететін грек-рим күресі шұғылданушы спортшылар организмінің жұмыс атқара алатын қабілеттілігі кәсіптік еңбек өнімділігімен және организмнің функциялық күйінің көрсеткіштерімен бағалануы көрсетілген.*

*В статье рассматривается способность к работе организма, продуктивность профессионального труда и оценка показателей функционального состояния организма спортсменов занимающихся греко-римской борьбой которое среди видов спорта требует гармоничность и толерантность.*

*The article examines the ability of the body to work, productivity of labor and professional assessment of the functional state of sportsmen engaged in Greco-Roman wrestling is among the sports requires harmony and tolerance.*

*Кілт сөздер: спорт, грек-рим күресі, еңбек физиологиясы, жекпе-жек, организм, Гарвардтық степ-тест, қабілеттілік, үйлесімділік, баулан, пульстық қысым, жүктеме.*

Дене жұмысын істей алатын қабілет қандай адамға болмасын қажет қасиет. Бұл қасиет спортшылар мен бапкерлер үшін өзекті мәселе. Дене жұмысын оңтайлы дәрежеде орындай алу - жарыс нәтижесіне әсер етеді.

Организмнің қызметтік қабілеттілігі ұғымы спортта кең қолданылады. Оның біршама анықтамалары белгілі. Солардың бірі мәселені сынаржақты қарастырады, себебі организмнің функциялық күйін және еңбекке қабілеттілігін ескере бермейді. Мысалы, В.П.Загрядский және З.К. Сулимо-Самуйло организмнің қызметтік қабілеттілігін уақыт шеңберінде, белгілі бір тиімділікпен еңбек ете алатын қасиеті ретінде таниды. Авторлар организмнің қызметтік қабілеттілігін немесе адамның жұмыс істей алатын қабілетін кәсіптік еңбек нәтижелерімен бағалаған дұрыс дейді [1]. Тек кәсіптік еңбектің өнімділігін бағалаумен шектелмей, адам организмінің функциялық күйін сипаттайтын көрсеткіштерді де зерттеу маңызды деп түсінген дұрыс.

Еңбек физиологиясында кейбір зерттеушілер адам организмінің қызметтік қабілеттілігін уақыт шекарасында дене және ой жұмысын орындай алатын потенциалдық мүмкіндік дейді [2]. Жұмыс істей алатын қабілеттілік демалыс уақытында спортшының организміндегі қайта құрылу процестермен де сипатталады. Қорыта айтқанда, жұмыс атқара алатын қабілеттілік кәсіптік еңбек өнімділігімен және организмнің функциялық күйінің көрсеткіштерімен бағалануы қажет.

Қызметтік қабілеттіліктің критерийлеріне клиникалық-физиологиялық, биохимиялық, психофизиологиялық көрсеткіштер жатады және олар организмнің жұмыс атқарған кезіндегі функциялық өзгерістерін сипаттайды. Берілген нақты жүктемеге организм реакциясын және жұмыстың физиологиялық бағасы болып көрінеді [3].

Жекпе-жек спорт түрлерінің ішінде грек-рим күресі үйлесімділік пен төзімділікті талап етеді. Спортшының шеберлігі көтерілген сайын функциялық дайындығы да көтеріледі және оны жетілдіруге машықтану барысында көп көңіл бөлінеді. Функциялық дайындықтың көрсеткіштеріне күш, шапшандық, икемділік, төзімділік, иілгіштік сияқты дене қасиеттері жатады [4]. Грек-рим күресінде жоғары және тұрақты нәтижелерге жету үшін балуанның



дене жұмысын орындай алатын қабілеті, функциялық дайындығы мен қимыл-қозғалыс сапалары да жақсы дамуы керек.

Грек-рим күресімен шұғылданушы балуанның дайындығы дене бітімінің қалыптасуымен, денсаулығының нығайтуымен, жекпе-жек техникасы мен тактикасын жетілдірумен қабат жүргізіледі. Оқытушы-машықтандырушы сабақтар барысында айтылған процестердің барлығы бір-бірімен тығыз байланыстырылып отырады және олар өзара тәуелді келеді [5].

Дене сапасының жетілуі екінші бір дене сапасының жетілуін туғызады. Әдетте балуанның қандай қимыл-қозғалыс сапасы басым екенін анық айту қиын, дегенмен күрестің заманауи даму тенденциясын ескерсе, спортшы балуанның күшке төзімділігі жоғары болу керек екендігі айқын.

Жекпе-жекте жоғары белсенділік көрсету үшін қарсыластың өте күшті кедергісін жеңуге тура келеді. Жоғары дәрежеде күш жұмсау, шаршағандық құбылыстың фонында өтеді. Осымен қатар балуан алуан түрлі техникалық-тактикалық амалдар жасайды. Күрестің техникасы мен тактикасын сенімді және тұрақты жасау үшін дене сапаларының зор негізі қалануы керек. Балуандарда дене сапаларының оңтайлы жиынтығы қалыптасады. Солардың ішінде жеке спортшының бір түрлі дене сапасы жақсы дамиды. Мұны назарда ерекше ұстай отыра, жақсы дамыған дене сапасын ары қарай жетілдірген дұрыс [6].

Спортшының дене дайындығын жалпы және арнайы деп қарастырады. Күреске машықтану барысында спортшы алдымен жалпы дене дайындығын жетілдіреді де, екінші кезекте арнайы дене дайындығы жүргізіледі. Осы кезеңде спортшының жұмысқа қабілеттілігі де көтеріледі. Жалпы дене дайындығы барысында балуанның негізінен денсаулығы нығаяды, организмінің функциялық қызметі жақсарады.

Организмінің қызметтік қабілеттілігі көтерілген сайын спортшы жаттықтырушы жүктемелерді жақсы қабылдай бастайды, бейімделеу механизмдері күшейеді, қимыл-қозғалыстары оңтайлы режимге көшеді. Жеке топ бұлшық еттерге әсер беретін жаттығулар арқылы спортшы денесінің «әлсіз» жерлерін нығайтады. Арнайы дене дайындығы қимыл-қозғалыс сапасын, мүшелер мен жүйелерінің функциялық мүмкіндіктерін дамытады [7].

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты болып грек-рим күресімен тұрақты шұғылданушы балуандардың дене жұмысына қабілеттілігін, функциялық дайындығын Гарвардтық степ-тестпен және С.П.Летунов сынамаcымен жүрек-қантамырлар жүйесінің бейімделу мүмкіндіктерін бағалау келді. Гарвардтық степ-тест спортшының дене жұмысын атқара алатын қабілетін бағалауды мүмкін етеді. Степ-тест стандартты жұмыстан кейін бұлшық еттерде қайта құрылу процесін сипаттайды. Басқа сөзбен айтқанда, Гарвардтық степ-тест қайта құрылу процесінің тесті деп те аталады [8].

Бұлшық еттерде қайта құрылу процестері дене жүктемесінен кейін кардиореспираторлық жүйесінің мынадай көрсеткіштері арқылы зерттеледі: жүрек соғысының жиілігі, артериялық қысым, электрокардиограмма, тыныс алу жиілігі. Гарвардтық степ-тесті орындаған кезде спортшылар 0,5 м биіктіктегі басқышқа 5 мин бойы ырғақты түрде түсіп-шығады. Тестің аяғында зерттелуші орындыққа отырып дем алады. Демалыс кезеңінің бір минутынан кейін екінші, үшінші және төртінші минуттары ішінде әрбір 30 сек сайын жүрек соғысы жиілігі саналады. Спортшының дене жұмысын атқара алатын қабілетін Гарвардтық степ-тестің индексі арқылы бағалайды. Гарвардтық степ-тестпен 19-23 жас арасындағы 12 балуанды зерттедік. Олар спорт шеберлері және спорт шеберлігіне үміткерлер.

Тыныштық күйде зерттелуші спортшылар жүрек соғысының жиілігі орта есеппен  $71,1 \pm 1,5$  рет/мин болды және осы жастағы бозбалаларға тән физиологиялық қалыпқа сәйкес келді.

Басқышқа түсіп-шығу жиілігі минутына орта есеппен  $26,0 \pm 2,3$  рет болды. Бұл көрсеткіш әдістемелік тұрғыдан степ-тестің дұрыс орындалғанын көрсетеді. Жүрек-қантамырлар жүйесіне осындай жүктеме ауыр болып келеді. Сондықтан, сынаманы тек қана

жақсы жаттыққан спортшыларға қолдануға болады, ал жаттықпаған адамдарға мұндай сынама ұсынылмайды, ал жасалған күнде өте жоғары сақтық керек.

Спортшылардың атқарған жұмыс қуатының мөлшері орта есеппен  $1281,2 \pm 7,3$  кг/мин. Екінші, үшінші және төртінші минуттарда тіркелген жүрек соғысы жиілігінің орта мөлшері  $67,6 \pm 4,5$ ;  $59,3 \pm 3,7$  және  $56,8 \pm 3,0$  рет/мин. Жүрек соғысы жиілігінің тыныштық күйде және қайта құрылу кезеңіндегі жеке зерттелушілерде 74-78 арасында тербелді. Гарвардтық степ-тест көрсеткіштері мынадай болды: 7 балуанда (58%) бағасы «өте жақсы», 5 балуанда (42%) бағасы «жақсы».

Балуандардың функциялық дайындығын бағалау үшін С.П.Летуновтың стандартты сынамасы қолданылды. Зерттеулер көрсеткіндей, максималды артериялық қысым көрсеткіші орта есеппен  $116,4 \pm 3,0$ , минималды көрсеткіші  $71,2 \pm 3,0$  мм болды. Осы жастағы бозбалалар артериялық қысымы 110/70–120/80 мм деп алынса, зерттелуші спортшылардың қысымы қалыпқа сай келді.

Жиырма рет отырып-тұру жүктемесін жасағаннан кейінгі бірінші минутта жүрек соғысының жиілігі орта есеппен  $80,8 \pm 1,3$ -тен  $99,2 \pm 1,6$  ретке дейін жиіледі ( $P < 0,001$ ). Қайта қалыпқа келу кезеңінің екінші және үшінші минутында жүрек соғысының жиілігі  $85,5 \pm 1,2$  және  $84,9 \pm 1,2$  рет құрады.

Екінші жүктемеден кейінгі жүрек соғысы жиілігі бірінші минутта  $107,9 \pm 1,9$ , екінші минутта  $94,2 \pm 0,9$ , үшінші минутта  $91,5 \pm 4,8$ , төртінші минутта  $87,9 \pm 0,6$  рет болды. Статистикалық талдау көрсеткіндей, жүрек соғысы жиілігі төртінші минутта толық қалыпқа келмеді.

Үшінші жүктеме ауыр, себебі 3 минут бойы бір орында 180 адым жиілігімен жүгіруді көздеп, төзімділікті талап етеді. Мұндай жүктемеде жүрек-қантамырлар реакциясы елеулі болатыны анық. Жұмыстан кейінгі бірінші минутта жүрек соғысы жиілігі  $131,7 \pm 1,7$  дейін көтерілді. Кейінгі 5 минут демалыста жүрек соғысы жиілігі сирей келе  $99,6 \pm 0,8$  келіп тоқтады. Бұл тыныштық күйдегі дәрежеден жоғары. Деректер жүрек соғысы жиілігінің 5 минуттан соң да қалпына келе алмағанын көрсетеді. Бұл грек-рим күресі спортшылар жүрек-қантамырларының төзімділікті талап ететін жұмыстарға бейімділігі әлі де болса төмен екенін көрсетеді.

Балуандардың тыныштық күйдегі систолалық қысымы орта есеппен  $116,4 \pm 3,0$ , диастолалық қысымы  $71,2 \pm 2,0$  мм болды. Бірінші жүктемеден кейін систолалық қысым бірінші минутта  $128,6 \pm 1,2$ , екінші минутта  $124,1 \pm 1,1$ , үшінші минутта –  $120,2 \pm 0,8$  мм. Диастолалық қысым алғашқы минуттан бастап төмендей, үшінші минутта  $60,2 \pm 0,7$  жетті.

Систолалық қысымның жоғарылауы, ал диастолалық қысымның төмендеуі он құбылыс саналады. Бұл жүрек жұмысы күшейген кезде қантамырларының өзектері ашылып, шеткі кедергілердің азайғанын көрсетеді және жүйкелік-гуморальдық бейімділік процесі болып саналады. Пульстық қысым систолалық қысым мен диастолалық қысым айырмасы.

Балуандардың пульстық қысымы тыныштық күйде  $64,2 \pm 2,2$  мм болды және жұмыстан кейін ол көтерілді. Пульстық қысымның көтерілуі балуандардың машықтығы жоғары екенін байқатады.

Тыныштық күйде систолалық қан көлемінің қалыпты мөлшері дені сау ересек адамдарда 70-80 мл. Дене жұмысын атқара бастаған кезде систолалық қан көлемі көтеріледі, себебі жүректің сол жақ қарыншасының сиымдылығы мен жиырылу күші көбейеді. Жүрек дене жұмысына қанша бейімделген болса, систолалық қан көлемі сонша көп болады, нәтижеде бұлшық еттердің қанмен қамтамасыз етілуі жақсарады және олардың жұмыс атқара алатын қабілеті көтеріледі [9].

Біз систолалық қан көлемін Старр формуласымен есептеп шығардық. Балуандардың систолалық қан көлемі тыныштық күйде орта есеппен  $84,0 \pm 2,8$  мл болды. Жиырма рет отырып-тұру жұмысы балуандардың систолалық көлемін бірінші-үшінші минутта шамалы көтерді ( $86,5 \pm 2,9$  және  $89,7 \pm 3,7$ ).

Екінші жүктемеден кейінгі екінші минутта систолалық қан көлемі орта есеппен  $94,2 \pm 3,1$  мл, минуттық қан көлемі  $7,0 \pm 1,1$  л болды. Осы деректер балуандардың анаэробтық-аэробтық жұмысқа бейімділігін көрсетті.

Тұжырымдай келе, грек-рим күресінде жоғары нәтижелерге жету үшін балуанның дене жұмысын атқара алатын қабілеттілігінің маңызы зор. Организмнің қызметтік қабілеттілігі мен функциялық дайындығы жүрек- қантамырлар жүйесінің қызметіне байланысты.

Балуандардың Гарвадтық степ-тест индексі орта есеппен  $92,3 \pm 1,3$  болды. Осы индекс спортшылар организмінің қызметтік қабілеттілігі «өте жақсы» (58%) және «жақсы» (42%) екенін көрсетті. Жеке организм қызметтік қабілеттілігі және функциялық дайындығы әрқалай болды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Загрядский В.П., Сулимо-Самуйлло З.К. Методы исследования в физиологии труда. - Л.: Наука, 1983. - 131 с.
2. Сәтбаева Х.Қ., Нілдібаева Ж.Б., Өтепбергенов Ө.А. Адам физиологиясы. - Алматы, Білім, 1995
3. Мустафина Т.К. Спорттық медицина. - Алматы, 1997
4. Турлыханов Д.Б. Совершенствование системы подготовки высококвалифицированных борцов греко-римского стиля//Автореферат на соискание ученой степени канд.пед.наук – Алматы, 1999
5. Дахновский В.С. Особенности построения процесса тренировки юных борцов греко-римского стиля//Физическая культура: воспитание, образование, тренировка. – № 2. – 2006. – С. 2-7.
6. Ланда Б. Х. Методика комплексной оценки физического развития и физической подготовленности. 4-е изд. испр. и доп. М.: Советский спорт, 2008
7. Коц Я.М. Спортивная физиология. – М.: Физкультура и спорт, 1986. – 238с.
8. Карпман В.Л., Белоцерковский З.Б., Гудков И.А. Тестирование в спортивной медицине. – М.: Физкультура и спорт, 1988. – 208с.
9. Чернышев Г.Ф., Дахновский В.С. Исследование интенсивности основных тренировочных средств борцов//Спортивная борьба. – М.: Физическая культура и спорт. – 1994, с. 43-48

**УДК 781**

### **ИЗ ИСТОРИИ ПОДГОТОВКИ НАЦИОНАЛЬНЫХ КАДРОВ: КАЗАХСКАЯ ОПЕРНАЯ СТУДИЯ ПРИ МОСКОВСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОЙ КОНСЕРВАТОРИИ (1935-1940)**

**Мосиенко Д.М.**

*Аспирант Федерального государственного бюджетного образовательного учреждения высшего профессионального образования «Российская академия музыки имени Гнесиных», 121069, Москва, Поварская ул., 30/36*

*Преподаватель Казахского национального университета искусств  
Астана, Тәуілсіздік, 50.*

*E-mail: [dinamosienko@mail.ru](mailto:dinamosienko@mail.ru)*

*Мақалада Қазақ ұлттық опера студиясы қызметі процесіне анализ мысалдары келтірілген. Кәсіби музыканттарды дайындауға байланысты музыкалық өнердің кейбір проблемаларын шешуге бағытталған ұсыныстар жайлы айтылған.*



*В статье приведены примеры анализа процессов деятельности Национальной Казахской оперной студии которое позволяет раскрыть некоторые проблемы музыкального искусства, связанные с подготовкой профессиональных музыкантов.*

*The article gives examples of process analysis activities Kazakh National Opera Studio that allows you to uncover some of the problems of musical art, related to the preparation of professional musicians.*

**Ключевые слова:** подготовка национальных кадров, оперная студия, государственная консерватория, музыкальное искусство, вокальное мастерство.

В 30-е годы XX столетия в национальных республиках советской страны была поставлена задача создания новой модели культуры. Принципы национальной культурной политики зиждились на обеспечении единства многонационального государства. Создание оперы («национальной по форме и социалистической по содержанию») рассматривалось, как важнейший показатель развитости музыкального искусства в советских республиках: «главнейшие произведения «нового музыкального Востока» тянутся к опере, как жанру, в котором в любую реформистскую эпоху наиболее остро проявляется борьба за современные живые интонации, музыкальные и речевые, ибо опера всегда «в курсе» интонационно-общественных кризисных сдвигов», - писал Б. Асафьев [цит. по: 1, с. 3]. В центре сложных преобразований находилась и казахская музыкальная культура.

С целью создания школы для оперных театров «восточных» республик организовывались национальные отделения при Московской консерватории. Так, в 1934 году была открыта Татарская оперная студия, годом позже – в 1935-м – открылась Казахская оперная студия.

Казахская оперная студия (позже переименованная в Казахское национальное отделение при МГК), до настоящего времени не являлась объектом специального исследования: краткие сведения о студии содержатся в монографии «Муқан Тулебаев» Н.С. Кетегеновой [5] и в воспоминаниях «Пять тетрадей» Е. Брусиловского [4]. Автором статьи проработан комплекс документальных материалов, рассредоточенных в архивах Казахстана (дела Наркомпроса и Управления по делам искусств республики Казахстан (фонды №№ 81 и 1242, Государственный центральный архив РК) и России (личные дела студентов Казахского отделения, архив МГК).

Анализ процессов деятельности национальной студии позволяет раскрыть некоторые проблемы музыкального искусства 30-х годов, связанные с подготовкой профессиональных музыкантов; открыть новые дополнительные факты в освещении механизма взаимоотношений «власть – культура», выявить особенные черты её функционирования в системе командно-административного управления.

Казахская оперная студия (как и Татарская, Башкирская, Узбекская, Туркменская оперные студии), представляла собой новую модель образования. Юридически и финансово эта учебная организация находилась на первых порах в ведении Наркомпроса, а затем Управления по делам искусств республики Казахстан. Учебная деятельность студии осуществлялась профессорско-преподавательским составом Московской консерватории.

К организации национального отделения при консерватории относится следующий приказ:

«Приказ № 901 по Народному Комиссариату Просвещения КАССР  
«11 декабря» 1935 года

§ I.

Назначить директором казахской оперной студии при московской консерватории тов. КАРМАНОВА Никиту Давыдовича, установив ему оклад 500 рублей в месяц

§ 2.

Обязанность распределителя кредита по казахской оперной студии также возложить на тов. Карманова Н.Д.

Наркомпрос КАССР /Жургенев/» [8].

Студентов для оперной студии искали по всем областям республики, но, в первую очередь, на музыкальное отделение направляли учащихся других московских учебных заведений, в частности, театральных:

«Москва

Малокисловский 4 Театральный институт

ФУРМАНОВОЙ

Учитывая хорошие голосовые данные студенток драмстудии Абдулхадировой Уразовой прошу дать перевод им нашу оперную студию

Жургенев

«20» декабря 1935 г. г. Алма-Ата Наркомпрос, Ленина 49» [9].

Первый набор 1936 года включал 20 человек, в основном вокалистов. Однако «диапазон» специальностей студии к 1939 году немного расширился: на 47 обучающихся приходилось 34 вокалиста, 6 композиторов, 5 дирижеров и 2 теоретика.

Поиск музыкальных талантов для обучения в оперной студии проводился по всем десяти областям Казахстана. Руководством было принято решение, что из каждой области (за исключением Алматинской) к прослушиванию специальной комиссией будет допущено два человека, из Алматинской области допускались все желающие. Осуществляя набор, Совнарком Казахстана учитывал мнение профессорско-преподавательского состава студии при МГК. Так, в переписке с членами правления национального отделения консерватории было выяснено, что в студии «Среди наличного состава студентов имеется всего один бас и совершенно нет меццо-сопрано, поэтому при организации нового набора крайне желательно пополнить Каз. оперное отделение прежде всего за счёт низких голосов» [10].

Мнение профессоров было учтено при проведении набора на 1939-1940 учебный год, о чём свидетельствует следующий документ (этот документ обращает на себя внимание довольно внушительной «помпезно-официозной» социалистической преамбулой, не столь свойственной для чётких и лаконичных, как правило, постановлений):

«УПРАВЛЕНИЕ по Делах Искусств при Совнаркомме от 25/VI 1939

Всем областям

ОБЛИСПОЛКОМ – ОТДЕЛ ПО ДЕЛАМ ИСКУССТВ, ОБКОМ ЛКСМК.

В результате осуществления Ленинско-Сталинской национальной политики в Казахстане, как и в других братских республиках Советского Союза, получила могучий расцвет национальная по форме, социалистическая по содержанию культура.

Казахстан под руководством партии большевиков из отсталой, угнетенной колонии царской России беспощадно эксплуатировавшейся помещиками, капиталистами, баями, феодалами и муллами вырос в передовую свободную Советскую Социалистическую Республику.

Победа социализма в СССР привела к могучему расцвету промышленности, сельского хозяйства, военной экономии Казахской ССР, эта победа обеспечила неожиданный расцвет науки, просвещения, литературы, искусства.

Из года в год растет благосостояние казахского народа. Растут его культурные запросы. Удовлетворение всех этих вопросов во многом зависит от своевременной подготовки кадров для всех отраслей нашего культурного строительства.

При Московской Государственной Консерватории существует оперная студия, сроком обучения 5 лет.

На 1939/40 учебный год в указанной студии имеется 21 свободных вакансии. Для заполнения означенных мест Управление по делам Искусств при СНК КССР и ЦК ЛКСМК предлагает Вам произвести отбор людей с хорошими голосами в Вашей области в возрасте от 17 до 30 лет. Отбор должен быть произведён до 5 августа 1939 г., после чего отобранные лица с заключением отборочной комиссии, должны быть направлены в г. Алма-Ата. Управление Искусств, отдел кадров для участия в конкурсе с 13/VIII по 18/VIII-39 г. на предмет отправления на учебу в казахскую оперную студию при Московской Гос. Консерватории.

При отборе лиц для участия в конкурсе Комитет предлагает руководствоваться следующим:

1. Отобрать только низкие мужские и женские голоса (басы, баритон, меццо-сопрано).
2. Наличие хорошего музыкального слуха и ритма.
3. Образование не менее 7 классов школы.

Вашей области предоставляется не более 2-х мест в каз. оперной студии при М.Г.К.

Лица, отправляющиеся на учёбу, обеспечиваются ж.д. билетом до г. Москвы, стипендией и общежитием.

Расходы, связанные с отправкой отобранных Вами лиц, в гор. Алма-Ата и обратно для участия в конкурсе, оплачиваются Облуправлением по делам Искусств за счёт Управления по делам Искусств при СНК Каз.ССР по курсовым мероприятиям.

Секретарь ЦК ЛКСМК (Мамбетов)

Врид. Нач. Управления по делам Искусств при СНК Каз.ССР (Мелешко)» [10].

В Алма-Ате дальнейший отбор осуществлялся так называемой приёмочной комиссией, в состав которой входили признанные музыканты – композиторы (Брусиловский, Ерзакович), вокалисты (Коржевин, Гильберт, Леонтьева и др.), преподаватели музыкальной школы и музыкального училища (Лазарева, Крыглыхин).

Число учащихся для обучения в студии МГК из года в год менялось – в 1939 году, по сравнению с 1936-м, количество уменьшилось практически в два раза: с 20 человек до 11. Заметим, что в Казахское отделение отправлялись не только представители коренной национальности республики. Согласно отчёту приёмочной комиссии 1939 года, в Москву было направлено 7 казахов, 2 уйгура, 1 татарка и 1 кореец. Предположим, что руководство учитывало многонациональность Казахстана, а также и то, что в столице, помимо Казахского театра, с 1934 года функционировали первый (и единственный по сей день) профессиональный театр уйгур – Уйгурский театр драмы, а с 1937 – Корейский театр музыкальной комедии.

